«Әулие» Владимирдің (*Владимир Святославич*. — Б.Қ.) тұсында, X ғ. басында, орыс пен славянин бірігіп кетті деген пайымдаудың қате екенін айтқымыз келеді. Жоғарыдағы мәтіннен орыстар мен славянин, әлі де болса, бөлек халықтардың өкілі екендігі айқын байқалады. Оның есесіне русьтер (немесе орыстар) мен хазарлардың арасы алғашқыда тату-тәтті болған. Парсы дерегі «Русь» пен Хазар бір әке, бір шешеден туған. Русь өскен соң, оған ұнаған жер болмаған соң Хазарға хат жазып, оның елінің бір бөлігін беруін және өзінің сонда қоныстанатыны туралы айтады. Сосын Русь Неаполь Скифский деп аталатын Симферопольдің қасындағы Қырымға орналасады. Осы деректерге үңілсек, «Русь» тайпасының Шығыс Еуропада мекендеген көне «варвар» тайпасы болғанын, олардың Болгар (Кама) жағында, «Сакалиба» арасында, Еділ өзенінде тұрғанын, «Куябаның», мүмкін, Киевтің Русьтердің қаласы емес екендігін түсінуге болады. Осы мәтіндегі «Сакалиба» жөніндегі талас ұзақ уақытқа созылған. Кейбір авторлар оларды түркі тілдес-буртас жерінде тұратын түркі-финнің қоспасы деп санаса, ортағасырлық әл-Куфи бұл «Сакалиба» деген ұғымға Шығыс Еуропадағы барлық «кәпірлерді» кіргізеді. Ал Хорезми 836–847 жж. «Германия Сакалибаның елі» деп жазыпты. Әл-Масуди Сакалибаға «немістер мен түріктерді» (венгрлерді)

кіргізіпті. Әрине, славяндар да сатылатын құлдардың қатарында болған. Бірақ әл-Масуди славяндарды «воляндыр» деп атап, славяндар мен сакалибаның бір ұғым емес екендігін дәлелдейді [5; 137].

А.П.Новосельцев Киев қаласы ол кезде волян славяндарын — дулебтердің қарамағында болуы мүмкін, ал олардың патшасы — Дир болуы ықтимал деген жорамал жасайды. Осыдан ол «русьтердің аралы», дұрысында — елі, Шығыс Еуропаның солтүстік бөлігінде орналасқан деп қорытынды жасайды. Кейінірек Киевті алдымен Аскольд, сосын Олег жаулап алды дегенді де айтады. IX ғасырда русь пен славяндардың ешқандай ұқсастығы да болмаған. Тіпті олар қатар өмір сүрмеген. Олардың арасында немесе Балтық теңізі немесе түркі тайпалары (*Солтүстік Қара теңіз жағалауы*. — Б.Қ.) орналасқан. Бұлай дейтініміз, 370 жылы ғұндардан жеңілген русьтердің Тьмутараканьда тұрып қалған, готтардың бір бөлігі дейтіндер де бар. Олардың Қырымға Дон-Донец аралынан келгені, Сурожда (Судак) жеткенше Қырымның жағалауларын, Корсунь (Херсонес) мен Керчке дейінгі жерді тонағанын, әсіресе шіркеулерге көп зиян келтіргенін Сурожда (Судакта) русьтің көсемінің шоқынып, сосын тартып алған олжаларын шіркеулерге қайтарғанын Г.В.Вернадский айтқан болатын. Русь тайпалары сан жағынан шамалы, бірақ та жігерлі, батыл, кейде көпес, кейде теңіз қарақшылары болып та суреттеледі. Қай жақтан да алып қарамасаңда орыстардың әйтеуір гот тайпасынан шығатыны анық. Русь тайпаларының жыртылған жері болмайды, славяндардан тартып алынған азық-түлікпен қоректенеді деп жазыпты X ғасырдың I-жартысында өмір сүрген шығыс ғалымы Ибн-Рус [5; 140–143].

Русь тайпаларын ортағасырдағы Византия және Еуропа географтары жақсы білген, ал славяндарды оларға түсіндіру қажет болыпты. Басқа деректерде, арабтар мен византиялықтар оңтүстік-шығыста тұратын бір-біріне мүлдем ұқсамайтын екі халықты біліпті: біреуі — славяндар оларды византиялықтар анттар деп атайды, екіншісі — русьтар. Соның ішінде арабтар мен византиялықтар славяндардан гөрі русьтарды жақынырақ біледі екен. Олардың суреттеуінше русьтар — теңізде жүзетін халық және өте-мөте пысық: өз кемелерімен тонау мақсатымен біресе Кіші Азия жағалауларына, біресе Константинопольге, тіпті, ең ақырында Каспий жағалауларына да барады. Сонымен қатар бұл халық — саудагерлер, көбінесе құлдар мен аң терісін сататын халық. Русьтарды, оларға жеткен хабар бойынша, қаған титулы бар адам басқарады екен, хазарлардың да билеушісін де — қаған деп атайтыны белгілі. Бірақ осы теңізде жүзетін, демек, теңіз бойында тұратын Русь қай жерде мекендеген екен? Мүмкін, Қара теңіз жағалауында мекендеген шығар, оны бостан-бос сол кезде Орыс теңізі деп атамады ғой?! Нақты қай жерде орналасқан екен? Алғашқы орыс жылнамасы жиі-жиі және жұмбақ түрде былай деп жазады: «Бір жер бар, нақ, осы жерде, нақты белгілі болғандай, готтардың, византиялықтар айтатын, тераксит, немесе тмектрасита (Таматарка, Тьмутаракань), деп аталған қалдықтары уақытында кідіріп қалып қалған көрінеді».

Ол жөнінде араб жазушысы Ибн-Русь былай деп жазыпты: «Русь көл қоршаған аралда тұрады. Оның көлемі орман мен балшықтардан тұрады, үш күндік жерге тең келеді». Шамасы, осы суреттеуге Тамань жарты аралы дәл келеді. Қалай болса да, IX ғ. ортасында хазарлардың шешімі бойынша Константинопольге шабуыл жасаған Русь Балтық немесе Варяг теңізінде емес, Қара теңіз немесе Орыс теңізінде болуы әбден ықтимал. Константин Багрянородныйдың айтуынша, сол кезде, тіпті кейініректе, Русь тайпалары славяндар арасында тұрғанда да өз тілінде сөйлеген. Император Днепр табалдырықтарының аттарын екі тілде (славян және «орыс», яғни герман тілінде) келтіреді. Гректер, Олег пен Игорь қол қойған елшілермен қонақтардың аты бүтіндей немісше естіледі, әрине, олар славян емес еді, олар «русь руынан еді»: Карл, Фарлаф, Рулав, Роалд, Игельд, Либпарь» [6; 34,35].

Не дегенмен де, Русь терминімен «Руг» деген терминді византиялықтар шатыстырып алған да кездері болған. Мәселен, 959 ж. епископ Адальберт, Ольганы ругтердің королевасы, ал Англияның принці Эдуард (989–1017 жж.) Ярослав Мудрыйды «Руссия деп атайтын, руг жерінің королі» деп атапты [12].

Мұндағы «ругтар» кім? II–V ғасырлардағы готтарға қарсы соғысқан тайпалар екендігі ғана белгілі екен. Осыдан олардың германдық емес, готтарға қарсы тұрған «солтүстік иллириецтер» болуы мүмкін [13].

IX–X ғғ. өмір сүрген авторлар русь пен славяндардың екі түрлі этнос екендігін хабарлаған. Русь тайпаларының славяндардың дұшпаны, хазарлардың вассалдары және варягтардың достары ретінде суреттеген. Сонымен қатар скандинавиялық варягтарды жергілікті русьтермен теңестіру, ұқсатуға негіз жоқ. Бірақ орыс мемлекеттігінің шығуына бір-біріне жақын, туыс екі элементтердің қатысқанын айту қажет. Қара теңіз жанындағы русь пен скандинавиялық нормандар (варягтар) араларындағы

болған қақтығысуларды орыс жылнамалары хабарлайды. Мәселен, варягтардың көсемі Хельге (*Олег. — Б.Қ.*) Киевке келіп, сол жерде билік еткен славян князьдерін Аскольд пен Дирді өлтіріп, билікті өз қолына алып, Киевте варягтардың үстемдігіне қол жеткізеді. Сөйтіп, Рюрик әулеті Киев қаласында өз билігін орнатады. Бұл бір вариант. Екінші вариантта Аскольд пен Дир славян князьдері емес, уақытында викинг Рюриктің (Константинопольге әлде жорыққа, әлде елшілікке жіберген) өзі жіберген воеводалары, жалдамалы әскерлері (варягтары) болыпты, Киевке келіп, өз биліктерін орнатқан екен. Осы суреттерде Русь пен варягтарды бір этнос ретінде біріктіріп жіберу бар.

Ең анығы, біріншіден, «Русь» солтүстік-германдық тайпаларға жатады, ал екіншіден, ол Киевке халық немесе тайпа ретінде емес, жасақшылар мен жалдамалы топ (шайка) ретінде келді деген кейбір авторлардың көзқарастары да бар. Русь санымен күшті болмады, саны көп болса, олар аз уақыт ішінде өздерінің ұлттық ерекшеліктерін, тілін және тұрмысын жоғалтып, славян элементтеріне сіңісіп кетпес еді. Русь әскер және сауда саласындағы тәжірибесімен, әскери ұйыммен, теңіз және Балтық жағалауындағы варягтармен туыстық байланысымен ерекшеленеді. Сөйтіп, ат төбеліндей, аздаған келімсектер тоғыз жолдың торабы, Днепрдің ортаңғы ағысында орналасқан Киев қаласы арқылы, жергілікті адамдарға (*туземецтерге. — Б.Қ.*), соның ішінде славян, угро-финн т.б. тайпаларға өз үстемдігін орнатып, билігін Днепр және оның құйылыстарында орналасқан тайпаларға оңай таратты деп айтуға әбден болады. Оның үстіне солтүстік-батыс славяндар тұрғысында келімсектердің табысының нәтижелі болуына жергілікті славян, угро-финн тайпаларының жағдайы да себеп болды. Шығыстан оларға өздерінің қанатын, Еділ өзенінен, Дон бойынан Днепрге дейінгі зор аймаққа кең жайған мықты түркі тілдес хазар тайпалары қауіп төндіріп тұрды [14].

Ол кезде хазарлар ең мықты, дамуы, қабілеті жағынан басқа славян тайпаларынан, ілгері тұрған поляндардан, радимичтерден, северяндардан, вятичтерден (*егіс өнімімен, аң терісін, бал т.б. өнімдерден. — Б.Қ.*) алым-салық ретінде алып тұрған болатын.

Билік басына келген варягтар (русь тайпаларымен бірге) тек хазарлар жағынан төнген қауіпті ғана жойған жоқ, сондай-ақ көршілес жатқан славян және угро-финн тайпалары территориясы тұрғысынан орыс мемлекетінің шекарасын кеңейтуді де ойлайды. Жаңадан құрылып тарихи сахнаға шыққан орыс мемлекетіне жалғыз хазарлар жағынан ғана қауіп төнген жоқ. Мадьяр, печенег, торкі, қара бөріктілер және басқа да үлкенді-кішілі түркі тайпаларынан төнген қауіп орыс мемлекетінің тағдырының қалай болатынын күн тәртібіне қойды. Керісінше, X ғ. таман жеңіске қол жеткізген орыстар мен Киев және Новгород славяндары арасында қарқынды қан араласуы (метисация) болып, сонымен бірге сан жағынан едәуір көп славяндардың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі мен тілі салтанат құрды. Олай болса, ертеортағасырлық Орыс мемлекеті, түпкі нәтижесіне, славяндық болды деп айтуға болады. Киев Русі, орыстардың атын және Рюрик әулетін алады, бұл әулет 882–1598 жылға дейін Иван IV баласы, Федор Иванович, өлгенге дейін өмір сүреді.

Алғашқы жүзжылдықта этноним «Русь» мемлекетінің және сол мемлекетті құрған, негізгі халықтың атына айналады. Осыдан 100 жыл бұрын атақты орыс тарихшысы В.О.Ключевский «Русь» термині жөнінде: «Әлі күнге дейін осы құпия сөздің не шығу тарихы, не этимологиялық мәні қанағаттанарлық түсіндірілмеді» деген екен [15].

Бүгінде «Русь» терминінің шығуы туралы мәселе ақырына дейін шешілген жоқ. Ұзақ уақыт тарихнамада «Русь» терминінің шығуына байланысты бірі «сырттық импульс» (норманн), екіншісі автохондық (славяндық) бағытқа бейімделген екі көзқарас орын алды.

«Повесть временных лет» жылнамалар жинағында шығыс славяндарда мемлекеттің шығуының варяг (*Новгородтың. — Б.Қ.*) концепциясымен қатар, славяндық (*Киевтік. — Б.Қ.*) концепциясы да әңгіме болады. Нестордың («*Повесть временных лет*» жылнамалар жинағының авторы. — Б.Қ.) варягтардың кезеңіне дейінгі дәуірді қамтитын әңгімесінде славяндардан шыққан ағайынды үш адам: Кий, Щек және Хорив жөнінде мәлімет келтіріледі. Жылнамашының айтуынша, ағайындылардың үлкені Кий, кейбіреулер ойлайтындай Днепрден кісілер таситын ескекші емес, Царьградқа (*Константинопольге. — Б.Қ.*) жорықпен барған славян князі ретінде суреттеледі. Кий князьдердің славян әулетінің негізін салушы, ал Киев полян тайпа бірлестігінің әкімшілік орталығы ретінде бейнеленеді [6; 65].

Византия, араб деректерінде «Русь» термині тек IX ғ. айтыла бастаған. Сондай-ақ славяндар туралы мәліметтер грек-латын әлемінде кейініректе пайда болған. Венедтер туралы Римде тек б.з. I ғ. айтылады немесе жазылады (Плиний, Тацит); грек және латын деректерінде славян аты тек VI ғ. белгілі болады.

Византия деректері VII ғасырдан бастап аттары аталмайтын анты тайпаларынан басқа шығыс славяндардың ертеортағасырлық этнонимдерін білмеген, тек X ғ. ортасында Константин Багрянородный олардың біразының тізімін береді [16].

Славяндар туралы мәліметтердің тым аз болуын Византия мен шығыс славяндардың арасындағы саяси байланыстардың болмауымен, сауда байланыстарының дамымағанымен, сондай-ақ, ең бастысы, Византия мен шығыс славяндар арасында, Солтүстік Қара теңіз жағаларында күдіретті көшпелі: хазар, авар, печенег, оғыз тайпаларының кең орналасуымен түсіндіруге болады. Сондықтан да византия және араб деректерінде «Славян» және «Русь» терминдерінің тым кеш белгілі болуына таңғалуға болмайды. Днепрдің құйылысы — Рось өзенімен байланыстырып, оның бассейнінде русь (орыс) этносының тайпалық орталығын — поляндар мекендеді дегенде көзқарас бар. Бірақ та лингвистер «Русь» терминінің «Росьтен» шыққанын жоққа шығарады. Олардың дәлелдеуінше, орыс тілінің даму тарихында сөйлемдегі сөздердің дағдылы тәртібін өзгеру, алмастыру (инверсия) мүмкін емес көрінеді.

Кейбір тарихи әдебиеттерде, сондай-ақ академик Б.А.Рыбаков қолдайтын, Русь — бұл славян тайпаларының бірі деген версияны да кездестіруге болады. Тіл мамандарының кейбіреуінің айтуынша, «Русь» термині оңтүстікке солтүстіктен келген. Олардың пайымдауынша, этимологиялық жағынан бұл термин финдердің шведтерді Ruotsi деп атағанынан шыққан. «Русь» финн сөзі «Ruotsi» деп шықса, ол өз кезегімен шведтің «Roods» («ескекшілер») сөзінен шыққан деген «нормандар» мен «антинорманистердің» нәтижесіз таластары «Русь» терминінің шығуы туралы мәселеге мүлдем ғылыми сипаты жоқ түсініктерді енгізу өзінің белгісін қалдырады. Бұл ұғымда таза славянизмді көруге тырысу XVIII–XIX ғғ. ғылыми ортада болса, ол түсінікті еді, бірақ та қазіргі кезеңде этникалық «Русь» терминін әуел бастан ежелгі славяндық деп жобалау (априорлық) негізсіз жобалау, негіздеу болып табылады. Себебі осы гипотезаны дәлелдейтін бірде-бір дерек өмірде жоқ тайпалардың, халықтардың, өзінің атын сырттан, көршілерінен алатыны тарихта көптеп кездеседі, мұның ұлттық намысты қорлайтындай түгі жоқ.

Киев дәуірінде «Русь» алғашқыда әулеттік ат болады, кейіннен бұл термин славян, чуд және варяг элементтерінен тұратын жоғарғы билеуші таптарға тарайды. Тек XII ғасырда ғана русьтер мен славяндар түпкілікті бірігіп кетеді де бір этносты — орыстарды құрады деп қорытынды жасауға болады. Осы кезде варягтардың «Рюрик» әулеті, шамасы славянданып кетеді де, «Русь» термині этникалық атқа, этнонимге айналады. Сонымен қатар «Русь» термині территориялық бөлік ретінде де қолданыла бастайды. Егер де IX ғ. аяғында Русь Днепрдің оң жағалауындағы кішкене ғана орталығы Киев және оңтүстіктегі шекарасы Рось өзенімен шектелетін территорияны иемденген болса, XII ғ. «Русь» ұғымы оңтүстік-орыс жері деп аталатын территорияны біріктіреді. Сол кезде Русь жөнінде мемлекет ретінде көзқарастар қалыптаса бастайды.

Русьте де, мәселен, Францияда болған жағдай қайталанады. Онда алғашқыда «франк» деген этникалық атты кішкентай ғана Иль-де-Франс облысы («Франк аралы») алды, ол кейін дамып келе жатқан Францияның орталық ядросына айналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Йордан*. О происхождении и деяниях готв. Комментарий. — М.: АН СССР, 1960. — С. 17–78.
- 2 *Прокопий Кесарийский*. Война с готами / Пер. с греч. С.П.Кондратьева. — СПб.: Алетей, 2001. — С. 37.
- 3 *Манкиев А.И.* Ядро Российской истории. — М.: Сенатская типография, 1784. — 392 с.
- 4 *Рыбаков Б.А.* Древняя Русь. Сказания, былины, летописи. — М.: Изд-во АН СССР, 1963. — С. 3.
- 5 *Новосельцев А.П.* Восточные источники о восточных славянах и Руси VI–IX вв. // Древнее русское государство и его международное значение. — М.: Наука, 1965. — 931 с.
- 6 *Повесть временных лет* / Под ред. А.А.Шахматова. — Ч. 1. — М.: Изд-во АН СССР, 1950. — 555 с.
- 7 *Рыбаков Б.А.* Мир истории. Начальные века русской истории. — М.: Молодая гвардия, 1984. — С. 36, 37.
- 8 *Ломоносов М.В.* Полное собрание сочинений. — Т. 6. — М.: Сов. Россия, 1955. — С. 35, 36.
- 9 *Татищев В.Н.* История Российская с самых древних времен. — Т. 1. — М.; Л.: Император. Москов. ун-т, 1962. — С. 223.
- 10 *Историография истории СССР. С древнейших времен до Великой Октябрьской социалистической революции* / Под ред. В.Е.Иллерицкого, И.А.Кудрявцева. — М.: Высш. шк., 1971. — С. 56.
- 11 *Юшков С.В.* Русская правда. Происхождение, источники и ее значение. — М.: Гос. изд-во период. лит., 1950. — С. 136, 137.
- 12 *Гумилев Л.Н.* Древняя Русь и Великая Степь. — М.: Наука, 2001. — С. 174.

- 13 *Кузьмин А.Г.* Падение Перуна. Становление христианства на Руси. — М.: Наука, 1988. — С. 83.
14 *Ефименко А.* История украинского народа. — Вып.1. — СПб.: Акц. общ-во Брокгаузъ – Ефронъ, 1906. — С. 24.
15 *Ключевский В.О.* Сочинения. — Т. 2. — М.: Политиздат, 1957. — С. 13.
16 *Ловмянский Х.* Русь и норманны / Пер. с польск. Общ. ред. члена-корр. АН СССР В.Т.Пашуто, В.Л.Янина. — М.: Прогресс, 1985. — С. 188.

Б.Кыздарбеков

О терминах «славяне» и «Русь»

В статье всесторонне рассматриваются понятия «славяне» и «русы». Выясняется, что славяне и русские не один и тот же народ. Красной нитью в работе проходит мысль о том, что «русы» (русские) относятся к готским (германским) племенам. В отличие от большинства русско-советских историков, которые считают, что «русы» — это скандинавы (варяги) Балтийского побережья, автор поддерживает высказывание и гипотезы украинских ученых о том, что «русы» — это потомки готов царства Германариха, «отставшие от них» в результате поражения от гуннов в 370 г. В статье отмечается, что большинство ученых термин «славяне» выводят от слова «слава», «славные дела», но в то же время, его можно вывести из латинского слова «слейв», означающего «раб». Автор приходит к выводу, что для многих народов славяне являлись в свое время «живым товаром» и «военной добычей», источником наживы.

B.Kyzdarbekov

On the term «Slavs» and «Rus»

The article comprehensively addresses the content of the terms «Slavs» and «Rus». It turns out that the Slavs and Russian are not the same people. The common thread in the work is the idea that «Russes» (Russian) refer to the Gothic (Germanic) tribes. Unlike the majority of Russian-Soviet historians, who believe that «Russes» is a Norse (Vikings), the Baltic coast, the author supports the statement and the hypothesis of Ukrainian scientists that «Russes» is a descendant of the kingdom is ready Germanarich, «lagging behind» as a result of the defeat of the Huns in 370 g.

The article notes that most scholars, the term «Slavs» derive from the word «glory», «glorious deeds». But at the same time, states that the term «Slavs» can be derived from the Latin word — «slave», meaning — «slave». Based on the data that for many peoples Slavs were at one time in human beings «and «spoils of war», a source of profit.

Б.Қыздарбеков

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Славяндардың атамекені туралы пікірлер**

Мақалада славяндардың атамекені туралы айтылған славян және орыс-кеңес ғалымдарының пікірлері жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ славяндардың, соның ішінде шығыс славяндардың, қазіргі Шығыс Еуропаға қайдан және қашан келді деген «мәңгілік сұраққа» жауапты іздеумен қатар, олардың осы территорияның автохонды халық екенін жақтайтын, шартты түрде «антинорманистер» деп аталатын ғалымдардың көзқарастарына барынша талдау жасалған. Автор тарихи ғылымда осы мәселеге байланысты сан түрлі пікірлерді барынша саралап шығып, Шығыс славяндар қазіргі «тарихи отаның» автохонды халқы емес, олар Шығыс Еуропаға Балқан түбегінен және Польша территориясынан кейініректе келген келімсектердің ұрпағы деген тұжырымды үзілді-кесілді қолдайтынын айтады.

Кілтті сөздер: славяндар, шығыс славяндар, «славян» термині, славян тайпалары, Русь, Орыс қағанаты, территория, қоныс, жылнамалар, үнді-еуропалық қауымдастық.

«Славяндар өздерінің тарихи территориясына қайдан және қашан келді?» деген сұраққа алғашқы жауап беруге талаптанған, XII ғ. өмір сүрген «Повесть временных лет» жылнамалар жинағының авторы Нестор болатын. Нестордың айтуынша, славяндардың ең көне территориясы төменгі Дунай мен Паннония болған көрінеді [1].

Славяндардың Дунайдан қоныс аударғаны туралы жылнама әңгімесі, славяндардың шығу тегін түсіндіретін Дунай (немесе Балқан) теориясының қалыптасуына негіз болады. Бұл көзқарасты ортағасырдағы авторлар (XIII–XV ғғ. поляк және чех хронистері) [2] және XVIII–XX ғасыр басында өмір сүрген дворян ғалымдары (С.М.Соловьев, В.О.Ключевский және т.б.) қолдайды.

Жылнамалардағы «славян тайпаларының Азиядан келгендерін, оларға ол жақтан алып келген көсемнің атын ұмытып қалса да, славяндардың Дунай жағалауында болғандарын есте сақтап қалған аңыздардың дұрыстығына» сенген С.М.Соловьев, славяндардың отанын сол жақта болған деп есептейді [3].

Славяндардың Еуропадағы ең көне отанын Н.М.Карамзин Дунай мен Карпат баурайынан іздестіреді [4].

Славяндардың шығу тегі проблемасын ғылыми түрде зерттеу XVIII ғ. 30-жылдары басталады. Алғашқының бірі болып бұл мәселеге мән берген ғалым — П.И.Шафарик болатын. Оның тарихи ізденісіне негіз болған дерек көне антика авторларының венедтер туралы және Йорданның этногеографиялық мәліметтері болып есептеледі. Шафарик славяндардың Орталық Еуропада өте ерте кезден бастап мекендегенін дәлелдеуге тырысты. Карпаттың солтүстігі мен солтүстік-шығысында, басқаша айтқанда, Галлиция, Подолия және Волын территориясындағы, тайпалар славян тілінде сөйлеген көрінеді. XVIII ғасырда П.И.Шафарик құрастырған славяндардың шығуының Карпат маңы (Прикарпатье) теориясы пайда болады [5; 7–13].

XVIII–XIX ғғ. лингвистер мен тарихшылар славяндардың отанын алғашқыда Азиядан, Иран таулы үстірттерінен іздейді. Еуропа материгін үнді еуропалықтар игеру бірінен соң бірі іске асқан қоныс аударумен түсіндіріледі. Осы қоныс аудару кезінде үнді-еуропалықтар бірнеше тіл тобына бөлінеді. Солардың біреуі қазіргі славяндардың ата-бабаларының тілі көрінеді [6].

Көрнекті буржуазия тарихшысы А.А.Шахматов өзінің еңбектерінде славяндарды «үнді-еуропа» тіл қауымдастығынан шығарады. Оның айтуынша, үнді-еуропалық қауымдастық ыдырағаннан соң славяндар алғашқыда Неман мен Батыс Двинада қоныстанған, славян-литва тайпалар семьясының құрамына кіреді. Славяндар Балтық жағалауындағы литва тайпаларынан бөлініп шыққаннан соң Висла өзені бассейніне жылжып, сол жерде өздерінің жалпыславяндық тарихын бастан кешіреді. Ең ақырында, жаңа бөлінулердің нәтижесінде және батысқа, оңтүстікке және шығысқа қоныс аударуы барысында алдымен олар көне, сосын XX ғасыр басында славяндардың этникалық картасын жасайды [7].

А.А.Шахматовтың пайымдауынша, Шығыс Еуропа жазығына славян тайпалары шығыс славяндардың отаны — Карпат тауынан келеді. Бұл өте кеш уақытта I-мыңжылдықтың ортасында болған тәрізді. Шығысқа және солтүстік-шығысқа жылжыған славяндар алдымен Днестр және

Днепрдің ортаңғы ағысын, сонан соң ғана тұрғылықты халықтарды (туземецтерді) ығыстыра отырып, солтүстік облыстарды да басып алады. Сөйтіп VIII–IX ғғ. славяндар Днепрдің, Волховтың және Еділдің жоғарғы ағысына жетеді.

Шамамен славяндардың шығу тегін басқа да буржуазия славистері, мәселен, А.Л.Погодин, украин тарихшысы М.С.Грушевский де бейнелейді [8]. Олардың А.А.Шахматовтан ерекшелігі, славяндардың Еуропадағы алғашқы қоныстарын кеңейтіп Висла және Волын территориясына дейін таратады. 1901 жылы А.Л.Погодин көне авторлардың өзен аттары жөніндегі мәліметтеріне сүйене отырып, славяндардың Польша, Подолия және Волынь территорияларында мекендегенін дәлелдейді.

Поляк-ғалымдар да барлық славяндардың отанын Висла бассейніне апарды.

Русьтің тарихын В.О.Ключевский «варягтарды шақырудан» бастамайды. Орасан зор шығыс еуропалық жазықты славян тайпаларының игеруін, олардың VIII ғ. Дунай жағалауынан қоныс аударып келуінен бастайды. Ол: «Орыс халқына жататын славяндардың шығыс бұтағы, орыс жазығына оның бір пұшпағы оңтүстік-батыстан, Карпат баурайынан келген», — деген қорытынды жасаған [9].

Славяндардың Шығыс Еуропа жазығына келімсектер ретінде келді деген теорияға қарсы болғандар антинорманистер еді. Славяндардың «нағыз» отанын нақты дәлелдеуге тырысқан «норманистерге» қарсы олар өздерінің көзқарастарын білдіру үшін грек және латын авторларының мәліметтеріне сүйенеді. Антинорманистердің айтуынша, славяндар біздің заманның алғашқы жылдарында Балтық жағалауы мен Висла өзені бойын, сондай-ақ Карпат және Днепр бойының едәуір жеріне қоныстаныпты [10; 11].

Антинорманистердің алғашқы толқынын бастаған адам — орыстың атақты ғалымы М.В.Ломоносов болды. Орыс қызметіндегі белгілі тарихшы, неміс Г.Ф.Миллердің «Диссертациясына» пікір...» деген мақаласында, Ломоносов Шығыс Еуропа халықтарының, әсіресе славян-рустардың шығу тегі (этногенез) туралы өзінің ілімін жасайды [11].

Шығыс Еуропа территориясында екі этникалық тіл топтары — сарматтар мен скифтер өмір сүрген. Сарматтарға Ломоносов славяндарды және Балтық жағалауы халықтарын жатқызады. Алғашқыдағы славяндардың орналасқан жеріне Таяу Шығысты жатқызып, шығыс, оңтүстік және батыс славяндардың негізгі территорияларының көлемін белгілейді. Шығыста сарматтар-славяндарға, Кавказдағы аландармен байланыста болған роксолана тайпаларын енгізеді. Сонымен қатар ол славян тайпаларының үнемі Шығыстан Батысқа жылжуын қалпына келтіруге күш салады. Осыған байланысты ол варягтар-рустар туралы мәселені жанаша шешуге кіріседі. Ол варяг-рустарды летто-литва тобындағы сармат-славян тайпаларына жатқызып, олардан прусстарды-«порустарды» шығарады. Сөйтіп Ломоносов орыс халқының және көне Орыс мемлекетінің славяндардан шыққаны туралы ілімді қалыптастыруға тырысқанын байқаймыз.

XIX ғасырдағы бірден бір антинорманист С.Гедеонов саналды. Ол норманистер сүйенген барлық деректерді сынға алып, Нестор жазба айғақтарға емес, «халық аңыздарына» сүйеніп, өзінің жорамалдарын ғана баяндаған деген тұжырымды ұсынады [12].

XIX ғасыр аяғында славяндардың байырғы жерлерін Орталық және Шығыс Еуропаның орасан зор кеңістігіне апаратын ғалымдар да болды. XX ғасырда чех ғалымы Л.Нидерле топонимикалық материалдардың көмегімен славяндардың отанының шекарасын Припять өзенінің тармағына және батысында Эльбаға, шығыста Днепрдің жоғарғы ағысына дейін апарды [5; 10].

Көптеген тіл мамандары сол кезде үнді-еуропалықтар Еуропаға Азиядан Ұлы Қоныс аудару арқылы келді деген аңызды жоққа шығарады.

Славяндардың арғы ата-бабалары — үнді-еуропа тіл қауымдастығы тайпаларының б.з.д. III–II мыңжылдықтарда, Таяу Шығыста, Тигр мен Ефрат өзені арасында және Кіші Азияда түркі тілдес тайпалармен, соның ішінде шумерлермен көршілес тұрғанын, сол кезде үнді-еуропа (славян) тілдеріне түркі тілдес халықтардың көптеген сөздерінің (оны лингвист-ғалым Олжас Сүлейменов «көзге көрінбейтін түркі сөздері» («невидимые тюркизмы») деп атаған енгенін білеміз [13; 48–60].

Олай болса, славяндардың атамекені Таяу Шығысқа, Кіші Азияға жатқызу аңыздан гөрі шындыққа көбірек ұқсайтынын айтуымыз керек.

Славяндар мен түркілердің көне дәуірде, өте ертеде тіл жағынан байланысты болғанын поляк тарихшысы және этнографы К.Мошинскийдің ғылыми жорамалынан да байқауға болады [10; 13].

К.Мошинскийдің айтуынша, б.з.д. VII–V ғғ. славяндар Азияның бір жерінде өмір сүрген, шығыста олардың көршілері түркі тілдес халықтар, батысында — угорлар, оңтүстігінде скифтер болған. Мошинскийдің жорамалы ғалымдар тұрғысынан қатаң сынға душар болады. Олар славяндар

мен түркілердің қандайда болмасын байланыстарына күмән келтіреді. Не дегенменде батыс еуропа ғалымдарының пайымдауларының қате екендігіне Олжас Сүлейменовтың «Тюрки в доистории» атты еңбегінде келтірілген славян тілдеріндегі «көзге көрінбейтін түркі сөздері» дәлел бола алады.

Мәселен: *утро, явь, ярко, осень, весна, буран, пурга, ураган, туман, овраг, бархан, капкан, собака, коза, кабан, волк, барс, барсук, шакал, суслик, саранча, орел, беркут, осина, сено, пишено, табун, косяк, лошадь, карий, чубарый, саврасый, алый, багровый, вор, улика, пахан, кореш, тюрьма, палач, башика, коса, кулак, кукиш, кадык, щека, рот, уста, ус, темя, кишка, ягодица, грязь, кирпич, язва* және т.б. көне түркі сөздері өте ертеде үнді-еуропа халықтарының, соның ішінде славяндардың сөздік қорына кіргені талас тудырмайды [13; 10, 11].

Жоғарыда келтірілген «көзге көрінбейтін түркі сөздері» түркілер мен славяндардың нәрестелік және жасөспірім шақтарында кездескендерінің куәсі екендігіне күмән келтіруге болмайды.

Олжас Сүлейменов айтқандай, көптеген еуропа халықтарының тілдері түркі тілдеріндегі қолданудан ертеде шығып қалған түркі сөздерін тамаша сақтайтын орны болып саналады екен [13; 18].

Еуропаға жойқын күш ретінде басып кірген түркі тілдес сақ (скиф), ғұн, сармат, авар, болгар, печенег, оғыз (*қазіргі Дағыстан территориясында ұлы мемлекет құрған хазарларды да міндетті түрде осылардың қатарына жатқызуымыз керек.* — Б.Қ.), қыпшақ (половецтер мен кумандар), ең соңында түркі-монғол (*Алтын Орданың негізін құрған түркі халықтары.* — Б.Қ.) тайпаларының славян және тағы да басқа үнді-еуропа халықтарына ықпалы б.з.д. VIII ғғ. – б.з. XIII–XV ғғ. дейінгі ұзақ мерзімді қамтиды.

Ал «көзге көрінбейтін түркі сөздері» үнді-еуропа халықтарына соның ішінде славяндарға б.з.д. III-II мыңжылдықтарда Азияның бір түкпірінде, мүмкін, Таяу Шығыс, Кіші Азия аймағында немесе, Исмаил Мизиевтің пайымдауынша [14], Еділ мен Жайық өзендері арасындағы, қорған мәдениетін таратушы — үңгір, шұңқыр, қималы археологиялық мәдениет тайпаларының көршілерімен қарым-қатынасы нәтижесінде славяндарға түркі сөздерінің енуінің әбден мүмкін екендігін айтуымыз керек.

XX ғасырдың 50-жылдарында археологияның мәліметтері негізінде славяндардың шығу тегі мәселесін М.И.Артамонов пен П.Т.Третьяков шешуге тырысады. М.И.Артамоновтың айтуынша, лужицк, теңіз бойы (помор) және пшевор мәдениеттерін көне славяндар қалдырыпты. Бірақ та славяндардың территориясы Висла-Одер аймағымен шектелмепті, ежелгі дәуірден славяндар Днепрге дейінгі жерді алып жатыпты. Геродоттың неврлері, гелондары және будиндері, М.И.Артамоновтың айтуынша, славяндар болған. Оның айтуынша, славян тілі Висла және Днепр бойында энеолиттің соңында — қола дәуірінің басында үстем болыпты. Днепр бойындағы зарубинец және черняков мәдениеттері славяндардікі көрінеді [15].

П.Т.Третьяковтың айтуынша, Эльбадан Днепрге дейін қоныстанған «баулықталған керамика» («шнуровая керамика») тайпалары (б.з.д. II-мыңжылдық) прославяндар болыпты [5; 19].

Славяндардың тарихын, соның ішінде, Русьтің тарихын жан-жақты зерттеген белгілі кеңес тарихшысы, академик Б.А.Рыбаковтың айтуынша, б.з.д. II мыңжылдықтың арасы жалпы үнді-еуропалық массивтен славян тілдері семьясының бөлініп шыққан кезеңі көрінеді. Ол сол кездегі славяндардың ата-бабасын «праславяндар» деп атаған. Славяндар алғашқы қоғамдық құрылыс деңгейінен бастап барлық тарихи дәуірді басынан кешіріпті. Кейінірек бірыңғай праславян әлемі біртіндеп ыдырауға ұшырап әр түрлі этникалық тайпалардан жаңа қауымдастықтар құрала бастайды. Праславяндардың осындай бір жаңа қауымдастыққа кіруі олардың бірыңғай мәдениетін бұзады. Бірақ та, Б.А.Рыбаков атап өткендей, ол жалпы праславян тіліне әсерін тигізбейді [16; 12].

Шығыс славяндардың сол кездегі мекендеген жерін Б.А.Рыбаков кейін Киев Русінің ядросына айналған Днепр өзенінің ортаңғы бөлігіне орналастырады. Ол жерде олардың шаруалығы тез дами бастаған. Днепрдің ортаңғы бөлігіндегі егінші славяндар бидай, сұлы, қара бидай, тары өсіріпті. Рим империясына астықты экспортқа шығару үшін егін шаруашылығының дамуына көп көңіл бөліпті. Шығыс славяндардың халықаралық жағдайы бүкіл Еуропада тарихи процесті анықтап тұрған Рим империясының тағдырымен тығыз байланысты болыпты. Катализаторы Рим болғандықтан, жүздеген варвар тайпалары, соның ішінде славяндар да бар, тез қарқынды даму жағдайында болған көрінеді. Сауда-саттықтың дамуы, көсемдерді сатып алып, жалдамалы әскерлерді шақыру, жерлерді жаулап алу, міндеттіктер тағайындау — осының бәрі тайпалар арасында жіктелуді жеңілдетіп, тайпа жасақшыларын (дружиналарды) Рим билігінен босануға және Рим қалаларындағы байлықтарды тартып алуға итермелепті. Ішінде славян тайпалары да бар, «варварлар» бірнеше жаулап алу жорықтарын ұйымдастырыпты. Осы кездегі соғыстар славяндардың болашақтағы тарихи дамуына өз ізін қалдырыпты.

370 жылғы ғұндардың Солтүстік Қара теңіз жағалауларындағы гректердің құл иеленуші қала мемлекеттерін талқандауы, ортаңғы Днепр бойында өмір сүрген славяндардың гүлденуіне кері әсерін тигізді деп санайтын тарихшыларды бар.

Олардың айтуынша, жаулап алу процесінде ғұндар орманды-далалық славяндардың құл-талқанын шығарғанмен ортаңғы Днепрді өздерінің билік жүйесіне қоса алмапты (*сонда «егінші-скифтер» кімге салық төлеп тұрған екен?* — Б.Қ.) [17].

Енді осы және жоғарыда көрсетілген фактілерге тереңірек үңілсек, көп шикіліктің бар екендігіне көзіміз жетеді. Ең бастысы, славяндардың ата-бабаларының — орманды-далалық славяндардың тым ерте уақыттан бастап, Днепрдің ортаңғы ағысында мекендегені жөнінде жазылғандардың шындыққа жанаспайтындығын айтуға тиіспіз. Кейбір авторлар украиндік және поляктық бағыттарды біріктіретін компромисті шешімдерді іздестіруге тырысады. Жалпы түрде бұл идеяны 1978 жылы VIII Халықаралық славистер съезінде академик Б.А.Рыбаков ұсынған болатын.

Поляк және украина археологтарының еңбегіне сүйенген Б.А.Рыбаков славяндардың атамекенін анықтаудың екі варианты бар екендігін айтқан болатын. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, праславяндардың алғашқы мекені 1) батыста Висла мен Одер өзендері бассейнінде орналасыпты (*Қазіргі Польша территориясы.* — Б.Қ.); 2) келесі бір зерттеушілер олардың атамекенін орманды-далалық және Киев орталығы болған орталық Днепр орман алқабына апарды [18].

Славяндарды Шығыс Еуропадағы автохонды халық екенін көрсеткісі келген орыс-кеңес тарихшылары осы екі вариантты біріктіріп қарауды ұсынады да, оларды қола дәуірінің гүлденген кезінен бастап, Орталық және Шығыс Еуропаның арасындағы кең алқапты орналастырады. Поляк және Украина археологтары б.з.д. XV–XII ғғ. жататын Тшинецк мәдениетін осы праславяндар қалдырды деп санайтындары белгілі.

Б.А.Рыбаков өзінің басқа да еңбектерінде, оның ішінде славяндардың пұтқа табынушылығы (язычество) жөнінде жазғанында осы позицияға сүйенеді [19].

Барша жұртқа белгілі болғандай, Б.А.Рыбаковтың ықпалының нәтижесінде қалың көпшіліктің әдеттегі санасына ғылыми кітаптарда, оқулықтарда, аксиомаға айналған славяндардың шығу тегі туралы қазіргі көзқарас қалыптасты. Б.А.Рыбаковтың концепциясы өте қарапайым және оның мәні төмендегіге саяды. Барлық уақытта Одер мен Днепрдің арасында белгілі бір «славяндық» біртұтас мәдениет: қола дәуіріне жататын Тшинецк — Комаров, темір дәуірінің басындағы лужицк-скифтік ғасыр шегіндегі пшевор-зарубинец кезеңі және Рим дәуіріндегі пшевор-черняков мәдениеттері өмір сүрген. Пшеворлық та, зарубинец және черняков мәдениеттері, шын мәнінде, құрылымы бойынша ұқсас. Бәрінде де үлкен қабірлер кездеседі, өлікті жерлеген жерден көптеген және әр түрлі фибулдер, жылтыратылған қыш құмыралар және т.б. табылады. Бұлардың барлығы, шын мәнінде, біртұтас «мәдени әлемді» құрастырады. Ал Одер өзені оның ешқандай да батыс шекарасы болып табылмайды екен. Оның артында осы «әлемге» жататын германдықтардың ясторф мәдениеті жатқан көрінеді. Пшевор мәдениетінің ескерткіштерінің батысында орналасқан, зарубинец және черняков мәдениеттеріне қарағанда айырмашылығы тым айқын байқалады екен. Олай болса, тек мәдениеттерінің ұқсастығына ғана қарап, славяндарды Рейнге және Оңтүстік Скандинавияға шейін «орналастыру» қажет көрінеді.

Б.з.д. VII–IV ғғ. скиф дәуіріндегі Орталық және Шығыс Еуропаның мәдени айырмашылығын Б.А.Рыбаков жорта айтпай, жасырын қойыпты. Осы жерлерде ешқандай Одер-Днепр мәдени біртұтастығы болмаған көрінеді. Нағыз скифтердің және олардың милоград, юхнов мәдениеттерін таратушы солтүстік көршілерінің ескерткіштері, синхронды теңіз бойындағы Польшаның мәдениеті мен жеке элементтері жағынан да, құрылымы жағынан да мүлдем ұқсамайды екен. Олар әр түрлі «мәдени әлемдерге» жататын көрінеді. Осы жорамалдан ертеславяндық мәдениет пен оның алдында болып өткен мәдениеттің айырмашылығын түсіндіру қиынға соғады [16; 12].

Археологияға жүгінсек, Шығыс Еуропаның оңтүстік-шығысында алғашқы далалық мәдениет ол — «үңгірлік» (*«катокомбная».* — Б.Қ.), олай аталу себебі молалардың түріне байланысты болған. Ол археологиялық мәдениеттің гүлденген шағы б.з.д. II-мыңжылдықтың I-жартысына дәл келеді. Б.з.д. II-мыңжылдықтың екінші жартысында «үңгірлік» мәдениетті қималы («срубная») мәдениеті ығыстырып шығарады.

Шығыста ол б.з.д. XVII–XII ғасырларға жататын Тарбағатай мен Минусинск шұңқырына дейін созылып жатқан «андронов» мәдениетімен қиылысты. Осы орасан зор территорияда кейінірек (б.з.д. XI–III ғғ.) қорған мәдениетін таратушылар (*носители.* — Б.Қ.) кимерліктер мен сақ-скиф тайпалары

мекендеді. Олардың қай тілде сөйлейтінін бірден айтып кетуге болады — олар көне түркі тілінде сөйлеген!

Б.А.Рыбаков праславяндарды Шығыс Еуропаның, соның ішінде Днепрдің ортаңғы ағысына дейінгі жерлерде, тіпті тас дәуірінен бері мекендегенін айтады. Еуропада қола болмағандықтан, скиф шапқыншылығы кезінде праславяндар тас дәуірінен темір дәуіріне бірден аттап өткен. Ал молаларда табылған қоладан жасалған әшекей заттарды өздері шығармаса, қайдан әкелді деген сұраққа ашық жауап бермесе де, тас дәуіріндегі адамдар сауда-саттықты дамытуы арқылы — қола өндірілетін жерлерден әкелді деген ой сезіліп тұрады. Ол кезде сауда қалай жүргізіледі екен? Славяндар қоланы қай аймақтан әкелді екен? Әрине, бұл сұрақтарға жауапты еш жерден кездестіре алмаймыз.

Б.з.д. II мыңжылдықтарда лужицк мәдениеті деп аталған аймаққа, қазіргі Польша территориясында, батыс славяндармен көршілес осы жердегі үлкен тайпа бірлестігінің көшбасшысы болған, кельт тайпалары да орналасқаны белгілі. Осы аталған қауымдастыққа алғашқыда әр түрлі тілде сөйлеген қырық құрақ (конгломерат) тайпалары кірген. Кельт және герман тайпалары жеке бөлініп шыққанда «венеттер» («венедтер») деген ат сол батыс славяндардың атауы ретінде сақталынған. Көне авторлар (Плиний, Тацит) венед деген атпен славян тайпаларын атапты. Плинийдің, Тациттің және Птоломейдің мәліметтеріне сүйенсек, біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында венедтер (*славяндардың ата-бабасы боп есептеледі.* — Б.Қ.) Балтық теңізі мен Карпат аралығында, Висла өзені бассейнінде мекендеген.

Ал б.з. I-мыңжылдығының ортасында славяндар туралы мәліметтер молырақ және әр түрлі. Славян этнонимінен басқа «ант» тайпалары аталады, Йордан олардың бұрынғы аты венедтер деп санаған. Византия авторлары (Прокопий Кесарийский, Агафий, Менандр Протектор, Феофилакт Симокатт, Маврикий) негізінде Дунай мен Балқан жартыаралығындағы славяндар туралы жазған [20].

Йорданның айтуынша, славяндардың батыстағы көршілері герман тайпалары, оңтүстік-шығысында — фракиялықтар, шығысында — түркі тайпалары (*болгар тайпалары: кутугор және отугорлар.* — Б.Қ.), ал солтүстік-шығыста — эст (балт) тайпалары орналасыпты [21].

Еуроцентристік теорияны қолдайтын ғалымдар славян әлемінің шығысында, Шығыс Еуропаның даласында скифтер келгенге дейін жергілікті славяндар прогрессивті даму жағдайында болғанын сөзге тірек етеді.

Б.з.д II–I-мыңжылдықтың арасында соқалы егіншілік пайда болды, ол шаруашылықтың барлық жүйесін шұғыл көтереді. Б.з.д. VI–V ғғ. жүйелі түрде Грецияға, Қара теңіздегі Ольвия арқылы праславяндар (*скифтердің билігі кезінде?* — Б.Қ.) астық шығарып тұрыпты. Осыған байланысты заңды сұрақ туады. Егінші славяндар «көшпелі-скифтерге» және «патша-скифтерге» бағынышты құл жағдайында бола тұрып, Скифияның территориясынан аттап өтіп, Грецияға сауда-саттық мақсатымен астықты қалай шығарып тұрған екен?» Сауда-саттық болсын, басқада дипломатиялық қатынастар тек үстемдік еткен халықтардың функциясы, солар ғана ондай нәрселермен шұғылданады. Мәселен, Алтын Орда үстемдігі кезінде орыстар көршілес елдермен сауда-саттықпен тек ханның рұқсатымен ғана шұғылдануға міндетті болған. Олай болса, бұл схема барлық бағынышты халықтарға тән болуы керек. Астық өнімдерін славяндар емес, тек скифтер ғана Ольвия және басқа қалалар арқылы Грецияға үнемі шығырып тұрған десек, ол ақиқат болар еді.

Б.А.Рыбаковтың айтуынша, қола мен темір ғасырында Орталық Днепрдегі «чернолес» археологиялық мәдениетін таратушылардың (*носители.* — Б.Қ.) славяндық сипатын кеңес лингвисті О.Н.Трубачев дәлелдеп беріпті. Академик Б.А.Рыбаков Днепрдің орта ағысында орналасқан егінші тайпалары славяндардың арғы ата-бабасы деген тұжырым жасайды. Скифтер келу қарсаңында славяндар бұл жерде үлкен тарихи жолды өткен көрінеді. Сол кезең туралы мифтер (аңыздар), батырлар эпосы сақталыныпты-мыс. Нақты осы кезде өмір сүрген тарих атасы Геродот, славяндардың бақытына славяндардың аты-тегі туралы естеліктер қалдырып кетіпті. Үш патшалық туралы жазыпты. Соның біреуі алтын патшалық. Скифия деп шартты түрде аталған үлкен аймақта әр түрлі тілде сөйлейтін халықтар тұрыпты. Оларды Геродот «жер жыртушы-скифтер», «егінші-скифтер», «эллин-скифтер», «көшпелі-скифтер», «патша-скифтер» деп бөледі. Осы жерде мекендеген егінші тайпалар көшпелі скифтерге егін өнімінен алым-салық төлеп тұрған. Сол егінші-скифтерді, Геродоттың пікіріне сүйене отырып, академик Б.А.Рыбаков «сколоттар» деп атайды. Рыбаковтың айтуынша, Геродот қателесіп оларды «скифтерге» қосып жіберіпті. Шындап келсек, скифтер Геродот «сколоттар» деп атағанын біз білеміз. Егінші-славяндар, немесе «егінші-борисфениттер» (*Борисфен— Днепрдің ескіше аты.* — Б.Қ.), басқаша айтқанда, «сколоттар», немесе «егінші-скифтер», скиф

заманында иран тілдес скифтерден көп сөздерді үйреніпті деп отырып, мысал ретінде екі сөзді келтіреді: топор и собака [13; 26,27]. Олардың түркі сөздері екендігін О.Сүлейменов баяғыда дәлелдеп берген. Металдан («жез», «қалайы» және «кола») және темірден жасалған қару-жарақтарды, құрал-жабдықтарды түркі тектес халықтардың жасағаны жөнінде айтылып та, мақалаларда, кітаптарда жазылып та жүр [22].

Академик Блэрдің айтуынша, металдан жасалған бұйымдардың бәрі түркіше аталған. Оған «топор», «акинак», «молот», «секира» және т.б. қару-жарақтардың аты және үй жануарлардың аттары, мәселен, «собака» — «ит» дәлел бола алады. «Собака» түркілердің «із бақ», «ізді ал» деген сөзінен шыққан. Олжас Сүлейменовтың «Азия», «Тюрки в доистории» деген кітаптарын қараңыздар.

Геродот Днепр өзенін (Борисфен) Скифияның басты өзені деп атап, сол өзенмен скифтердің шығу тегі туралы аңызын байланыстырады. Зевс — басты Құдай — «Борисфеннің» (Днепрдің) күйеу баласы. Осы Днепр өзенін Б.А.Рыбаков славяндардың арғы ата-бабаларының өзені етіп көрсеткісі келген. Сол өзен бойындағы егіншілікпен шұғылданған тайпаларды — «сколоттар» деп, оның тек славяндардың ата-тегі етіп көрсеткісі келгеніне таң қалмауға болмайды. Өзінің мақсатына жету үшін академик Б.А.Рыбаков фактілерді ашықтан ашық бұрмалауға барып отыр.

Академик Б.А.Рыбаковтың «сколот» деген скифтердің өз атын, нағыз атын «егінші-борисфениттерге» теліп жүрген нағыз сөздің мағынасын бұрмалау болып табылады. Геродот еш уақытта сколот деп егінші-скифтерді атамаған. Ол академик Б.А.Рыбаковтың ақиқатқа балта шапқаны. Геродоттың «Тарихының» төртінші томын ашып, оның сколот деп кімді атағанын білгіңіз келсе, шындықтың беті ашылады. Онда былай деп жазылған: «Сколоты — это самоназвание скифов». «Сколоттар — бұл скифтердің өз аты» [23]. Бұдан артық не керек? Рыбаковтың тарихи фактіні өзінше түсіндірудің артында бір-ақ нәрсе жатыр. Көне славяндардың арғы ата-бабалары атам заманнан Днепрдің ортаңғы ағысында мекендегенін дәлелдеудің амалы ғана. Сондықтан да егіншілікпен шұғылданған тайпаларды славяндардың арғы ата-бабасы деп көрсеткісі келген славяндарды Шығыс Еуропаның аборигені етіп көрсетуі тарихи шындыққа қарсы келеді. Славяндар Днепрдің ортаңғы ағысында өмірі тұрмаған, сол жерде тұрған үнді-еуропалық тайпаларға жататын халықтардың мәдени ескерткіштерін біздікі деп айтып, сол ескерткіштерді қалдырған халықтарды жойылып кеткен халықтардың қатарына қосу орыс-кеңес тарихшылары үшін әдетке айналған шаруа. Мәселен, Ш.М.Мунчаев, В.М.Устиновтың «История России» атты оқулығында «Ұлы Болгарияның» кімдердің мемлекеті екендегін түсіндірмейді. Ол ол ма, Аспарух ханның Балқан түбегінде құрған мемлекетін славян мемлекеті деп көрсетеді. Жергілікті славяндарға болгарлар өз атын беріп, өздері славянданып кетті деп жазылған. Сол сияқты Еділ Булгариясын кімдер құрғанын атамай, көптеген себептер арқылы кейініректе ыдырап кетті деп, немқұрайлы түрде жазыпты. Шынын айтсақ, Еділ Булгариясы алдымен Хазар қағанатының құрамында болып, 922 жылы мұсылман дінін қабылдағаннан кейін, Шығыс Еуропадағы ертефеодалдық мемлекет — дербес «Еділ Булгариясын» құрғаны белгілі. Бұл ертефеодалдық түркі мемлекеті 1237 жылға дейін толыққанды өмір сүрді. Тоғыз жолдың торабында тұрған бұл мемлекет Батыстан, Солтүстіктен әлемнің әр бағытына баратын сауда жолында орналасты. Қолөнер, сауда дамыды. Өте бай мемлекет болғаны белгілі. Осы мемлекетті құрыла салып тез құрып кетті деу барып тұрған қылмыс. Неліктен осылай бұлыңғыр сөздермен, ешқандай мәнін ашпай оқулықтарда түркілердің мемлекеті туралы дұрыс мәлімет бермеуді түсіну қиын. Оқулық студенттердің алғаш оқып, өмір сүрген тайпалардың, халықтардың шығу тегін, пайда болуын, қалай дамығанын, кімдермен араласқанын білуге көмектесетін құрал ғой. Еділ болгарлары жөнінде, сол сияқты алғаш Орыс мемлекетін құрған хазарлар жөнінде де мардымды түк айтылмайды. Еділ Булгариясын Аспарух ханның бауыры — Корраг хан бастап келген көне түркілердің құрғанын неге айтпасқа?! Еділ болгарлардың Шыңғыс ханның қолбасшылары Сүбедей баһадүр мен Жебе ноян бастаған түркі-монғол әскерлеріне алғаш соққы бергенін айтпай-ақ қойсын, олардың қазіргі Қазан татарларының арғы ата-бабасы болғанын айтып кетсе, нағыз парасаттылық болар еді. Шығыс Еуропада үш жүз жыл үстемдік еткен ертефеодалдық Хазар қағанатының Ашын әулетінен шыққан көне түріктердің мемлекеті екендігін айтса, студенттерге арналған оқулықтың құндылығы төмендеп кетпейтіні ақиқат.

Сөйтіп, біз ертеортағасырлық Орыс мемлекетін құру тақырыбына байланысты айтылған пікірлерге сын көзбен қарауға мәжбүр болдық.

Осыған байланысты тағы да айтпауға болмайтын нәрсе, ол «Көнеорыс мемлекеті», «көне орыс халқы» деген сөз тіркестерінің кеңінен пайдалануы. Көне дәуір мен ортағасырдың айырмашылығы бар емес пе? Еуропа үшін ортағасырды дәстүрлі дәуірге бөлу схемасы Рим империясының екіге

бөлінуіне сәйкес (V ғ.) басталатынын бәріміз білеміз. Олай болса, неге орыс-кеңес тарихшылары табанды түрде Көнеорыс мемлекеті деп IX ғасыр аяғында құрылған мемлекетті айтатынына таң қаласың. Шығыс Еуропада славяндардың, орыстардың көне тарихи болмағанынан кейін, мүмкін, алғашқы пайда болған славян-орыс мемлекетін көне мемлекет, оның халқын көне деп көрсеткісі келген ойдан шыққан болар. Алтайда VI ғ. ортасында құралған Ұлы Түркі қағанатын ғалымдар ертеортағасырлық мемлекет деп жазып жүр ғой. Одан 300 жылдан кейін пайда болған мемлекетті «көне мемлекет» деу адам күлерлік нәрсе ғой. Айтпақшы, VIII ғасырдың ортасында (657 ж.) құрылған Хазар қағанатын да біз ортағасырға жатқызып жүрміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Повесть временных лет / Под ред. А.А.Шахматова. — Ч. 1. — М.: Изд-во АН СССР, 1950. — С. 13.
- 2 Седов В.В. Восточные славяне VI–XIII вв. — М.: Наука, 1982. — С. 133–140.
- 3 Соловьев С.М. История России с древнейших времен / Отв. ред. И.Д.Ковальченко, С.С.Дмитриев. — М.: Мысль, 1988. — Кн. I. — Т. 1. — 798 с.; Ключевский В.О. Курс русской истории. — Ч. 1. — М.: Гос. соц.-экон. изд-во, 1937. — С. 42.
- 4 Карамзин Н.М. История государства Российского. — Изд. 5. — Кн. I. — СПб.: Изд-во Евг. Евдокимова, 1982. — С. 37–53.
- 5 Шафарик П.И. Славянская взаимность с древнейших времен до XVIII в. — СПб.: Универ. типография, 1874. — 387 с.
- 6 Третьяков П.Т. Восточно-славянские племена. — М.: Изд-во АН СССР, 1953. — С. 88–92.
- 7 Шахматов А.А. Древнейшие судьбы русского племени. — Л.: Изд-во АПН РСФСР, 1908. — С. 303–317.
- 8 Погодин А.Л. Из истории славянских передвижений. — СПб.: Универ. типография, 1842. — 396 с.; Грушевский М.С. Очерки истории украинского народа. — СПб.: Универ. типография, 1904. — С. 10–40.
- 9 Ключевский В.О. Курс истории: В 9 т. — Соч. 6. — Т. 1. — Ч. 1. — М.: Наука, 1987. — С. 49, 50.
- 10 Седов В.В. Происхождение и ранняя история славян. — М.: Наука, 1979. — 297 с.
- 11 Ломоносов М.В. Полное собрание сочинений. — Т. 6. — М.: АН СССР, 1955. — С. 35, 36.
- 12 Геденов С. Варяги и Русь. Историческое исследование. — Ч. 1, 2. — СПб.: Типограф. Императорской акад. науки, 1876. — С. 446.
- 13 Сулейменов О. Тюрки в доистории. — Алматы: Қайнар, 2003. — 237 с.
- 14 Мизиев И. Шаги к истокам этнической истории племен Центрального Кавказа. — Нальчик: Эльбрус, 1986. — С. 10–53.
- 15 Артамонов М.И. Происхождение славян. — М.: Политиздат, 1950. — С. 17.
- 16 Рыбаков Б.А. Киевская Русь и Русские княжества. — М.: Наука, 1982. — 187 с.
- 17 Мунчаев Ш.М., Устинов В.М. История России: Учеб. для вузов. — 2-е изд., изм. и доп. — М.: Норма-Инфра, 2000. — С. 12.
- 18 Щукин М.Б. Рождение славян. — СПб.: Наука, 1994. — С. 14–16.
- 19 Рыбаков Б.А. Язычество Древней Руси. — М.: Наука, 1987. — С. 182.
- 20 Мишулин А.В. Древние славяне в отрывках греко-римских и византийских писателей по VII в. н.э. // ВДИ. — 1941. — № 1. — С. 230–284.
- 21 Иордан. О происхождении и деяниях готв. Комментарии. — М.: АН СССР, 1960. — С. 71, 72, 90.
- 22 Қыздарбеков Б. Көне Русь (Ежелгі және ертеортағасырлық тарихы): Монография. — Қарағанды: «Санат-Полиграфия» ЖШС, 2004. — 89-б.
- 23 Геродот. История: В 9 т. — Т. IV. — М.: Наука, 1988. — С. 143.

Б.Қыздарбеков

Мнения о прародине славян

В статье всесторонне рассматриваются точки зрения славянских и русско-советских ученых о прародине славян. Наряду с поиском ответа на «вечный вопрос», когда и откуда пришли славяне, в том числе восточные славяне, в Восточную Европу, автор большое внимание уделяет взглядам, мнениям ученых, условно называемых «антинормалистами», которые считают, что славяне являются автохтонным населением этой территории. Подробно проанализировав различные точки зрения по данному вопросу, автор поддерживает выводы тех ученых, которые считают восточных славян пришельцами для нынешней их родины — Восточной Европы.

Kyzdarbekov B.

Opinions on ancestral home of the Slavs

This article provides Slavic and Russian-Soviet scientists' opinions and thoughts about Motherland of Slavs. There was not only given the question of when and from where the Eastern Slavs (Russians, Ukrainians, and Byelorussians) come to Eastern Europe, but also a big attention was played to the thoughts of those scientists who think that Slavs are autonomous population of this territory. By analyzing different points of views on this topic author supports conclusions of those scientists who think that Eastern Slavs were strangers come from the territory of Balkan Peninsula and Poland to the territory of Eastern Europe in the ninth century.

УДК 94(574)

Н.Е.Кузембаев

Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова

Дискуссии о характере кипчакской государственности

- 1 Бичурин Н.Я. История первых четырех ханов из Дома Чингисова. — СПб., 1829 // История монголов. — М.: АСТ: Транзиткнига, 2005. — 476 с.
- 2 Кафаров П.И. Примечания к Юань-чао-ми-ши // Тр. членов Российской духовной миссии в Пекине. — СПб., 1872. — Т. IV. — С. 50–350.
- 3 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. — Т. 2. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. — Л.: Типография Главного ботанического сада, 1926. — 896 с.
- 4 Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. — М.: Вост. лит-ра, 1961. — 392 с.
- 5 Бернштам А.Н. Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии // СЭ. — 1947. — Вып. VI–VII. — С. 148–158.
- 6 Савинов Д.Г. Об основных этапах развития этнокультурной общности кыпчаков на юге Западной Сибири // История, археология и этнография Сибири. — Томск: Изд-во Томск. ун-та, 1979. — 200 с. — С. 53–72.
- 7 Грумм-Гржимайло Г.Е. Белокуроая раса в Средней Азии // Гумилев Л.Н. История народа хунну / Сост. и общ. ред. А.И.Курочки: В 2 кн. — Кн. 1. — М.: Ин-т ДИ — ДИК, 1998. — 448 с.: ил. — С. 340–360.
- 8 Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар // Университетские известия. — 1884. — № 1. — С. 1–184.
- 9 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахов. — Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. — 372 с.
- 10 Бартольд В.В. Рецензия на: Н.А.Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. — СПб., 1897 (отдельный оттиск из «Живой старины». Вып. III и IV, 1896 г.). — 182 с. // Сочинения. — М.: Наука, 1968. — Т. V. — С. 266–279.
- 11 Васильев В.П. История и древности восточной части Средней Азии от X до XIII века, с приложением перевода китайских известий о Киданях, Джурджитах и Монголо-Татарах // ТВОРАО. — 1859. — Ч. 4. — С. 1–235.
- 12 Бисембаев А.А. Археологические памятники средневековья Западного Казахстана (VIII–XVIII вв.). — Уральск: Полиграфсервис, 2003. — 232 с.
- 13 Бартольд В.В. Извлечение из Гардизи «Зайн ал-Ахбар». Приложение к «Отчету о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893 — 1894 гг.» // Сочинения. — М.: Наука, 1973. — Т. VIII. — С. 23–63.
- 14 Кумекоев Б.Е. Об этническом составе кыпчаков XI – нач. XIII вв. по арабским источникам // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана / Отв. ред. Б.А.Литвинский, Т.А.Жданко. — М.: АН СССР, 1990.
- 15 Бартольд В.В. Очерки истории Семиречья // Тр. акад. В.В.Бартольда по истории Центральной Азии. Очерки истории Семиречья. Лекции по истории Туркестана / Под ред. А.Е.Абишева. — Астана: Казахст. ин-т «Свободное Общество», 2005. — 275 с.
- 16 Бартольд В.В. Тюрки (историко-этнографический обзор) // Сочинения. — М.: Наука, 1968. — Т. V. — С. 576–595.
- 17 Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Сочинения. — М.: Наука, 1968. — Т. V. — С. 19–192.
- 18 Бартольд В.В. Новый труд о половцах // Сочинения. — М.: Наука, 1968. — Т. V. — С. 392–408.
- 19 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. — Изд. испр. — Алматы: Ғылым, 1999. — 296 с.
- 20 Есмагамбетов К.Л. Этнополитические процессы на территории Казахстана в древности и средние века: обзор зарубежной литературы // Есмагамбетов К. Тарих таңдақтары. Бірінші кітап. — Алматы: Арыс, 2008. — 416 б.
- 21 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. — Уфа: Китап, 1999. — 312 с.: ил.
- 22 Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. — Алматы: Ғылым: 1998. — 280 с.
- 23 Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей / Под общ. ред. акад. М.К.Козыбаева. — Алматы: Санат, 1996. — 656 с.
- 24 Красовский Н.И. Область сибирских киргизов. — Ч. I. — СПб.: Типография Траншеля, Ретгера и Шнейдера, 1868. — 427 с.
- 25 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. — Т. I. Юридический быт. — Ташкент: Типо-Литография С.И.Лахтина, 1889. — 397 с., 9 с. прил.
- 26 Харузин А.Н. К вопросу о происхождении киргизского народа // Этнографическое обозрение. — 1895. — Вып. XXVI.

- 27 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. — Т. 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузен / Подготовка к новому изд., введ., доп. и коммент. Б.Е.Кумекова, А.К.Муминова. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 711 с.
- 28 *Харузин Н.Н.* Рецензия на: Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. — 1894. — Вып. III–IV. — С. 391–486 // Этнографическое обозрение. — 1895. — Вып. XXVI. — С. 160–165.
- 29 *Аристов Н.А.* Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. — 1894. — Вып. III–IV. — С. 391–486.
- 30 *Бартольд В.В.* Сочинения. — М.: Наука, 1963. — Т. I. — 760 с.
- 31 *Иоанн де Плано Карпини.* История Монголов. Вильгельм де Рубрук. Путешествие в восточные страны / Введ., пер. и примеч. А.И.Малеина, с прил. 8 рис., карты и указателей. — СПб., 1911 // История монголов. — М.: АСТ: Транзиткнига, 2005. — 476 с.
- 32 Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. — Алматы: Ғылым, 1993. — 248 с.
- 33 Труды пятого археологического съезда в Тифлисе, 1881. — М., 1887. — 250 с.
- 34 *Пантусов Н.Н.* Сведения арабских географов о Средней Азии // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском ун-те. — 1909. — Т XXV. — Вып. 5. — С. 91–152.
- 35 *Уваров А.С.* Сведения о каменных бабах // Тр. первого археологич. съезда в Москве, 1869. — 1871. — Кн. 2. — С. 501–520.
- 36 *Бранденбург Н.Е.* К вопросу о каменных бабах // Тр. восьмого археологич. съезда в Москве, 1890. — 1897. — Т. 3. — С. 13–18.
- 37 *Бартольд В.В.* К вопросу о погребальных обрядах турков и монголов // Сочинения. — М.: Наука, 1966. — Т. IV. — С. 377–396.
- 38 *Кызласов Л.Р.* История Тувы в средние века. — М.: Изд-во МГУ, 1969. — 211 с.
- 39 *Потанин Г.Н.* Памятники древности в Северо-Западной Монголии, замеченные во время поездки в 1879 г. // Древности. Тр. Императорского Моск. археологич. об-ва. — 1885. — Т. 10. — С. 50–57.
- 40 *Ядринцев Н.М.* Описание сибирских курганов и древностей. Путешествие по Западной Сибири и Алтаю в 1878 и 1880 гг. // Древности. Тр. Императорского Моск. археологич. об-ва. — 1883. — Т. 9. — Вып. 2, 3. — С. 181–205.
- 41 *Радлов В.В.* О языке куманов по поводу издания куманского словаря. Приложение к XLVIII тому Записок Императорской Академии наук. — СПб.: Типография Заводьского, 1884. — № 4. — 53 с.
- 42 Араб-филолог о турецком языке / Арабский текст издал и снабдил переводом и введением П.М.Мелиоранский. — СПб., 1900. — 85 с.
- 43 *Самойлович А.Н.* Памяти П.М.Мелиоранского // Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника / Сост. и отв. ред. Г.Ф.Благова, Д.М.Насилов. — М.: Вост. лит., 2005. — 1053 с.: ил. — С. 126–145.
- 44 *Мелиоранский П.М.* Турецкие элементы в языке «Слова о полку Игореве» // Изв. II Отделение Императорской Академии наук. — 1902. — Т. VII. — Кн. 2. — С. 273–302.
- 45 *Мелиоранский П.М.* Вторая статья о турецких элементах в языке «Слова о полку Игореве» (Отв. Ф.Е.Коршу). — СПб., 1905. — 27 с.
- 46 *Сабдуков Г.С.* Очерк внутреннего состояния Кипчакского ханства // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском ун-те. — 1895. — Т. XIII. — Вып. 3. — С. 89–146.

Н.Е.Кузембаев

Революцияға дейінгі ресей зерттеушілерінің еңбектеріндегі қыпшақтардың тарихы, мәдениеті және шаруашылығы

Мақалада XVIII–XX ғғ. Ресейдегі тарих ғылымындағы қыпшақ тайпаларының зерттелуі мәселесі қарастырылған. Ресей ғалымдарының негізгі жетістіктері көрсетіліп, тарихи әдебиеттерге тарихнамалық шолу жасалды. Тарихнамалық талдауда революцияға дейінгі кезеңнің ерекшеліктері анықталған. Ресей ғалымдарының қыпшақ тайпаларының этникалық және саяси тарихын, материалдық және рухани мәдениетінің, шаруашылығының мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерінің маңызы және қосқан үлесі көрсетілген. Қыпшақтануда маңызды мәселелер ашылды. Қыпшақтар, құмандар және кимектер қыпшақ тайпаларының құрамына енді. Қыпшақтар қазақ, башқұрт, өзбек халықтарының рулық құрамында кездеседі. Бұл қыпшақ этникалық компонентінің осы халықтардың этникалық тарихына, сондай-ақ қыпшақ тілінің қазақ, қырғыз, башқұрт, өзбек, алтай, татар тілдерінің қалыптасуына үлкен әсері болғанын көрсетеді.

N.E.Kuzembaev

History, culture and agriculture kipchaks in prerevolutionary research work in Russia

This article deals with the problems of studying the history of Kipchak tribes in the historical science of Russia in the period of XVIII – early XX centuries. Main achievements of Russian scientists are noted in the work, historiographic review of historical literature is given. Features of pre-revolutionary period are emphasized in the historiographic analysis. Contribution and importance of works of Russian scientists in the ethnic and political history problem, material and spiritual culture, economy of Kipchak tribes are accentuated. A number of important discoveries instady kipchak. Kipchaks, Kumans and Kimeks were part of Kipchak tribes. Kipchak were found in the tribal composition of the Kazakh, Bashkir, Uzbek, which served as the basis for conclusions about the influence Kipchak ethnic component to the ethnic history of these peoples. It was found that Kipchak language had a great influence on the language of Kazakh, Kirgiz, Bashkir, Uzbek, Altai, the Tatars.

ӘОЖ 94: 355.48 (574) «17»

Ж.К.Кеңесов

*Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағаты, Қарағанды облысы***Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы»**

Мақалада қазақ жеріне тұтқиылдан соққы жасап, қазақ халқын туған жерінен айырмақшы болған жоңғар басқыншыларының жетпіс мың әскеріне қарсы шыққан қазақ жауынгерлерінің құрамында өзінің «Мың бала» деген атауға ие болған қолымен, соғысқа қатысқан Сартай батыр жөнінде баяндалды. Автор XVIII ғасырдағы туған елі мен жері үшін басын тіккен «Мың бала» қолымен және оны бастаған, есімі халық жүрегінде сақталған Сартай батыр жөнінде ауыздан ауызға жетіп, әкеден балаға мұра болып қалған мадақтау өлеңдерін, эпостарды, жырларды және т.б. мұрағат құжаттарындағы мәліметтермен салыстыра отырып, сол заманға тарихи сипаттама берген.

Кілтті сөздер: Кіші жүз, шекті руы, Ұлытау, жоңғарлар, Сартай батыр, жорық, Мың бала жорығы, дастан, көтеріліс-соғыс, жасақ, батыр.

Сартай Байжанұлы — Кіші жүздегі Шекті руының ішіндегі ең ірі тарихи тұлғалардың бірі. Оның 1727 жылы Ұлытауды жоңғарлардан босату үшін болған негізгі шайқаста Кіші жүз сардарларының қатарында мың баланы бастап барып, үлкен ерлік көрсетіп, жауды жеңуге шексіз үлес қосқаны туралы ақын Нұрмағанбет Қосжанұлы «Сартай батыр» туралы дастанын жазып, кейіннен 1927–1953 жылдардағы елдегі тоталитарлық жүйенің салдарынан дастан жерге көміліп тасталады. Ақынның өзін Ақтөбенің НКВД үштігі халық жауы деп айыптап, 1937 жылдың 29 тамызында ату жазасына кескен. Үкім сол жылы 4 қыркүйекте орындалған [1]. Ақын жазықсыз жаламен бұл дүниеден өтсе де, ол жазып қалдырған «Сартай батыр» дастаны халықтың Сартай батырға деген, жазған ақынға деген сүйіспеншілігінің арқасында осы кезге жетті. Ақын Нұрмағанбет Қосжанұлының дастанын ел арасынан іздестіріп тауып, туған елімен қауыштырған белгілі журналист, профессор Өмірзақ Жолымбетов. Бұл да толық нұсқасы емес, кейіннен жыршы-термешілердің айтуымен жазылған нұсқалары. Дастанды жазба күйінде сақтауға Кеңес үкіметінің сол кездегі саясатынан қорыққан халық жасырын ауызша таратып, кейінгі ұрпаққа жеткізген. Өмірзақ ағамыз бастырып шығарған нұсқасында жер атаулары өзгертілген.

Осы Н.Қосжанұлының жазып қалдырған «Сартай батыр» туралы дастанының түпнұсқасын Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақшатау елді мекенінің қасындағы Майтөбедегі Махамбет сұпы мешітінің күнбатыс бетіне батырдың ұрпағы Томаұлы Жетпістің айтуымен құрым киізге орап, сыртын былғарымен су өтпейтіндей етіп қаптап көмеді. Томаұлы Жетпіс көзі тірісінде «Сартай батыр» дастанын бір жырлатып тыңдай алмай, бар сырын ішіне бүгіп, 70-ке қараған шағында 1952 жылы қайтыс болады. Өлер алдында Байжан Асан аталығынан туыс інісі Жұбатханға аманаттаған. Кейіннен Жұбатхан қасына жігіттер ертіп, ағасының айтып кеткен жерін қазып іздестіреді, бұл кезде

ол маңнан ел көшіп, мешіт үйі құлап қалған еді, — дейді. Өкінішке орай, қанша қазып әрекеттенгендерімен еш нәтиже шығара алмайды [2].

Жұбатхан өмірден өткенмен, баласы Шанжарханның көзі тірі деп, Сартай бабамыздың ұрпақтарының бірі Әйтенова Күләй дастанның табылмағаны жөнінде «Толқын» газетіне жазған. Осы газетте Сартай бабаның мөрі мен қылышының кейінгі 1980 жылдарға дейін келіп, кейіннен жоғалғаны туралы да айтып, өкініш білдірген [3].

Сонымен, «Сартай батыр» дастанының толық түпнұсқасы Майтөбедегі Махамбет сұпының мешітінің күнбатыс бетінде, алтын қазынадай сақтаулы жатқанын ақшатаулықтар айтып келеді.

Алғаш рет Сартай батыр және оның жоңғарларға қарсы ұйымдастырған «Мың бала» жасағы жөнінде ауыл ақсақалы Орынбет арқылы қағазға түсіргенмен, арнайы мақала жазу ниеті болған емес. Дегенмен батыр туралы жинастырылған бірегей құнды мәліметтерді тарихи деректермен салыстыру жұмысы қолға алынды.

Орынбет ақсақал 1930 жылы тамыз-қыркүйек айларында Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатымен алым-салық, азық-түлік, мал жинау науқандарына қарсы шыққан, «Асан көтерілісіне» қатысқан [4]. Көтерілісшілер жеңіліс тауып Өзбекстан арқылы Ауған жеріне қашқанда Орынбет ақсақал Ұлытауға қарай қашқан. Сталин қайтыс болғаннан кейін елге оралса керек. Өмірінің соңына дейін Арал ауданының Шөміш станциясында тұрып, жасы 100-ден аса қайтыс болған. Көзі тірісінде «Мың бала» жасағын басқарған Сартай батырдың жоңғарлармен болған соғыстағы ерліктерін, батырлығымен қоса ел басқарған би болғанын әңгімелеп келген. Ұлытау маңында 24 жыл бойы Сартай батыр соғысқан жерлерге, оның ішінде «Қалмақ қырылғанда» болып, Кіші жүз руларының таңбаларын өз көзімен көріп, елге жеткізген.

Ақын Н.Қосжанұлына «Сартай батыр» дастанын жаздырғанға дейін, қолбасшының ерлігін мадақтаған жекелеген өлең-жырлар, арнаулар болған. Замандас Томаұлы Жетпіспен өзара соғыс болған жер аттары, Сартай батыр туралы жыр-толғауларды ортаға салу дәстүр еді. Ал қазір дастан жөнінде мүлдем айтылмайды. Томаұлы Жетпіс: «Батыр жөнінде кейінгі ұрпаққа жеткізу — парыз, баба бәрімізге ортақ», — деп үнемі айтып отыратын.

Негізгі соғыстар Орта, Ұлы жүз жерлерінде болғандықтан, олар туралы жыр-толғаулар осы өңірде жырланып, кейін әр жүз, әр ру өз батырларын мадақтап, Кіші жүз батырлары туралы жазылған жырлар ел ішінде ұмытыла бастаған. Бірақ халық жадында сақталған бастапқы жырлардың біздерге жеткен үзіндісіне зер салсақ, көптеген жайлардың мәнісін аңғаруға болады. Мысалы, сол кездердегі айтылған төмендегі жыр жолдарын Орынбет ақсақал:

*Сартай батыр бастаған,
Кіші жүзден мың бала,
Аттанды ұлы жорыққа.
Қамшысы бар білеулі,
Найзасы бар егеулі,
Саржасы бар кезеулі,
Ұрандап шапқан ұрыста,
Әр біреуі жүз кісіге балаулы, —*

деп жырлаған. Бұл жыр жолдарында Сартай батыр бастаған «Мың баланың» елді қорғау мақсатында, ұлы жорыққа аттанғаны баяндалып отыр. Ал келесі үзіндіде жас батырдың жоңғарлармен жекпе-жегі:

*Ел үшін болған ұрыста,
Менменсіген жоңғар-ноянға,
Сартай дайын жас қыран
Өңешке қадап сүңгіні,
Ат сауырынан аударып,
Жеңіске жол бастаған... —*

деп сипатталған. Бұл жерде Сартай батырдың жастығына қарамастан, өзінен анағұрлым күшті, мінген атына қаруы сай жоңғар ноянымен жекпе-жекке шығып, оның сауытсыз ашық өңешіне сүңгіні лақтырып дәл қадағанын, жауды ат сауырынан аударып, жеңіске жол бастағанын мадақтаған.

Айбынуды білмейтін, жолбарыстай қайратты, көкжалдай тез шешім қабылдайтын жас та болса бас бола білген Сартай батыр бұл әдіс-айласын кейінгі жекпе-жектерінде де пайдаланған. Оған төмендегі жыр жолдары:

*Сартай менен Бөлекті,
Көргеннен қалмақ үрікті.*

*Бас-көзге төпеп аттарын,
Шепті тастап зытыпты.
Ат құлағында ойнаған,
Бөлектің өзге өнері... —*

куә. Бұл жыр жолдарында аты аталған Бөлек батыр Кіші жүз қолында болмаған деген ой келеді. Себебі Бөлек батыр Қазыбек бек Тауасар ұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» [5] атты кітабында кездеседі. Бөлек батырдың жасы Сартай батырмен қатарлас болғандықтан, өзі ғұрыптас Сартай батыр бастаған мыңдыққа қосылып, бірге соғысуы мүмкін. Бұл жыр жолдарына қарап отырып Қосжанұлы жазған «Сартай батыр» дастанынан басқаша екеніне, соған қарағанда Орынбет ақсақалдың айтқанында шындық бар екеніне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ ел аузында «Сартай батыр мен «Мың бала» туралы керей Қожаберген жырау жырлаған деген айтылады.

Оған нақты дәлел, осы мақаланы жазу кезінде пайдаланылған, ел аузынан жиналған жыр үзінділері және Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» [5] кітабында Қожаберген жыраудың өлеңдерінен келтірілген төмендегі үзінді:

*Қатысты Кіші жүзден Тайлақ мерген,
Сұлатты көздегенін атқан жерден.
Бір мерген Саурық атты жараланды,
Ер екен екеуі де Кіші жүзден.
Ағасы Тайлақ мерген — Байрақ, Қайрақ,
Олар да жүрек жұтқан бетті екен, —*

дәлел. Бұл жырдағы Тайлақ, Байрақ, Қайрақ батырлардың аталығы Кіші жүз ішінде былай таратылады: Әлім — Жаманақ — Шыңғыс — Бөлек — Айт — Қабақ — Айбек — Бекежан — Тайлақ, Байрақ, Қайрақ, Қалнияз ишан. Кіші жүздегі Жаманақ ұрпақтарының ұранына айналған Бақтыбай батыр да, Пұсырман батыр да осы аталықтан. Қабақтан — Ханкелді, Жанкелді, Төлес, Аралбай, Айбек болып бес бала тарайды. Ханкелдіден — Пұсырман батыр, одан — Жарас мерген. Төлестен Бақтыбай батыр тарайды. Осы соғыста Пұсырман, Бекежан батырлар Бақтыбай батырдың карамағында соғысса, олардың балалары Тайлақ, Байрақ, Қайрақ және Жарас мергендер Сартай батыр бастаған мың баланың құрамында болған. Тарбағатай тауындағы «Алшын жалы» үшін болған ұрыста Жарас, Тайлақ, Байрақ, Қайрақ мергендердің ерлігіне тәнті болған ақындардың өлең-жырлары сол кезде көп айтылған болса керек, мысалы:

*Батырлар Байрақ, Қайрақ, Тайлақ
Жаудан қайтпаған кіл саңлақ.
Шайқасып, оққа қарсы қасарысып,
Айламен жауды төмен жұмалатпақ.
Сегіз сүйем оқты ер Бүкірек,
Атқанда айырылады жартас қақ-қақ,
Қашады шуылдасып жасырынған қалмақ.
Тартқанда жас мергендер көздеп садақ,
Топырласа құлайды жоңғар-қалмақ.*

Дегенмен, арнау-толғауларда жырланған үзінділер ауыздан ауызға тарап, осы уақытқа дейін келіп жетті, кейін ұмыт бола бастағанмен.

Сартай Байжанұлы шамамен 1711 жылы туып, 1785 жылы қайтыс болған деп жазылады.

Орынбет ақсақал Сартай батыр жауға аттанғанда он бес жаста болған. Қазақ қолының жоңғарларға қарсы соғысы 1726 жылы Шұбар теңіз және Бұланты мен Білеуті өзендерінің бойында өтіп, «Қалмақ қырылған» [6] соғысында бірінші рет тойтарыс бергені нақтыланды. Сондықтан Сартай батырды 1711 жылы туды деуге толық негіз бар. Батырдың өлген жылы туралы әркім әр түрлі пікір айтады. Бірақ ел аузындағы аңыз әңгімелерді, жырларды, жазба деректерді және мұрағат деректерін салыстырып қарайтын болсақ, көрсеткішті анықтауға болады. Мысалы: біріншіден, ел аузындағы әңгімеге қарағанда, Сартай батыр Ақшатау елді мекенінде 1817 жылдың желтоқсан айында, қақаған қыста қайтыс болған; екіншіден, жергілікті Арал өңірінің тарихшылары Сартай батырды және жорықтас серігі Жылқайдар батырды 1785 жылы қайтыс болған деп жазады, бұл қате пікір болуы мүмкін. Себебі, ендігі мәлімет бойынша: Жылқайдар батыр қарақалпақ Тықы батырдың қолынан мерт болып, оны кегін қайтаруға Жанқожа батыр барған. Сол кезде Жанқожа батыр он сегіз жаста болған деп, «Жанқожа батыр» жырында жазылған. Жанқожа батырдың туған, қайтыс болған жылдары тарихта нақтыланбаған. Олай болса, Жанқожа батырдың туған жылына 18 жылды қоссақ,

яғни 1774+18=1792 жыл болады, яғни Сартай батырдың жорықтас серігі Жылқайдар 1785 жылы емес, 1792 жылы қайтыс болған. Жылқайдар қайтыс болғанда Сартай батырдың көзі тірі. Жорықтас серігінің кегі қайтқанына риза болған батыр Жанқожа батырға орыс керуенін тонағанда қолға түсірген қаруларының біреуін беріп, келешек ел қамқоры, шекті қолының бас батыры осы болар деп ақыл-кеңесін айтып, бата берген, онда: «Мен болсам қартайдым, артымнан алдым жақын, ендігі жерде Аллаға мінажат етіп, иман тілеу ғана қалды. Балам, жастық шақ — батырлық жасайтын шақ. Жасымда қол бастап жауға шаптым, ел үшін, жер үшін намысты қолдан бермеуге тырыстым. Батырға бітер асыл қасиет: қылышың шапқанда шалыс кетпесін, найзаң діттеген жеріне тисін. Атқан жебең мен айтқан сөзің тигенде мерт қылатындай оқ болсын. Аңғалдық та батырға тән қасиет. Аңғалдық бар жерде аярлық бар. Аярдың арбауына түсіп, қандасқа қас болма. Күштімін деп, момынға күш көрсетпе. Әдептен озба, жүзіңнен имандылығың көрініп тұрсын. Туыс та болса азғынның азғырғанына ерме. Батырлығыңды ата жауыңа көрсет. Елдікті, ауызбіршілікті, туған еліңді сақтауға жаныңды пада ет деп, сөзін бітіріп сөз аяғын тақпақтай жөнелтіп:

*Ойдан өзбекті өргізең,
Балағыңнан кіріп, басыңа шығар.
Қырдан кәпірді кіргізең,
Қыл мойынға тұзақ түсер.
Елді бірлігінен айырсаң —
Қайта бітпес жік түсер... —*

деп, бата берген (бата шумақтары толық сақталмаған). Бұған қоса дәлел ретінде: орыс офицері Гарбердің қару-жарақ тиеген керуенінің тонағаны жайлы хабар Анна патшайымға да жеткен. Бұл жөнінде Ресей патшайымы 1732 жылы жетінші қазанда Әбілқайыр ханға төмендегідей мәтінде хат жазған, онда: «...получены здесь известия, коим образом киргиз-кайсаки, противно своему обещанию и присяге быть в верном подданстве, полк артиллерии нашей Гарбера и отправленной с ним в Хиву и Бухару купеческой караван разграбили и в нем людей и подданных наших до смерти побиили» дей келіп ханға: «...все погребленные из каравана сыскать и возратить, участников того воровства наказать и жить как добрым и верным подданным принадлежить» [7] деп талап қойған.

Жанқожа батырдың Сартай батыр қолынан алған сол қаруы батырдың ұрпақтарында осы күнге дейін сақтаулы. Мәліметтің шыншылдығы жөнінде газеттерде бірнеше рет жазылып, жарық көрді [8].

Мұрағат құжаттарына назар аударсақ, Сартай батыр туралы деректер 1732–1817 жылдарды камтиды. Соның ішінде Сартай батырдың 1817 жылға дейінгі өмірі: 1817 жылдың 16 тамызда кіші және орта орда билерінің патша ағзамға жазған мәлімдеме хатында Шерғазы Айшуақұлын өздеріне хан етуді ұсынып, ол турасында дәйекті деректерді алға тартқан жүзден астам билер қол қойған. Міне, осы хаттағы тізімде 21-ші болып «мен Сартай Байжанұлы өзімнің мөрімді бастым» [9] деп көрініс тапқан.

Кейін, 1787–1791 жылдары түріктер мұсылмандығын алға тартып, Бұхара хандығын Ресей империясына қарсы көтеру мақсатында хат жолдайды. Ал Бұхара хандығы Ресей Империясымен көршілес жатқан Кіші жүз қазақтарын осы соғысқа араластырмақшы ниетпен басты билерге, батырларға: «Храбрым воинам, биям и старейшинам Сарытай-бию, Сырым-батыру, Шукуралы-бию, Садырбеку, Барак-батыру, Даждан-батыру мир и благославение, а потом слово наше. Слава Всевышнему Богу. По милости Его Святой все наши дела текут благополучно. Одна только у нас скорбь: недавно от православного турецкого государя, наместника божия, прибыл к нам посол с грамотою, извещающею, что неверные россияне со всех сторон собирались и, соединясь с семью европейскими державами против турецкого государя, выступили поход. А как вы живете к россиянам ближе, нежели мы, и, следовательно, сражаться с ними умеете лучше нас, то мы предлагаем всем рабам Божиим и последователям Мухаммеда, уповающим на ходатайство Пророка нашего, соединиться с войском турецким делами и духом и отправиться на поражение неверных, за что великую мзду получить можно. Если же кто в том походе упустит нанести неверным возможный удар, тот имеет опасаться от Бога жестокого гнева и на ходатайство Пророка нашего да не упоает. Впрочем, просим словесному объявлению посланного дать веру»; «Слышим мы, что у вас, казахов, собственных мудрецов или ученых людей нет; почему никак не можете исполнить узаконений Пророка нашего. Поелику же господь Бог всем народом повелел знать учение его и, сообразуясь с оным молиться, содержать пост и давать милостыню из имени своего, то познание грамоты для чтения книг принадлежит к богослужению. У нас ныне находится источник мудрости: ибо из всяких народов, а именно из узбеков, таджиков, арабов и туркменцев много есть учащих в школах наших,

а от вас, народа столь многочисленного, не находится ни одного ученика. В Коране Пророк наш предписал, чтобы всякий правоверный, не только муж и жена, но и малые дети учились закону, боялись Бога, и когда в состоянии найдутся, то друг друга увещевали бы, а потому советуем вам прислать сюда из всякого рода по два или по три человека для научения. Ежели увещаний ваших не послушают, то силою возьмите от всякого рода по два или по три человека. Пропитание им будет от нас. Когда же они окончат учение и сделаются сведущими в законе, то возвратятся в дома свои с правилами благочестия, с привычкою к молитве и посту. Если же вы, народ казачий, имея возможность исполнить наше предложение, оставите оное без исполнения, то сделаетесь на сем свете изменниками Богу, а в день Воскресения будете гореть в адском огне. Ежели бы мы сей истины вам не предложили, то сами заслуживали бы в сем свете название неверных, а в будущем подвергли бы себя вечному адскому огню.

Впрочем, с нашим почтением пребываем. Лета 1202 от Эгиры (или 1788 от Рожд. Христова)».

К письму сему приложена была чернильная печать бухарского аталыка (первого министра) Шаг-Мурата [10] деп, хат жолдаған. Сартай батыр бұл хатқа: «Шекті елінің Ресей империясына ұзында өші, қысқада кегі жоқ, орыстармен соғысқысы келсе, бұхаралықтар өздері білсін. Бірақ жолда қалың қазақ елі бар, бұхара әскерін өз жерімнен өткізу-өткізбеуді мен шешем» деп үзілді-кесілді қысқа жауап қайырған.

Бұхара хандығынан Кіші жүздің батыр-билеріне хат келгенінен құлақтанған генерал-губернатор О.А.Игельстром шекті еліне, өзбектермен шекаралас жатқан төртқара, шөмекей руларының арасына құпия мәлімет жинау үшін жауапты тапсырмамен Орынбордың муфтиі Мухамеджан Хусайновты бірнеше рет жібереді. Көне ноғай жолымен Арал теңізінің жағалауын бойлап, Сырдария өзенінен Райым бекінісі арқылы өтіп, Қызылқұмдағы төртқара, шөмекей руларын аралаған М.Хусайнов Бұхара, Хиуаға дейін сапар шегеді. Өзбек хандарымен астыртын сөз байласқан М.Хусайнов өзбек хандығын қару-жарақпен жабдықтап қазақтарға айдап салмақ болады. Татар көпесінің баласы М.Хусайновтың өзбек пен екі ортаға сапарының жиілеуінен күдіктенген Сартай батыр сыр шектілерін көтеріп, 1790 жылы М.Хусайновтың керуенін тонап, өзін Ресейге кері қуады. Бұл оқиға туралы Ералы сұлтан 1794 жылғы 4-ші қаңтарда Екатерина II-ге жазған хатында мәлімдейді [9; 166–170]. Осыған қатысты, назар аударатын тарихи дерек: 1787 жылы қыркүйек айында Хобда өзенінің бойында Орынбор генерал-губернаторы барон О.А.Игельстромның ұйымдастыруымен Кіші жүз елінің старшындарының жиналысы болады. Бұл жиналыста генерал-губернатор О.А.Игельстромның Кіші жүз елін Қаракесек, Байұлы және Жетіру аталықтарына, яғни, үш ордаға бөліп басқару туралы ұсынысы өтіп, шешім қабылданады. Старшындар мен халықтың жалпы жиналысы әрбір «басты орданы» басқаратын старшындарды сайлайды. Қаракесек руына — Сегізбай би, Байұлына — Тормамбет би, Жетіруға Тіленші батыр старшын болып сайланады. Жаңа сайланған старшындарға барлық рудың үстінен қарау міндеті жүктеледі. Осы жиналыстың өтуіне басты себепкер болған, халық алдында зор беделге ие болып, Нұралы ханға басты қарсылас бола білген Сырым батыр үш орданың да кеңесшісі болып сайланады. Сонымен бірге Көккөз би мен Қаратау би де старшын болып сайланады. Бірақ олардың атқаратын қызметі түсініксіз күйде қалған [11; 189].

Дегенмен жаңа сайланған старшындар басқару реформасын патша әкімшілігі ойлағандай етіп жүргізе алмайды. Басқару жүйесінің ойдағыдай жүрмеуіне қазақтарға белгілі айтулы билердің сайланбауынан көрген генерал-губернатор О.А.Игельстром өзінің реформасына қосымша пункт енгізуге мәжбүр болады. Барон О.А.Игельстром өзінің патшайым Екатерина II-ге жазған мәлімдемесінде: «...басқаларға қарағанда өздері артықшылық халде боларлықтай қызмет жүктеу қажет» деп, өз ойын білдірген. 1787–1789 жылдар аралығында сайланған тексеру-басқару старшиналығына Әлім әулетінен Сартай би, Қаракөбек би, Мұратбек би тағайындалған. Байұлына — Сырым батыр, Қаратау би, Жетіру әулетіне Тіленші мен Жанболат батырлар сайланады. Бұдан басқа Сырым батырға «тархан» атағы берілген [11; 229, 230].

Бұл жиналысқа патша әкімшілігінің өкілі, сарай кеңесшісі А.Бекчурин мен Орынбор губерниясының бірінші ахуны, муфти Мухаммеджан Хусайнов та қатысады. Осы жиналыстан кейін старшындар өздері басқаратын рудың қожалықтары атынан патша ағзамға, оның өкіметіне адал болуға ант қабылдайды. 1786–1787 жылдардағы орыс-қазақ қатынастары туралы жазылған деректерде, осы жылғы ант беру құжатына басқа билермен қатар шекті руының он мың үйі атынан Сартай бидің де ант бергені туралы жазылған [11; 226]. Бұдан 1787–1789 жылдар аралығында тексеру-басқару старшиналығына сайланған Сартай батырдың әлі де тың екендігі байқалады.

Сартайдың батырлығымен қоса елге билік еткені осы деректерде анық көрінеді. Сартай батырдың билік ету ісіне араласқан ең алғашқы қадамы шектінің батыры Байғараның оққа ұшуынан басталған.

Байғара мен Әбілқайыр ханның баласы Нұралы сұлтанның арасындағы қақтығыс барысында Нұралы сұлтан «жау келіп қалды» деп, бар дауысымен айқайлап, атының басын елшілікке қарай қоя берген. Кешкі апақ-сапақта не болып қалғанын түсінбеген Ресей елшілігінің азаматтары қолдарына қаруларын алып, далаға жүгіріп шығады. Елшілікті қазақтар шапқалы жатыр, елшілерді түгел қырып тастамақшы деген хабарды күнде есітіп, үрей билеген елшілік адамдарының бірі Нұралыны қуып келе жатқан Байғара батырды көздеместен басып салады. Сұлтанның жау келіп қалды деп айқай салғанымен аңдамай атылған оқ қақ жүректен тиіп, батыр аттан құлайды. Қаптап келе жатқан жау жоқ екенін көрген орыс елшісі А.Тевкелев «атпаңдар» деп ақырып бұйрық береді. Осы кезде батырдың ізін ала жеткен серігі, өліп қалған Байғараны көріп, ой бауырымдап үстіне құлайды. Серігі батырдың денесін атқа өңгеріп алып кеткенше, сексиіп-сексиіп әр жерде тұрған елшіліктің адамдары не болып, не қойғанына түсінбей, осыдан кейін екі жақта тым-тырыс үнсіздік басады. Байғара батырдың денесін алып, жолай ауылды қоса көшірген қаралы көш болған оқиғаны хабарлау үшін, елге жаушы шаптырады. Қаралы көшті қарсы алған шекті елі батырдың денесін арулап, азалап, қазіргі Арал ауданы, Сексеуіл стансасынан 5–6 шақырым жердегі Тебіренбес тауының басына жерлеген. Батырдың ажалы от қарудан болғанын бәрінің көзі көрген. Бірақ кімнің қолынан қаза болғанын көрген адам болмады. Байғараның жанындағы серіктері әуелгі қақтығыс Нұралы сұлтанмен болғанын хабарлайды. Сондықтан шектілер Байғарадай арысының құнын кімнен даулауды анықтау үшін, Сырлыбайдың баласы Жылқайдар батырды, Байжан бидің баласы Сартай батырды қасына екі жүз сарбаз қосып, күннің суықтығына қарамай, атқа мінгізген. Байғара батырдың оққа ұшқан күні, орыс елшісі А.Тевкелевтің күнделігінде 1731 жылы қарашаның 3-ші жұлдызы деп нақты көрсетілген [12; 105].

1732 жылғы наурыздың 6-шы жұлдызында, іңір қараңғысын жамылып, елшілік қосынына ағайынды Қара батыр мен Бәйімбет батыр келеді. Жақайым аталығының көгісінен тарайтын Бәйімбет пен інісі Торжымбайдың немересі Қара батырдың беймезгіл келуінің тегін емес екенін А.Тевкелев түсінген. Жасы да, жолы да үлкен Бәйімбет батыр түнделетіп келген шаруасын айтады. Шектілер Баби би, Бәтжан, Жантума би, Еспембет би, Өтеғұл би, Байжан би, Малыбай би, Өтеп батыр, Ақша батыр, Сартай батыр бастаған қолдың түгелдей атқа қонып, елді дүрліктіріп осында бастап келе жатқанын хабарлайды. Бірақ олардың қандай оймен келе жатқандарын білмейтіндерін, олар елші А.Тевкелевке сақ болу керектігін ескертуге келгендерін және де жолай табын Бөкенбай батыр мен тама Есет батырға соғып, осы хабардан құлағдар еткендерін хабарлайды. Бұл хабарды алысымен Бөкенбай мен Есет батырлар да іздеріне нөкерлерін ертіп, ертелетіп елшілік қосынына жетеді. Хабарды жеткізген Бәйімбет батыр мен Қара батырға А.Тевкелев алғысын білдіріп, сый-сияпат көрсеткен [12; 104].

Бөкенбай, Есет, Бәйімбет, Қара батырлар Тевкелевті ертіп, Әбілқайыр ханның ордасына келеді. Негізінен, Бәйімбет батыр мен Қара батырды Сартай батыр алдын ала хабаршы етіп өзі жіберген. Ондағы ойы, Әбілқайыр хан біздің ісімізге араласпасын дегенді ескерту еді. Бұл хабарды батырлар Әбілқайыр ханға ретін тауып жасырын айтады. Хан хабарды естіген бойда өзінің қарауындағы Мойнақ батырды шектілердің ауылына жаңа хабар әкелуге жұмсайды. Баруынан қайтуы тез болған Мойнақ батыр, шектілердің Байғара батырды атқан башқұртты атымызға өңгеріп берсін, болмаса Байғараның құнын төлесін деген талаппен келе жатқанын жеткізген. Мойнақтың хабарын естіген Әбілқайыр өзіне қарасты батырларын ортаға алып, А.Тевкелевке құн төлеуден басқа жол жоқ екенін түсіндіреді. А.Тевкелев те өз айтқанынан қайтпай, қайдағы бір басбұзар қарақшы үшін құн төлейтін жайым жоқ деген. Хан сөзін орыс елшісіне өткізе алмай, екеуі бір тоқтамға келе алмай жатқанда, Баби мен Жантума билер бастаған шекті қолының келіп қалғаны белгілі болған.

1732 жылғы наурыздың 9-шы жұлдызында Баби би мен Жантума би орталарынан екі кісіні А.Тевкелевке жұмсайды. Олар 1731 жылғы қарашаның 3-ші жұлдызында орыс елшілігінің адамдарының қолынан оққа ұшқан Байғара батырды атқан адамды тауып, атымызға өңгеріп бересің, не болмаса ата салтымызбен батырдың құны 100 жылқы, бір қалқан, бір жесір, бір сауыт, бір мылтық, бір түйе құн төлейсің деген талабын қояған. Егер орындамасаң, өз обалың өзіңе, елшіліктен бір де бір адамды тірі қалдырмаймыз деген. Көп ойланып отырмастан А.Тевкелев: «Былыр күзде орын алған оқиғаға қазақтар өздері кінәлі. Елші қосынына ұрандатып, ат ойнатып шауып келу, беймезгіл уақытта тыныштығын бұзу нағыз бұзақы, қарақшының ісі. Осында келгелі мініс көліктерімізді қуып кету,

елшілік адамдарына шабуыл жасау оқиғалары кездесті. Міне, осыдан зәрезап болған елшілік адамдары ат үстінде шауып келе жатырған бұзақыны тоқтатпақ ниетпен оқ атқан. Өкінішке орай, қаңғыған оқ дәл тиіп, қарақшы оққа ұшты. Оған біз кінәліміз деп есептемейміз. Байғара қараңғылық уақытты пайдаланып қарақшылықпен айналысты, заңсыз шабуылдар жасады. Қай замандардан бері бұндай бұзақыларды, ұрыларды, қарақшыларды қорғамайды, қайта оларды осындай жазаға кесетінін айтады, сіздердің елдеріңізде де солай болар деп ойлаймыз деген. А.Тевкелев қайдағы бір ұры-қары үшін өз адамдарын оның өтеуіне беруге үзілді-кесілді бас тартатынын, егер сол күні оның жанындағы серіктері қолға түскенде, оларды да сондай жаза күтіп тұрғанын [12; 105] хабарлаған.

Шектілерден келген екі елші А.Тевкелевтің сөзін тыңдап, тіл қатпастан аттарының басын кері бұрып, өз адамдарына қарай шаба жөнеледі.

Төбе басында шоғырланып қарап тұрған шекті елінің батыр-билері екі елшінің хабарын естіген соң, Баби би мен Жантума би: «Орыс мәмлеге көнбеді, ендігі билік өзінде» деп, Сартай батырға қараған. Елден шықпас бұрын, егер екі жақ келісімге келе алмай, қақтығыс болатындай болса, қалған билікті Сартайға беретінін, Сартай батырдың айтуымен қимыл жасайтынын келісіп келген.

Көп ойланып тұрмастан, Сартай батыр елшілік қоныс тепкен аумақты айналдыра қоршап, іштен бірде-бір адамды шығармауды, отын, су, азық тағы басқа тірлікке қажеттілердің барлығын сырттан кіргізбеді жасаққа бұйырған. Қоршауда қалған елшіліктің сыртпен байланысы үзілген. Екі жақ андысып, осылай 10 күн тұрған. Бұл жағдай әсіресе сырттан бақылап отырған Әбілқайыр ханға қатты батса керек. Шектілермен де арасын алшақтатып алғысы келмеген, бір жағынан, екі елдің арасында қан төгіліп, ушығып, соғыс өрті тұтанбауын ойлаған хан Сартай батырға табын Бөкенбай батырды жұмсайды. Бірақ Сартай батыр бұл іске ханның араласпауын, Байғараның құнын төлетпей бұл жерден ешқайда кетпейтіндерін айтқан.

Бұдан кейін Сартай батыр тез арада шешім қабылдап, наурыздың 21-ші жұлдызында қолды екіге бөліп, Ақша мен Құл батырларды башқұрттарды шауып келуге жұмсайды [12; 106].

Бұл башқұрттар қарақалпақ тұтқынынан босап, А.Тевкелевтің өтінішімен қазақтардың арасында бір ауыл болып отырған болатын. Бірде-бір адамын өлтірмеңдер деген тапсырма алған шектілер қолы қатты қарсылыққа тап болады. Айқас таң атқанша созылады, қарсыластардың көбісі жарақаттанады.

Ақша мен Құл батырлардың башқұрттарды шабуға кеткенін естіген Әбілқайыр хан тағат тауып отыра алмай, Бөкенбай батырды нөкерлерімен сонда аттандырады. Бөкенбай батыр кеш жетеді, Бөкенбайдың нөкерлерімен келгенін көрген Құл батыр өзді-өзіміз бір-біріміздің қанымызды қайдағы бір башқұрттар үшін төкпейік деген оймен өз жасағын алып, башқұрттардың жылқыларын алдына салып қуып, бұл жерден кеткен. Бөкенбай батыр да шектілерге қарсы соғысқысы келмей, сол жерде жарақат алған шектінің үш адамын алып, ханға келіп, олардың башқұрттардың 46 жылқысын қуып кеткенін айтып келген. Бұны естіген А.Тевкелевтен маза кеткен. Бір Байғараның құнының үстіне шектінің тағы үш адамын қосып алса, не болмақ. Не болғанда да бұл үшеуі өліп қалмай тұрғанда беріп құтылайын деген ойын Әбілқайыр ханға жеткізген. Хан Бөкенбай батырды Сартай батырға жіберіп, А.Тевкелевтің де көп зиян шеккенін айтып, түсіністікке келуге, бітімгершілікке шақырған.

Құн төлеп құтылмаса, іс насырға шабатынын түсінген орыс елшісі де келіспеске амалы қалмай, осыдан кейін екі жақ бітімге келіп, А.Тевкелев шектілердің талабын қанағаттандырып, Бөкенбай батырдың алып келген үш адамын аман-есен қолдарына тапсырып, құнның көлемін үш жүз қырық жеті сом, елу алты тиынға бағалап, ақшалай есептеседі. Шектілер болса қуып әкеткен 46 жылқының 35 қайтарып, 11 өздерінің жараланған аттарының есебінен ұстап қалған. А.Тевкелев те олардан 11 жылқыны дауламақ түгіл, олармен бітімгершілікке келгеніне қуанып, ризашылықпен тарқасқан. Әбілқайыр хан да шектілердің намысты қолдан бермей, дегендеріне жеткеніне шүкіршілік еткен.

Міне, осы шекті батырының құнын даулауға Баби би мен Жантума бидің қатарында жасы жиырмадан жаңа асқан Сартай батырдың баруы оның бостандық пен еркін өмір салтын берік ұстанған тұлға екенін көрсетеді. Отаршыл орыс елшісін күштеп құн төлетуге көндіруі Сартай батырдың алған бетінен қайтпайтын қайсарлығын, батылдығын, қара қылды қақ жарған әділ би екендігін айқындай түседі.

Ғасырдан ғасырға, ауыздан ауызға тарап жеткен бұл оқиғаның желісі осындай. Бұл оқиға туралы орыс елшісі А.Тевкелевтің сол уақытта жазып қалдырған қызметтік жазба күнделігі сақталған. Одан өзге құжат көзі жоқ. Бірақ осы елдің қариялары бұл оқиғаны (негізгі желісі осы жерде болғандықтан) күні кешеге дейін айтып келген.

Би, батыр Сартай көріпкелділік және алдын ала болжау қасиеттерімен де ерекшеленген.

Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би, ақын, дала данагөйі, пәлсапашы Мөңке би өлерінде «жаназамды Сартай би шығарсын» деген аманатын айтып кеткен көрінеді. Бірақ Мөңке би қайтыс болғанда Сартай батырға хабар тимеген.

Сезімтал Сартай би Алла жазса ақылгөй данамен жүздесіп, келуін сұрауды, о дүниелік болса ақтық сапарға өз қолынан аттандырып, жаназасын шығаруды ойлап, баласына өрісте жүрген ақ желмаяны алдыртып, жазылауды бұйырған. Ақ желмая арғы бабасы Асан Қайғыдан қалған ақ бураның тұқымы, жүрісі жайлы, ұзақ жолға шыдамды болған. Сартай батыр соңғы уақытта ислам дініне ден қойып, Софы Әзиз пірдің бел баласы Қосым қожадан дәріс алып, бакилық болғандардың жаназасын шығарып, батыр, би атағына молдалығы да қосыла бастаған. Ақ желмаяға мінген Сартай би батысты бетке алып, қыр шектісіне жол тартқан. Бірнеше күн жол жүріп, Мөңке бидің ауылына жеткен Сартай би желмаяны шөгеріп, түсіп жатып бұл елдің адамдарының аңтарылып бұған таңдана қарап тұрғанын аңдайды. Сартай би ақылгөй, дана Мөңке бидің үйіне қарай асығыс жүреді. Ел ақсақалдары бұған қарсы жүріп, амандық-саулықтан кейін Мөңке бидің о дүниелік болғанын естіртіп, көңіл айтады. Көріпкел әулиенің «жаназамды жақайым Сартай би шығарсын» деген аманатын қоса жеткізеді. Мөңке бидің көріпкелділігіне талай куә болып жүрсе де, жиналған ел үшін мынау таң қаларлық оқиға болады. Хабарсыз жеткен Сартай бидің тегін адам емес екенін халық мойындаған.

Осы оқиғадан кейін Сартай би әулиелігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, хақ жолын берік ұстаған адалдығымен, әрі дана адамгершілігімен ел жұртына кеңінен танылады. Тіпті өзбек, қарақалпақ, қырғыз, түрікпен жұрты оны «көкірегі пәк адам» деп құрметтеген. Себебі Сартай би елге өзі келіп тиген жау болмаса, жау іздеп жорыққа шығуды қолай көрмеген. Барымта, ел араздығын тудыратын, ел бірлігін бұзатын кез келген келеңсіз оқиғалардан аулақ болуды халқына насихаттап, бірлікке шақырып, ислам дінін уағыздаған. Сартай бидің болашақты айнытпай болжайтын ерекше қабілет иесі Мөңке биді өз қолынан ақтық сапарға аттандырғаны туралы аңыз ауыздан ауызға таралып, кейінгі ұрпақтарына жетті.

Сондай-ақ, ел аузында, бірде Қосым қожа, төртқара Дәулет бақсы, жақайым Сартай батыр үшеуі Қызылдың құмында келе жатып, алдарынан шыға келген қоянды көреді. Қоян да бұлардан үрікпей, арқан бойы жерде көрініп тұрған сексеуілдің түбіне жата кетеді. Сонда ат тізгінін тежеген Қосым қожа: «Мен өлгеннен кейінгі бейітім анау қоян жатқан жер, сен Сартай оң жағыма, Дәулет сол жағыма жайғасарсыңдар» деген екен.

Жасы ұлғайып, әбден қартайған Сартай батыр дүниеден озар шағында ағайын-туыстарымен, балаларымен араздасып, қоштасып: «Мені Қызылқұмдағы Қосым қожаның оң жағына жерлеңдер» деген. Қыс мезгілі болса керек, таңдана қараған балаларын түсінген әкесі: «Қорықпаңдар, мені ақ бураға артып басын бос қоя бер, межелі жерге сол жеткізер» дейді. Қайтпас сапарға аттанған баба сүйегін қыстың саршұнақ аязына қарамастан, ақ бура Қызылқұмды бетке алып, қаралы топты бастап желе жортқанда, күн райы бірден сынып, сіреу қар ери жөнелген. Ешқандай қиындықсыз Қосым қожа бейітіне жеткен қаралы топ Сартай денесін жер қойнына тапсырып, қайтуға жиналғанда, қыс қаһары қайтадан күшіне мінген (*баба құдіретіне таңданбасқа лажсың жоқ.* — Ж.К.)

Кезінде Қаздауысты Қазыбек би Сартай батырға аталық мейіріммен сынап қарап: «Үш жүзге аға болғалы тұрған бала екенсің, есімің ақырға дейін барар», — деп разылығын білдірген.

Сол айтқандай, үш ғасыр өтсе де Сартай батырдың есімін ұрпақтары ұмытқан жоқ. Бабамыздың ерлігі, айтқан билігі осы күнге дейін жетті.

Осындай құдіреттің иесі Сартай батыр қазақ тарихында ең алдымен он бесінде қол бастаған кемеңгер қолбасшы, қаһарман батыр, ел басқарған көсем, ақыл-ойдың алыбы, киелі де қасиетті көріпкел әулие ретінде мәңгі қалмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қосжанов Н. Сартай батыр дастаны / Өңд. Ө.Жолымбетов. — Алматы: Қаржы-қаражат, 1997. — 13-б.
- 2 Жақып Жұмабай. Сартай батыр дастаны // Сыр бойы. — 2000. — 8 шілде. — 3-б.
- 3 Әйтенова К. Сартай батырдың мөрі // Толқын. — 2008. — 27 ақп. — 3-б.
- 4 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. бас ред., 1998. — 471-б.
- 5 Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп тұқияннан өзіме шейін. — Алматы: Жалын, 1993. — 416 б.
- 6 Тынышпаев М. Великие бедствия: Ақтабан шұбырынды. — Алматы: Жалын, 1992. — С. 92.

- 7 Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв.: Сб. документов и материалов. — Т. 1. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. — С. 94.
- 8 Әбдуов Қ. Жанқожа батырдың мылтығы // Дала мен қала. — 2008. — 14 тамыз. — 24-б.
- 9 История Казахской ССР: Науч. изд. — Т. 1. / Ред. кол. М.О.Ауезов. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957. — С. 317.
- 10 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. — Алматы: Санат, 1993. — 655 с.
- 11 Вяткин М.П. Батыр Срым. — Алматы: Санат, 1998. — 343 с.
- 12 История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. — Т. 3: Журналы и служебные записки дипломата А.Н.Тевкелева. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 482 с.

Ж.К.Кенесов

«Мың бала жорығы» под руководством Сартай батыра

В статье рассматривается история похода «Мын бала жорығы» под руководством Сартай батыра, о котором в народе сложены легенды и созданы эпические произведения. Сюжеты анализируются на фоне исторических событий, которые происходили во время казахско-джунгарских войн XVIII в. Автор на основе сравнительного исторического метода анализирует фольклорные и исторические факты, относящиеся как к личности самого батыра, так и ко всем событиям тех времен, где Сартай батыр выступает главным героем. Таким образом, автор впервые вводит в научный оборот новые фольклорные тексты и факты по рассматриваемой теме.

J.K.Kenesov

«Meng Bala zhorygy» under Sartana Batyrev

The article is considered the history «Myn vala zhorygy» under the guidance of Sartay batyr about which were legends and epic histories in the people. These themes analyzed in the historical events which occurred during the time of kazahsko-dzhunqarskih wars of the XVIII century. The author on the basis of a comparative historical method analyzes folklore and the historic facts concerning as to the person of batyr, and all events of those times where Sartay batyr was the main hero. At the first time, the author applies the new folklore texts and the facts of the considered theme.

Ж.Е.Нурбаев

Костанайский государственный университет им. А.Байтурсынова

Из истории распространения католицизма в Северном Казахстане во второй половине XIX – начале XX вв.

В статье рассмотрена история распространения католицизма на территории Северного Казахстана во второй половине XIX – начале XX вв., проанализированы причины и основные направления расселения католического населения, приведен их численный состав по Акмолинской, Тургайской и Семипалатинской областям. Выделены категории переселенцев католического вероисповедания: участники польского освободительного движения, подвергшиеся репрессиям со стороны российских властей, массовый переселенец, или участники крестьянской колонизации, и беженцы — жертвы Первой мировой войны. Приведены сведения о первых католических священнослужителях и их деятельности, а также строительстве молитвенных домов, костелов.

Ключевые слова: Казахстан, Северный Казахстан, многонациональный состав населения, религиозное своеобразие, регион, католические миссионеры, католичество, христианство, переселенческая политика, царская администрация, Российская Империя.

Многонациональный состав населения Северного Казахстана, формировавшийся на протяжении нескольких столетий, во многом предопределил и религиозное своеобразие региона. Первые проявления католицизма на территории Казахстана датируются XIII в. Связаны они с пребыванием католических миссионеров, которые по поручению римских первосвященников ездили к Великим ханам (миссии Г.Рубрука и др.).

В последующие века католичество было вытеснено исламом, и проявлений католичества на территории Казахстана почти не наблюдалось, вплоть до середины XIX в. С этого времени начался новый этап распространения христианства на территории современного Казахстана, связанный с реформами и переселенческой политикой царской администрации Российской империи.

Однако процесс оформления католических общин на соседней территории Сибири мы можем проследить начиная с конца XVIII в. Для XVIII – начала XIX вв. характерен приток на русскую службу большого числа иностранцев. В XVIII в. в Сибири немцы состояли на военной службе, нередко занимая высокие посты, организовывали деятельность государственных учреждений, делопроизводство и администрирование. Среди иностранцев были католики, выходцы из самых разных германских земель, Австрии, Польши, Литвы.

Начало XIX в. ознаменовалось бурными событиями наполеоновских войн и восстанием декабристов. В Сибирь начали поступать военнопленные, среди которых было особенно много поляков-католиков. Большая часть поляков была зачислена рядовыми в Сибирское казачье войско и размещена в укреплениях Сибирских линий. Довольно большое число поляков, которые были представлены в основном военным сословием, добровольно переселилось в западную Сибирь и на территорию Северного Казахстана во второй четверти XIX в. В исповедных реестрах Батальонных военных чинов в середине XIX в. среди списка служащих Линейного Сибирского батальона из 202 человек служащих насчитывалось 2 чиновника римско-католического вероисповедания.

Рост численности римско-католической общины в Западной Сибири и Казахстане происходил также вследствие интегрирования в Российскую империю территорий Польского государства, которое окончательно прекратило свое существование в 1815 г., поэтому среди католиков-прихожан Северного Казахстана доминировали поляки, оказавшиеся в Сибири в силу различных обстоятельств. Можно выделить три их категории: политические ссыльные, добровольные переселенцы и беженцы.

К первой категории следует отнести участников польского освободительного движения, подвергшихся репрессиям со стороны российских властей. Политическая ссылка «во внутренние губернии России» была одной из репрессивных мер правительства по отношению к ним. Значительную часть репрессированных составляло католическое духовенство западных губерний и Царства Польского, которое находилось в оппозиции к русским властям и политике русификации, что выразилось в активном его участии в польских восстаниях 1830–1831 и 1863–1864 гг. [1; 79]. Последствия этих восстаний — ссылка участников антиимперских выступлений и появление первых католических об-

	<p>1940–1950 гг. — размещение промышленных объектов в восточных регионах страны; интенсивное развитие отраслей экономики; перераспределение трудового населения между регионами страны для развития промышленности и сельского хозяйства</p>	<p>1940–1950 гг. — функционирование перемещенных промышленных предприятий; создание новых отраслей хозяйства; развитие энергетики и транспорта; социально-экономической структуры сельского хозяйства; изменение роли в общесоюзном разделение труда</p>	<p>1930–31 гг. — введение всеобщего обязательного начального обучения 1931 г. — введение всеобщего обязательного семилетнего обучения 1934 г. — завершение формирования советской системы образования (Постановление СНК СССР «О структуре начальной и средней школы в СССР») 1940–50 гг. — развитие советской системы начального, среднего и высшего образования</p>	<p>1930–31 гг. — введение всеобщего обязательного начального обучения 1931 г. — введение всеобщего обязательного семилетнего обучения 1934 г. — завершение формирования советской системы образования (Постановление СНК СССР «О структуре начальной и средней школы в СССР») 1940–50 гг. — развитие алфавита казахского языка на основе кириллицы; развитие образова-тельного прострательства на основе казахско-го языка</p>
<p>Начало 1960 гг. — завершение создания индустриального общества; 1960–80 гг. — развитие социалистического индустриального общества; 1984–1991 гг. — модернизация экономики СССР</p>	<p>1969 г. — введение всеобщего обязательного среднего образования; 1973 г. — развитие системы образования и сети учебных заведений (утверждение Верховным Советом СССР «Основ законодательства Союза ССР и союзных республик о народном образовании»); 1984–1991 гг. — развитие личностно-ориентированного образования</p>	<p>1969 г. — введение всеобщего обязательного среднего образования; 1973 г. — развитие системы образования и сети учебных заведений (утверждение Верховным Советом СССР «Основ законодательства Союза ССР и союзных республик о народном образовании»); 1984–1991 гг. — развитие личностно-ориентированного образования</p>	<p>1969 г. — введение всеобщего обязательного среднего образования; 1973 г. — развитие системы образования и сети учебных заведений (утверждение Верховным Советом СССР «Основ законодательства Союза ССР и союзных республик о народном образовании»); 1984–1991 гг. — развитие личностно-ориентированного образования</p>	

Развитие буржуазных отношений в стране (60–90-е годы XIX в.) и расширение сферы применения наемного труда в различных отраслях экономики обнаружили настоятельную потребность в квалифицированной рабочей силе, которая могла свободно перемещаться между регионами страны и за ее пределами. В связи с этим обозначилась проблема эквивалентности образования, получаемого обучающимися в однотипных отечественных и зарубежных учебных заведениях. Поэтому система образования Российской Империи того времени характеризовалась стандартизованностью учебных программ соответствующих видов и уровней профессиональной подготовки и усложнением дифференциации типов учебных заведений, рассчитанных на удовлетворение различных запросов полиэтничного населения страны, различавшегося конфессиональной принадлежностью и хозяйственным укладом жизни.

Процесс индустриализации, начавшись промышленным подъемом в 90-х годах XIX в. в Российской Империи, завершился уже в СССР в начале 60-х годов XX в. В результате ускоренной советской индустриализации увеличилась промышленная сфера, механизация добывающих отраслей и сельского хозяйства Казахстана. В 1961 г. XXII съезд КПСС констатировал, что в СССР построено индустриальное общество [22; 67–68]. Завершение процесса становления индустриального общества произошло в конце 60-х годов XX в. [23; 190] созданием общества массового потребления в СССР, входившего в число наиболее развитых стран мира по индексу человеческого развития. Модернизация экономики СССР во второй половине 80-х годов XX в. [24; 194] способствовала дальнейшему расширению сети учебных заведений, а также созданию личностно-ориентированной модели образовательного процесса на основе дифференциации обучения и учреждению школ нового типа (в том числе и с казахским языком обучения).

Учитывая выводы современных исследователей, что «развившаяся на Западе модель колониализма не может быть просто применена в России» [25] и «в многотрудном процессе мирного сотворчества была создана уникальная цивилизация на основе веротерпимости, взаимного изучения культур и их взаимодействия» [26], анализ развития народного образования Казахстана в XIX–XX вв. целесообразно проводить исходя из комплексного применения положений теорий формационного и постиндустриального развития общества. Основные этапы периодизации развития народного образования должны отражать процесс формирования и развития образовательного пространства, обусловленный возрастанием роли знаний и науки в жизни полиэтничного общества.

Анализируя эволюцию образовательного пространства, можно выделить два основных этапа развития народного образования в Казахстане в XIX–XX вв. (табл. 3).

Т а б л и ц а 3

Развитие народного образования в Казахстане в XIX–XX веках

Период	Содержание периода
1	2
Раннеиндустриальный (начало XIX в. – 90-е годы XIX в.)	
1803–1870 гг.	Функционирование старометодных конфессиональных мусульманских школ; отсутствие образовательного пространства, обеспечивающего деятельность учреждений государственной системы образования; создание светских начальных русско-казахских школ; открытие учебных заведений с русским языком обучения
1871–1898 гг.	Распространение новометодных конфессиональных мусульманских школ; формирование образовательного пространства на основе русского языка и сети учебных заведений государственной системы просвещения; создание сети государственных светских учебных заведений для детей представителей полиэтничного населения; открытие школ с казахским языком обучения; увеличение количества русско-казахских школ
Индустриальный (90-е годы XIX в. – начало 90-х годов XX в.)	
1898–1917 гг.	Подготовка программы введения всеобщего начального обучения детей школьного возраста

1	2
1918–1973 гг.	Создание советской единой трудовой школы; ликвидация безграмотности; завершение формирования единого образовательного пространства на основе русского и казахского языков; развитие советской казахской национальной школы, реализация программ всеобщего начального и среднего обучения
1973–1991 гг.	Развитие сети средних общеобразовательных, средних профессиональных и высших учебных заведений, осуществляющих образовательную деятельность на русском и казахском языках; развитие личностно-ориентированной модели образования

Анализ становления индустриального общества и формирования образовательного пространства в полиэтнических государствах Российской Империи, СССР позволяет проследить логику и объяснить специфику развития образования в регионах. Предложенная периодизация развития народного образования в Казахстане в XIX–XX вв. позволит:

– во-первых, следовать принципу детерминированности исторических явлений; изучить процесс развития образования с учетом возрастания роли знания и науки на разных стадиях исторического развития общества; использовать результаты исследований других наук для воссоздания объективной картины исторического процесса развития народного образования;

– во-вторых, преодолеть традиционные подходы и оценки, сложившиеся в историографии, когда, по словам немецкого исследователя Ф. Паульсена, «историку образования и образовательных учреждений постоянно приходится сталкиваться с одним явлением, представляющимся совершенно ненормальным: неблагодарности, даже претензии, с каким всякая новая эпоха отвертывается от предшествующей, которой она обязана и своим образованием и своим воспитанием» [27; 43].

Список литературы

- 1 Маркс К. и Энгельс Ф. Немецкая идеология. Критика новейшей немецкой философии в лице её представителей Фейербаха, Б.Бауэра и Штирнера и немецкого социализма в лице его различных пророков. 1845–1846 гг. // Соч. 2-е изд. — М.: Госполитиздат, 1955. — Т. 3. — С. 7–544.
- 2 Ленин В.И. Из прошлого рабочей печати в России // Полн. собр. соч. 5-е изд. — М.: Изд-во полит. лит-ры, 1980. — Т. 25. — С. 93–101.
- 3 Берхин И.Б. История СССР (1917–1978): Учеб. пособие. — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: Высш. шк., 1979. — 664 с.; Чунтулов В.Т. и др. Экономическая история СССР: Учебник для экон. вузов. — М.: Высш. шк., 1987. — 368 с. и др.
- 4 История Казахстана и Центральной Азии: Учеб. пособие / М.К.Абусейтова и др. — Алматы: Білім, 1991. — 620 с.; История Казахстана с древнейших времён и до наших дней: (Очерк). — Алматы: Дәуір, 1993. — 416 с.; Саяхимова Ш.Н. История Каркаралинского и Кокпектинского округов (1824–1867 гг.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Семипалатинск, 2010. — 31 с.; Торайғыров Е.М. Социально-экономическое и культурное развитие района Иртышской десятиверстной полосы (2-я половина XVIII – начало XX вв.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Караганда, 2010. — 30 с. и др.
- 5 Маркс К. и Энгельс Ф. Наёмный труд и капитал // Соч. 2-е изд. — М.: Госполитиздат, 1957. — Т. 6. — С. 428–459.
- 6 Альжаппарова Б.К. Традиционное хозяйство казахов в первой трети XX века: трансформация и крушение (по материалам Центрального Казахстана): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 2009. — 30 с.
- 7 Асфендиаров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. — Алма-Ата: Казахстанское краевое изд-во, 1936. — 150 с.
- 8 Очерки истории школы и педагогической мысли народов СССР: XVIII – перв. пол. XIX вв. / Отв. ред. М.Ф. Шабанова. — М.: Педагогика, 1973. — 605 с.; Очерки истории школы и педагогической мысли народов СССР: конец XIX — начало XX вв. / Под ред. Э.Д. Днепра, С.Ф.Егорова, Ф.Г.Паначина, Б.К.Тебиева. — М.: Педагогика, 1991. — 448 с. и др.
- 9 Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. — Алма-Ата: Каз. гос. учеб.-пед. изд-во, 1962. — 367 с.; Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы / Под общ. ред. Н.А. Константинова. — Алма-Ата: Казучпедгиз, 1958. — 327 с.; Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки по истории школ Казахстана (1900–1917) / Под ред. Е.И.Шехтермана. — Алма-Ата: Мектеп, 1972. — 164 с.; Очерки истории и педагогической мысли народов СССР (1941–1961) / Под ред. Ф.Г.Паначина, М.Н.Колмаковой, З.И.Равкина. — М.: Педагогика, 1988. — 272 с.; Очерки истории школы и педагогической мысли народов СССР: 1961–1986 гг. / Под ред. Ф.Г. Паначина, М.Н.Колмаковой, З.И.Равкина. — М.: Педагогика, 1987. — 416 с. и др.
- 10 История Казахстана и Центральной Азии: Учеб. пособие / М.К.Абусейтова и др. — Алматы: Білім, 1991. — 620 с.; История Казахстана с древнейших времён и до наших дней: (Очерк). — Алматы: Дәуір, 1993. — 416 с.; Кожин В.В. Россия. Век XX (1939–1964). (Опыт беспристрастного исследования). — М.: Алгоритм, 1999. — 400 с.; Новейшая история Отечества. XX век: Учеб. для студентов вузов: В 2 т. / Под ред. А.Ф. Киселева, Э.М. Пронина. — М.: ВЛАДОС, 1998 и др.
- 11 Давыдов Д.А. Колонизация Маньчжурии и Северо-Восточной Монголии. — Владивосток, 1911; Гинс Г.К. Переселение и колонизация. — Вып. 2. Земельная политика в колониях. — СПб.: Тип. Ф. Вайсберга и П. Гершунина, 1913. — 65 с.; Кауфман А.А. Переселение и колонизация. — СПб.: Тип. т-ва «Обществ. польза», 1905. — 349 с. и др.
- 12 Народонаселение: Энциклопедический словарь / Гл. ред. Г.Г. Меликьян. — М.: Большая Рос. энцикл., 1994. — 640 с.

- 13 Ленин В.И. Развитие капитализма в России // Полн. собр. соч. 5-е изд. — М.: Изд-во полит. лит-ры, 1978. — Т. 3. — 791 с.
- 14 Сулейменов Б.С. Проблемы истории дореволюционного Казахстана в советской историографии / Вестн. АН Казахской ССР. — 1968. — № 1. — С. 46–53; Васин К.Л. Административные и судебные реформы 60–90-х гг. XIX в. в степных областях Западной Сибири (Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Омск, 2008. — 26 с. и др.
- 15 Султангалиева А. Эволюция ислама в Казахстане [Электронный ресурс] // Режим доступа: http://www.cac-s.org/journal/cac-05-1999/st_06_sultangal.shtml.
- 16 Свод законов Российской Империи. Полный текст всех 16 томов, согласованный с последними продолжениями, постановлениями, изданными в порядке ст.87 Основного Закона и позднейшими узаконениями: В 5 кн./Под ред. И.Д.Мордухай-Болтовского. — СПб.: Русское Книжное Товарищество «Деятель», 1912. — Кн. 1. — С. 427–471, 531–586; Конституция (Основной Закон) Союза Советских Социалистических Республик; Конституции (Основные Законы) союзных советских социалистических республик. — М.: Изд-во «Известия», 1985. — 743 с.
- 17 История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане. — Алматы, 1998. — 87 с.; Алимбаева Б.Б. Политика Российского правительства в отношении оренбургских казахов в XVIII–XIX веках: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — М., 2008. — 27 с.; Торайгыров Е.М. Социально-экономическое и культурное развитие района Иртышской десятиверстной полосы (2-я половина XVIII – начало XX вв.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Караганда, 2010. — 30 с.; Саяхимова Ш.Н. История Каркаралинского и Кокпектинского округов (1824–1867 гг.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Семипалатинск, 2010. — 31 с. и др.
- 18 Гуревич А.Я. Философия и историческая наука // Вопросы философии. — 1997. — № 6. — С. 5–63.
- 19 Арон Р. Этапы развития социологической мысли. — М.: Издат. гр. «Прогресс» — «Политика», 1992. — 608 с.; Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество: опыт социального прогнозирования / Пер. с англ.; Под ред. В.Л. Иноземцева. — М.: Academia, 1993. — 596 с.; Тоффлер Э. Третья волна: Пер. с англ. — М.: ООО «Издательство АСТ», 2004. — 781 с.
- 20 Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Педагогическая антропология. — Собр. соч.: В 11 т. — М.-Л.: АПН РСФСР, 1950. — Т. 8. — С. 7–679.
- 21 Философская энциклопедия: В 5 т. / Гл. ред. Ф.В.Константинов. — М.: Сов. энцикл., 1967. — Т. 4. — 591 с.
- 22 Двадцать второй съезд КПСС: Москва, 17–31 октября 1961 г. // КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898–1986): В 15 т. — 9-е изд., доп. и испр. — М.: Изд-во полит. лит-ры, 1986. — Т. 10. — С. 59–204.
- 23 Пленум ЦК КПСС: Москва, 20–21 июня 1967 г. // КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898–1986): В 15 т. — 9-е изд., доп. и испр. — М.: Изд-во полит. лит-ры, 1986. — Т. 11. — С. 170–234.
- 24 Двадцать седьмой съезд КПСС: Москва, 25 февраля–6 марта 1986 г. // КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898–1986): В 15 т. — 9-е изд., доп. и испр. — М.: Изд-во полит. лит-ры, 1989. — Т. 15. — С. 66–254.
- 25 Черказьянова И.В. История школы российских немцев XIX – начала XX века в терминах и понятиях // Вестн. Челябинского гос. ун-та. Сер. История. — 2008. — Вып. 25. — № 18 (119). — С. 39–45.
- 26 Шайдуддина Л.Д. Мусульманские образовательные традиции в Среднем Поволжье, их взаимодействие с системой российского образования [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.tisbi.ru/science/vestnik/2003/issue2/cult17.html>.
- 27 Паульсен Ф. Исторический очерк развития образования в Германии. — М.: Изд. «Г-ва И. Д. Сытина», 1908. — 333 с.

А.В.Перминов

XIX–XX ғасырлардағы Қазақстанның халыққа білім беруін кезендерге бөлу

Тарихи-педагогикалық әдебиеттерде берілген XIX–XX ғғ. Қазақстандағы білім берудің дамуының кезендерге бөліну ыңғайы сипатталған. Полиэтникалық қоғамдағы білім берудің эволюциясын менгеруде тарихи-әлеуметтанудың «өсу тұжырымдамасын» қолдану мақсатқа лайықты негізделген. Дәстүрлі және индустриялық қоғам жағдайларындағы білім берудің даму ерекшеліктерін анықтайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық факторларға салыстырмалы талдау және жүйелеу жүргізілді. Қоғамының индустриялану кезендерін есепке ала отырып, XIX–XX ғғ. Қазақстанда білім берудің дамуы кезендері бөліп көрсетілген.

A.V.Perminov

Periodization of public education in Kazakhstan XIX - XX centuries

The Characterized approaches to periods of the development of the formation in Kazakhstan in XIX–XX age, presented in historian-pedagogical literature. Motivated practicability of the use historian-sociological «concepts of the growing» in study of the evolutions of the formation in polyethnic society. Systematization and comparative analysis of basic socio-economic factors, defining the peculiarities of education development within the frame of traditional and industrial society were made. Periods developments of the formation will presented in Kazakhstan in XIX–XX age with account stage shaping industrial society.

А.А.Жұмашова

*Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, Шымкент***Отырар жәдігерлеріндегі ою-өрнектер**

Мақалада ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар қаласының және онымен іргелес жатқан отырар-қаратау мәдениетіне жататын ежелгі қалашықтардың орнынан табылған заттардағы ою-өрнектер және ХІХ–ХХ ғғ. халық қолданбалы өнерінің жәдігерлері жүннен, ағаштан, сүйектен, металдан жасалған заттар мен зергерлік бұйымдардағы ою-өрнек түрлері зерттелген. Отырар өңірінен археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан жасалған құмыра, саптыаяқ, тостаған, табақ, хум, кесе т.б. ыдыстардағы, алтын, күміс, мыс теңгелердегі, шыныдан, металдан жасалған заттардағы отырар-қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер мен ұлттық колөнеріміздің озық үлгілері ХІХ–ХХ ғғ. этнографиялық заттардағы ою-өрнектер қала мәдениеті мен экономикасы, ғылымы мен өнері, қоғамның дамуы жайында мол мағлұмат бере алатыны баяндалды. Қазақстанның музейлеріндегі қойылған осы заттардағы ою-өрнектерге қарап көшпенділер атанған қауымның ғылыми пайымы мен рухани өресі аса жоғары болғандығы байқалады.

Кілтті сөздер: Қазақстан, Отырар, мәдениет, колөнер, ою-өрнек, бұйым-мүліктер, құрал-саймандар, археологиялық зерттеулер, этнографиялық мұра, дәстүр, көне жазбалар.

Халқымыз ою-өрнек арқылы өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын көрсете білді. Жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып түсірген. Бұйым-мүліктерде, аң-құстың, малдың суреттерін өрнектеп салып, қарым-қатынас құралы ретінде белгілі бір ұғым-түсініктерді аңғарып отырғаны деректерден белгілі.

Белгілі бір қажеттіліктерден туындаған ою-өрнек келе-келе сәндік, салтанат белгілеріне айналып, әр түрлі жағдайда дамып, түрленіп отырғаны археологиялық зерттеулер, этнографиялық мол деректер мен көне жазбалардағы мәліметтер арқылы белгілі. Оюлар мен өрнектер — ежелгі көшпелі тайпалардан келе жатқан дәстүр сабақтастығының көрінісі. Сондай-ақ ою-өрнек тарихын Ә.Х.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, К.Ақышев, Қ.Байпақов, М.Ш.Өмірбекова, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ә.Тәжімұратов сынды белгілі ғалымдар зерттеп, ғылыми еңбектер арнады. Қазақ ою-өрнегін ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеген ғалым-академик Ә.Марғұлан. Ғұлама ғалым ою-өрнек тарихын егжей-тегжейлі зерттей келе, олардың даму тарихына тоқталады. Ал этнограф Х.Арғынбаев Республикамыздың әр өңірлерінде ғылыми экспедиция ұйымдастырып, қазақ халқының колөнеріне байланысты көптеген деректер жинастырды. Елімізге белгілі этнограф С.Қасиманов жаңа қазақ ою-өрнектері үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден, мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден, жер, су, көшіп-қону көріністерін; үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді дейді [1]. Ою-өрнек өнері көне замандарда қалыптасып, дамып бүгінге дейін өз қасиетін жоғалтпай келе жатқан мәдениет үлгісі ретінде аталады. Өрнек үлгілерінің үй тұрмысында, өнеркәсіпте, архитектурада әлем өмірінің дамуында қолданылмайтын жері жоқ.

Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азияның мәдениетін тоғыстырған халықаралық сауда жолы — Ұлы Жібек Жолы ежелгі өнер мен діндердің таралуын, музыка, архитектура, мәдениетті өмірге әкелді. Өз құрамына кіретін халықтардың экономикасы мен мәдениетінің дамуында басты рол атқарды.

Оңтүстік өңірі мен Жетісу қалаларында сол кездің әлемін тәнті еткен сәулетті сарайлардың, мешіт, медресе, озық құрылыс үлгілерінің болғандығы мәлім. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын, күміс, мыс теңгелер, терракота, керамика шыныдан жасалған заттар, киім әшекейлеріндегі Отырар-Қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылымның дамуының көрсетеді. Қазақстанның ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында Қытай, Византия, Иран, Үндістанда соғылған теңгелер, қытай керамикасы мен фарфоры, сириялық әйнектер мен самарқандтық қыш ыдыстар т.б. заттар табылды, бұлар сол елдерден Ұлы Дала деген атпен енген қазақ кеңістігіне керуендер арқылы жеткен. Заттардың әрқайсысы әркімді қызықтырмай қоймайды. Қазақстанның музейлерінде қойылған осы заттардағы ою-өрнектерге қарап көшпенділер атанған қауымның ғылыми пайымы мен рухани өресі аса жоғары болғандығы дәлелденеді. Олар көбінесе өсімдік тектес, зооморфтық ою-өрнектер болып келеді.

Халықаралық сауда жолы Ұлы Жібек жолы арқылы жеткен Сырдария бойының ортағасырлық қалаларында атап айтар болсақ, Отырардан бірнеше заттар табылды. Жардың ішінен әсіресе Қытайда жасалған жолбарыс бейнелі нефрит жапсырма, Қытайдан, Үндістаннан әкелінген фарфорлар, Ираннан әкелінген ыдыстар ондағы ою-өрнектер өсімдік тектес болып келген.

Көптеген тарихи деректер мен соңғы кездегі археологиялық қазбалар отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде, көне замандарда қала салу мәдениетінің едәуір дамығандығын дәлелдеп отыр [2]. Далалық өркениеттің бесігі болған Қазақстан қалалары әсіресе X–XII ғасырларда гүлденіп, мәдениет, ғылым мен өнер шыңына жетіп қолөнер, сауда мен ауыл шаруашылығының шоғырланған орны болды. Бұған Ұлы Жібек жолы басты рөл атқарды. Халықтың өмір сүретін аймақтарына байланысты ою-өрнек үлгілері дамып отырған, мысалы, отырықшы өркениеттің өнері өсімдік өрнектері болса, көшпелілер мәдениетінде, ыдыстарда айбарлы жолбарыс, тау теке, барыс, қабан, арқар, құлан, кер марал секілді жануарлар суреті салынды. Бұйымдардағы ою-өрнектер қоғамның дамуы жайында құнды мәліметтер береді. Мысалы, көркем өнердің көрсеткіші қыш бұйымдардағы жазулар халықтың жаза білгендігін көрсетсе, Отырар, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Көкмардан т.б. қалалар мен қалашықтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттардағы ою-өрнектер Отырар өңірінің заттық және рухани мәдениетінен мол мағлұмат бере алады.

Қазақ халқының өткен тарихын тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені — музей арқылы жас ұрпаққа танытудың маңызы зор. Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі рухани өміріміздің өркенді өнегесіндей болып өзгелердің назарына ілігіп келеді, оның қорында бүгінгі таңда 22000-нан астам жәдігер сақталуда, бұлар асылдың сынығындай тұлпардың тұяғындай қастерлі дүниелер. Басым бөлігі ежелгі қолөнердің биік туындылары болып саналатын археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар мен этнографиялық мұраларға жататын үй бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен аспаптар, киім-кешек т.б. заттар. Көріп көңіл толтырар мұралар бір күннің, бір жылдың емес, ғасырлар бойғы халық мәдениетінің өнерінің көрінісі. Мұнда әр ұрпақтың үлесі бар. Аталған заттардағы ою-өрнектерге қарап ата-бабаларымыз табиғатта болып жатқан сұлулықты ою-өрнекке түсіріп, сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттағаны белгілі екенін түсінеміз. Ою-өрнектердің негізгі бөлігін космогониялық, зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық деп бөлуге болады.

Зооморфтық бейнелер ежелден көшпелі өркениет мәдениетінде әлемнің үлгісін көрсету құралы ретінде қызмет еткен. Қазақ халқының тұрмысында көп қолданылатын оюдың атасы қошқар мүйіз өрнегі, оның қолданылмайтын жері жоқ. Қошқар мүйіз өрнегі — байлық пен молшылықтың нышаны. Мүйіз элементтерімен бедерлеу көнеден келе жатқан дәстүр, археологиялық, этнографиялық деректер мен музей коллекцияларына сүйенсек, қошқар — батырлықтың, мықтылықтың символы, өніп-өрбу мен құт символы. Кей халықтарда қошқар образы билікпен теңестіріледі, оған мысал ретінде кейбір жазба деректер мен эпостық жырлардағы Орта Азия билеушілерінің тақтарын алуға болады. Тақтардың кейбір бөліктері мүйізі артқа қайырылған қошқар образына берілген. Сондай-ақ қошқар бейнесі салынған қыш бұйымдар Сыр бойын, оның ішінде Отырар төңірегін мекендеген тайпаларға тән болған. Оған дәлел — Отырар, Көкмарданнан табылған ыдыс қақпақтарының тұтқасы. Қошқар бейнелеріндегі мүсіндер тас қашау өнерінің ең озық үлгілері болып табылатын мүсіндерде қошқар бейнесі бейнеленген. Оған Үстірттегі «Қосаба» қорымының (Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы) қошқартастарын жатқызуға болады [3; 88]. Қолөнерімізде мүйіз тектес ою-өрнектердің бірнеше түрі бар — қос мүйіз, төрт мүйіз, қырық мүйіз, қошқар мүйіз, арқар мүйіз, марал мүйіз, бұғы мүйіз, сыңар мүйіз, сынық мүйіз т.б. өрнектер.

Қазақстанда зергерлік өнері б.э.д. 2 мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап белгілі [4; 24]. Зооморфтық өрнекке жататын арқар, қошқар, бұғы мүйіздері мен арыстан, жолбарыс, балық, қыран, аққу құстардың бейнелерін тұрмыстағы заттарға ойып, зерлеп тоқыған, бұлар әсіресе қола мен мыстан жасалған зергерлік бұйымдар арқылы бізге жеткен. Жануарлар бейнесімен әшекейленген бұйымның бірі — айналар Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Мысалы, Орталық Қазақстандағы б.э.д. V–III ғғ. тән жануар бейнесі әшекейленген айна, Отырардан, Сарайшықтан, Павлодардың Ертіс бойынан, Еділ бойындағы алтынордалық кезеңнің ескерткіштерінен табылған балық бейнесімен безендірілген айналар ерекше көз тартады. Балық бейнесімен безендірілген айналарға тоқталатын болсақ, олар әсіресе зергерлік бұйымдарда көп қолданылады. Қазақтарда ол — су мен жер символы, тазалықтың символы. Сондай-ақ, этнографиялық деректер бойынша, балықтар жаман нәрселерді қуады, кеселден айықтырады деп сенген. Отырардан табылған айналардың келесі

тобы арыстанның, бұғы және иттің суреттері бар, диаметрі 14,2 см болатын айнаның бұл түрі XI–XII ғғ. кезеңіне жатады [5; 171]. Мұндағы әшекейленген бұғы бейнесіне келетін болсақ, ол Орта Азияның түркі-монғол өнерінде кең тараған. Бұғы киелі жануар ретінде аңыздарда көп айтылады. Мысалы, Қозы-Көрпеш — Баян сұлу жырында ол туралы айтылады. Сондай-ақ бұғы мүсіні Павлодар аймағындағы қорымдардан табылған қапсырмада кездеседі. Ал арыстан бейнесі Қазақстан өнерінде б.э.д. IV–III ғғ. бері белгілі. Түркі дәуірінде арыстан бейнесі металдан, саздан жасалған жәдігерлерде кең өріс алды. Отырарға айналар алғашқыда Қытай, Ираннан Жібек Жолы арқылы жеткізілсе, кейіннен айналардың қалыбы құйылып алынып олардың бір бөлігі Отырарда жасалына бастады [6]. Жануарлардың шынайы, қияли образын түрлі көріністе бейнелеу сақтардан бастау алады. Ежелгі адамдар өздерін табиғаттың ажырамас бір бөлігі деген дүниетанымнан болу керек, олар қоршаған ортаны бейнелеуде асқан шеберлікті танытты деп жазады зерттеуші М.Ш.Өмірбекова. Аң, құс, жануарлар бейнеленген заттар қасиетті саналып, олардың тырнақ, сүйектерінен тұмар жасаған, сақ дәуірінен бастау алған аң стилі бірте-бірте өзгерістерге ұшырап отырған. Аң стилінің қалыптасуының басты себебі, адамдар аңдар мен жануарлардан пайда болды деген қиялдан туған болу керек. Зергерлікпен қиюластырған Есік обасынан табылған сабы алтын қапсырмалармен әшекейленген ақинақ қанжарда жылан, қасқыр, арқар, киік, тау теке, қоянның шағын мүсіндері бейнеленген.

Отырар және осы алқаптың басқа да қалаларынан археологиялық қазба жұмыстары барысында қой және қошқар мүйізі, түйе, қабан, ақбөкен мүсіні, құстардың пішініндегі бейнеленген бұйымдар табылды.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорында жоғарыда аталған қыш ыдыстардың көз тартарлық бірнеше түрі бар. Отырар керамикасының форма жағынан, бояуы мен өрнек композициясы жағынан Орта Азия, Мерв, Самарқанд, Ташкент, Созақ керамикасымен ұқсастығы бар екені анықталған. Отырар өңіріндегі ежелгі қалалар мен қоныстарды қазған кезде табылған ыдыстар мен ыдыс қақпақтарында зооморфтық өрнек бейнеленген. Әсіресе қошқар бейнесі қақпақ тұтқаларында көп кездеседі. Қой малы — бұл сонау көне замандардан күні бүгінге дейін адамзат баласының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өте үлкен рөл атқарып келе жатқан төрт түліктің бірі. Ол қуаныш, байлық, көшпелілер тіршілігінің күре тамыры, күллі ішіп жемі мен күн көрісі [3; 92]. Сондай-ақ қошқарды кие тұту хорезмдік өзбектерде де, түрікмендерде де болған.

Қазақтардың наным-сенімдерінде қошқардың орны ерекше: оны құрбандыққа шалып, қорғаушы ретінде қадірлеген [5; 227]. Қошқар бейнесі — батырлық пен мықтылықтың символы, құт, өсіп-өрбу символы.

Отырар мен Құйрықтөбеде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ақиқаттан жасалған жартылай құс пен жартылай жылқы бейнеленген мөрлер табылған. Негізінде жылқы да құс та баптауға негізделген. Жылқы малы көшпелілердің қоғамдық-экономикалық дамуында өте үлкен рөл атқарып келе жатқан үй жануары. Жылқы — қазақ үшін сән-салтанат, сұлулықтың өлшемі. Қазақстандық өркениет белгілі бір мөлшерде жылқы малымен тығыз байланыста болған, өйткені атсыз мал бағу, былай тұрсын онсыз шексіз қиянда өмір сүру өте қиын. Батыр атану тек жылқы малының арқасында ғана мүмкін болғандығын түсінген ата-бабамыз жақсы атты ер қанаты деп санаған. Әсіресе әскери аттармен сәйгүліктерге аса құрметпен қарап күтім жасаған [3; 21]. Ыдыстарда кездесетін құстар бейнесі, мысалы, әтеш пен қырғауыл жалпақ, тегіс қақпақтарда таңба ретінде белгіленген. Отырардан табылған сынған ыдыстар жиынтығынан ақ жамылғыға көк түспен қонақтап отырған құс бейнеленген, оның айналасы өсімдік өрнектерімен айшықталған түрі көп кездеседі.

Сондай-ақ түйе мүсіні бейнеленген ыдыстар да кездеседі. Оның бейнеленуі орта ғасыр дәуіріндегі қала тұрғындары арасында түйені кие тұтқан наным-сенім ұзақ уақыт сақталғанын көрсетеді. Түйе — қазақтың көшпелі шаруашылығында көш пен жүк көлігі ретінде ұстаған төрт түлігінің бірі. Сукұйғышта бейнеленген түйенің бейнесі ыдыс күйдірілгенге дейін жырып салу әдісімен бейнеленген. Сондай-ақ сукұйғыш ыдыстарда бұқаның бейнесі кездеседі. Қоладан жасалған заттар Көкмардан зиратынан табылды. Олардың арасынан ешкі т.б. аң, құстардың пішініндегі қола тұмаршаларды кездестіреміз. Құс суреті бейнеленген Құйрықтөбеден табылған ыдыстарда жасыл және қызыл бояулармен салынған қырғауыл суреті ақ түстің үстінде бейнеленген. Ал Отырар қаласының орнынан табылған шаш түйреуіштің бас жағына қонақтап отырған құс бейнеленген. Жетісудың оңтүстік-батысында орналасқан саздан жасалған жәдігерлерде де құс суреті бейнеленген. Мысалы, сол өңірден табылған дастархан бетіне тоты, қырғауыл, көгершін суреті бейнеленген [4; 78].

Зооморфты өрнекке жататын өрнек құлжа мойын, қаз мойын, бұғы мүйіз, сынық мүйіз, құс тұмсық, құс таңдай, бүркіт қанат, лашын қанат өрнектері мен ежелгі өрнек бота мойын, түйе табан

деп аталады, бұлар жүннен жасалған бұйым кілемде көп кездеседі. Қазақ хандарының бір-біріне сыйлаған кілемдерінде халық шеберлерінің өнерін көреміз. Мысалы, археологиялық қазба жұмыстары барысында да б.э.д. V–III ғғ. жататын жүннен жасалған заттар 1929 жылы Алтайдан Ян Улаган өзенінің жағасынан және б.э.д. I мыңжылдықтың ортасына жататын Іле өзенінің жағасынан табылды [7; 39]. Сақтар үйлерін жабу үшін де, еденге төсеу үшін де жүннен жасалған бұйымдарды пайдаланған. Сақтардың бас киімі шошақ бөрікті де жүннен тоқыған. Қазақтың киіз үйінің ертеден келе жатқан тарихы бар. Ол туралы қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатынын саяхатшылар мен дипломаттар жазып қалдырған, қазақ жеріне жасалған жорықтар кезіндегі жазбаларда көп жазылған. Француз монахы Гильом де Рубрук XIII ғ. ортасында қазақ даласы арқылы жасаған саяхатында киізден жасалған дөңгелекті үйлер туралы былай деп жазады: доңғалақты арбалар үстін ақ киізбен жапқан. Ол киіз өте әсем әр түрлі өрнектермен безендірілген. Қазақтың төрт құлақ өрнегі бесінші Пазырық қорғанынан табылған кілемде кездеседі. Ал, лашын қанат өрнегі көбінесе тұс киіздерде кездеседі. Сырмақ сыру өнері Қазақстанның барлық өңірінде кең тараған, олардың бетіне төрт құлақ, сыңар мүйіз, қос мүйіз өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі.

Зооморфтық өрнек түсірілген бұйымның келесі түрі — ағаштан жасалған кебежелер. Этнограф Х.Аргынбаев өз еңбектерінде Алматы, Семей, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Торғай өңірлеріндегі кебеже түрлеріне тоқталған. Кебежелердің бетіне түсірілген ою-өрнектер көбінесе зооморфтық болып келген. Ағаш ою-өнері оңтүстік өңірінде де кең тараған, кебежелер мен жүк аяқтардың бетіне мүйіз өрнегі түсірілген. Зергерлік бұйымдар: жүзік, шолпы, шашбау, кемер белдіктер беттеріне де мүйіз тектес өрнектер көп қолданылады. Мысалы, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіндегі жәдігерлердің ішінен білезіктің ортасына төрт құлақ өрнегі, қос қапталына үш-үштен алты қос мүйіз өрнегі, екі басына да мүйіз өрнегі салынған түрін ерекше атауға болады. Зергерлік бұйымның келесі түрі жүзіктің де бетіне қошқар мүйіз өрнегі түсірілген.

Ою-өрнектің келесі түрі ең ежелгі өрнек космогониялық ою-өрнек болып табылады. Олар күн көзі, күн сәулесі, шыққан күн, ай гүл, айшық гүл. Бұл өрнектер саз балшықтан жасалған заттарда, ағаштан, жүннен жасалған бұйымдар мен архитектуралық декорларда кездеседі. Ою элементтері қоршаған ортадан алынған, олар: аспан денелері, ағып жатқан су, ирек жол, шоғырланған жұлдыздар т.б. көріністер. Ата-бабаларымыз космогониялық ою-элементтерін ыдыстарда қолдана отырып, өз өмірлерінен түрлі көріністер түсірген. Әсіресе сақ заманындағы мәдени мұралар мен материалдық заттардың қалдықтарынан қазақ ұлтының, ежелгі сақтардың мұрагері екендігі байқалады. Ежелгі сақтардың өнерінде бұл өрнектер молынан кездеседі. Ұлттық қолөнеріміздің озық үлгілері тұрмыстық бұйымдар, киіз үй жабдықтары, киім-кешек, ыдыс-аяқтарда космогониялық өрнектер бейнеленген. Мысалы, ғұн дәуірі ескерткіштерінде ежелгі өрнектің біріне жататын «ай гүл» өрнегі көп кездеседі. Ал, күн символы өрнегі архитектуралық декорларда, Жамбыл өңіріндегі Бабаджа Хатун мавзолейі фасадында, Орталық Қазақстандағы Алаша хан мавзолейінде кездеседі.

Ғылым мен білім, діни руханият, мәдени орталықтың үлкені — Отырар қаласының орнынан табылған, X–XI ғғ. тән көзенің мына бір түріне мойнынан төмен қарай айналдыра күн сәулесі деп аталатын космогониялық өрнек түсірілген. Аталған өрнек түсірілген заттың келесі түрі — ас ішетін ыдыс-аяқтардың әр түрлі көлемдегі қақпақтары. Мына бір қақпақ түрі бетіне айналдыра космогониялық өрнек түсірілген, одан төмен қарай тырнақша, сызықша тәрізді түсірілген өрнектер құлпытастың бір шетіне ғана салынған қақпақтың осы үлгілері көп кездеседі. Келе-келе бұл өрнектер ағаштан жасалған бұйымдар мен қазақтың жүннен жасалған бұйымдарының ішінде кілемде көп қолданыла бастады. Отырар өңірінде ағаштан жасалған ыдыс-аяқ сақтап қоятын асадалдың мына бір түрі ерекше көз тартады, оның екі ашпалы есігінің ортасына үлкен күн сәулесі өрнегі түсірілсе, оны айналдыра төрт бұрышына да майда күн сәулесі өрнегі орналасқан.

Әрбір үлкен қалаларда ұсталық, сүйек ұқсату, шыны өндірісі, зергерлік тәрізді көптеген қолөнер түрлері дамып, оларға қолданылған ою-өрнектер халқымыздың тұрмысы мен өмірі туралы құнды деректер береді. Ою-өрнектің келесі түрі өсімдік тектес. Оған — ағаш гүл, алма гүл, масақ гүл, тораңғы гүл, сегіз пісте, бәйшешек, қызғалдақ гүл, гүл бадам т.б. өрнектер жатады. Мұндай өрнектермен тұрмыста қолданылатын ыдыс-аяқтар, жүннен, ағаштан жасалған бұйымдар, қыз-келіншектердің әшекей заттары әшекейленген. Қазақстанның барлық өңіріндегі ескерткіштерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған керамика тобына жататын ыдыстарда өсімдік өрнектері көп кездеседі. Мысалы, Тараздан табылған IV–VI ғғ. тән керамикалық бұйымдарда жапырақ, қауыз, ашылған гүл бейнелене келе, бір-біріне жалғанған жапырақтар саздан жасалған заттардың шеттерінде кездеседі. Сондай-ақ бір-бірімен жалғанған өсімдіктер бейнеленген

өрнектер IX–XII ғғ. оңтүстік-батыс Жетісудан табылған ыдыстарда кездеседі. Отырар керамикасына келер болсақ, бұл аймақтағы темір өндірудің ірі орталығы болған Құйрықтөбеден X–XI ғғ. жылтырақ керамика тобына жататын ыдыстарынан және жылтырақ емес керамика бұйымдарынан да өсімдік тектес ою-өрнекті кездестіреміз. Ал, XIV–XV ғғ. кезеңінде Отырар алқабында керамика қалыпқа құйылған өрнекпен дайындалған, бұл үшін арнайы қалып қолданылған. Археологиялық зерттеулер бойынша XV–XVI ғғ. қаланың өркендеуі жылтыратылған ыдыстардан байқалады. Тостаған, табақтарда, тәрелкелерде бейнеленген өсімдік өрнектер: өсімдік сабақтары, гүлдердің әр түрлі суреттері өзара үйлесім тапқан. Мысалы, Отырардан табылған мына бір ыдыста көк сырмен салынған суреттер әдетте күрделі өсімдік өрнектерін құрайды. Ақ жамылғыға көк түспен гүл жапырағы мен қауызы берілсе, тостағанның ортасына сегіз жапырақ өрнегі түсірілген, Отырар керамика жиынтығында біраз тостаған сынықтары бар, ыдыстардың түбінің безендірілуі әр түрлілігімен ерекшеленеді, бірінің ортасына төрт жапырақ, сегіз жапырақ, алты жапырақ түрінде өрнектер түсірілген түрі болса, енді бірінде белдеулер арасына шыршаға ұқсас өрнек түсірілген. XV–XVI ғғ. кезеңіндегі Отырар керамикасының Ташкенттің, Самарқандтың, Үргеніштің, Бұхардың керамикаларымен ортақ тұстары көп. Өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген бұйымдардың келесі тобы — металдан жасалған бұйымдар. Бұлар Қазақстанның барлық өңіріндегі қазба жұмыстары жүргізілген қалалардан табылды. Мысалы, б.э.д. III–II ғғ. тән Теңлік қорғанынан табылған (Шығыс Жетісудан) алтын қапсырманы атауға болады, оның бетіне үш жапырақ, лотос гүлі, сабағы түріндегі өсімдік өрнектері түсірілген.

Отырардан археологиялық қазба жұмыстары барысында бетінде өрнегі бар сақина, сырға, жүзік, білезік тәрізді зергерлік бұйымдар табылды. Әйелдердің тұрмыстық әшекей заттары өте күрделі ою-өрнекпен безендіріліп көзіне асыл тастар орнатылған. Әсіресе мыстан, қоладан жасалған бетінде өрнегі бар жүзіктер ерекше көз тартады. Бірінің беті төрт жапырақ болып келген, бетіне сердолик, лазурит, нефрит, яшма, гагат, агат, серпантинат, тау хрусталі т.б. көздер орнатылған жүзіктер кездеседі, бетіне төрт жапырақты ойма гүл өрнегі бедерленген жүзіктер де кездеседі. Отырардан табылған жалпақ сымнан соғылған жүзік ерекше көзге түседі. Сымның ұштары екіге айырылған, шет-шетінде тас қондыратын ұялары бар, ал тастың өзі түсіп қалған. Жүзіктің сынып қалған үш гүл қалқаншасы да қызығушылық тудырады, олар дұрыс алтыбұрыш түрінде берілген. Бірі тегіс, екіншісіне төрт күлтелі гүл салынса, үшіншісіне бір-бірімен қиылысып жатқан алты бұрыш кескінделген [5; 181]. Сондай-ақ әр түрлі көлемдегі білезіктер көп кездеседі, олар қимасы жалпақ, дөңгелек өрілген, шиыршықталған, пластинка тәрізді: алты бұрышты жыланбас білезіктер, төрт жапырақты гүлді, үш бұрышты, ширақталған өсімдік сабақтары бейнеленген білезіктер көп тараған. Отырардағы зергерлік өнердің жоғарғы деңгейде болғанын көрсететін алтыннан жасалған XII–XIV ғғ. тән иіс су ыдысының алтын қорабын атауға болады. Алтын қорап бес қырлы болып жасалған, түбі ашық үсті бес қатардан айналдыра сатыланып, бірте-бірте кішірейіп төбесі тәж тәрізденіп аяқталған, қақпағы бар. Әрбір қабырғасының төсегін торлап тоқыған. Қабырғаларының ортасында гүлдесте өрнегі бір текше көтеріліп жапсырылған, оның ортасына және айналдыра өте нәзік гүл өрнектері жапсырылған. Салмағы 6 грамм, 400 мг. Негізінен зергерлік әшекей бұйымдарды арнайы қалыптарда жасап шығарды. Мысалы, Отырартөбеден табылған XVI–XVII ғғ. тән қалыптардың бірі сырға жасауға, екіншісі тас агальматалиттен жасалған, олар білезік құюға арналса, үшіншісі салпыншақ, төртіншісі моншақ жасауға арналған, ал зімпара атты түрпілі құралды түрлі-түсті тастарды, металды, ағашты тегістеуге, өңдеуге, тазалауға қолданатын болған. Металдан жасалған бұйымның келесі түрі Отырардан табылған кісе белдіктің бөлшегі — айылбас, ондағы өрнектер өсімдік тәрізді болып келген. Ал Отырардан табылған қола сиясауытқа келер болсақ, өте бай өрнектелген. Оның жаны мен алмалы-салмалы қақпағындағы медальондарда берілген үйректің бейнесінің жан-жағын өсімдік өрнегі көмкеріп тұр.

Өсімдік бейнеленген заттың келесі тобы — айналар. Отырарда айна жасау орталықтары кеңейе түсті. Отырардан табылған мына бір айна түрі ерекше көз тартады. Диаметрі 7,5–8 см дискі түріндегі ернеуі бар және сырт жағының ортасында ілмегі бар бұйым. Бедерлі өрнегіне тән нәрсе — ортасындағы жапырақ тәрізді өрнек, ал оның айналасына сабақтары иілген және жүрек тәрізді пішіндермен үш жапырықшалардың қосылуынан тұратын айшықты өсімдік өрнегі болып табылады. Бұған ұқсас айналар XIII–XIV ғғ. қыпшақтар зираттарынан табылды [5; 171]. Лотос гүлі салынған айналар да кездеседі. Лотос гүліне ұқсас бейнелер Сібірден табылған X–XIII ғғ. айнасында бейнеленген.

Жасампаз халқымыздың қолынан шыққан әшекейлі бұйым нақыштарына қарай отырып, халық шеберлерінің ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне асқан зейінділік тәсілмен пайдаланғанын көреміз. Өсімдік тектес ою-өрнектер келе-келе этнографиялық зергерлік бұйымдарда, ағаштан, жүннен жасалған бұйымдарда көп кездесе бастады. Өсімдік тектес өрнек түсірілген бұйымдардың кең таралған түрлері ағаштан жасалған кебежелер. Кебежелердің кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерде бірдей әдіспен төрт қабырғасы, түбірі мен қақпағы, төрт қырлы төртқазық арқылы біріктіріліп жасалғанымен, кей аймақта қазықтар арқылы доғаланып, тік бұрышты болып иілген кәсек тәрізді жақтаулы әдіспен құрастырылып, екі көзді көші-қонға лайықталып төрт құлақты үлгіде жасалған. Отырар өңірінде кездесетін кебежелердің бетіне астыңғы және үстіңгі жақтауларының ортасына ала гүлді өрнек оның айнала шеттері ирек су өрнектерімен безендірілсе, көздері, яғни төрт бұрышты табакшалары және олардың араларындағы шабақ беттері, төрт үшкіл оның үстін баса қат-қабат түсірілген нүктелі шеңбер гүл табак ою-өрнектерімен терең оймышталып көркемделген. Музей қорында сақталған сүйекпен безендірілген кебеженің бетіне түсірілген ою-өрнек үлгілері келесідегі болып келеді: беткі жақтауларына айнала жиегіне нәзік ойылған майда төрт бұрышты және гүл тәріздес сүйек әшекейлері жүргізілген. Бетіне өсімдік тектес ою-өрнектер безендірілген үй жиһаздарының келесі түрі — ағаш кереует, оның бетіне жапырақты өрнектер түсірілген. Өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген бұйымның келесі түрі жүннен жасалған бұйымдар кілем, қоржын, сырмақ болып табылады. Кілем тоқу өнерінің кең өріс алып, бай мазмұн мағынағы ие болып одан әрі дамып отырған жері еліміздің оңтүстік өңірі. Олардың бетіне үш гүл, қос гүл өрнектері түсірілген. Ал, сырмақ сыру өнері еліміздің барлық өңірінде кең таралған, бетіне өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген сырмақтар Шығыс Қазақстанда көп кездеседі.

Дүние жүзі елдерінің барлығына да ортақ ою-өрнек болып саналатын геометриялық өрнектердің жүздеген баламасы бар. Ол архитектуралық ескерткіштерде, кілемдерде, ағаш пен тастан қашалған заттарда, археологиялық саздан жасалған заттарда көп кездеседі. Бұлар квадрат, ромб, төртбұрыш, үшбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш өрнектері. Мысалы, археологиялық саздан жасалған табак, леген, кеселерде геометриялық өрнектер өте көп кездеседі. Қазақстан қолөнері негізінен соңғы палеолит кезеңінде дами бастады (б.э.д. 35–30 – 12–10 мыңж.) Неолит өнерін зерттей келе, геометриялық ою-өрнек көп қолданылатыны анықталды. Ал, қола дәуірінде ою-өрнектер саздан жасалған заттар мен зергерлік бұйымдарда кездесе бастады. Сақ дәуіріне жататын жәдігерлерге келетін болсақ, оларда геометриялық ою-өрнектер көп кездеседі. Мысалы, Бесшатыр (б.э.д. V ғ.) қорғанынан және Ыссық қорғанынан (б.э.д. IV ғ.) табылған құмыраларда, саптыаяқтарда геометриялық өрнектер түсірілген. IX–XIII ғғ. саздан жасалған жәдігерлерде геометриялық ою-өрнектер көп қолданылады, осы ғасырларда жылтыратылған ыдыстар кең тарады. IX–X ғғ. тән Тараздан табылған саздан жасалған ыдыстарда шырша тәрізді, ассиметриялық сызықтар тәрізді геометриялық өрнектер түсірілген түрі көп кездеседі. Ал Отырардан табылған ыдыс бетіне геометриялық өрнек үстіне өсімдік тектес өрнек салынған түрі көп кездеседі. Бұл ғасырлардағы ыдыс сыртын өрнекпен толтыруға ден қойған. Суреттердің арасындағы бос жерлер нүктелермен, сызықтармен толтырылған.

Бір кездері саздан жасалған бұйымдарға, сүйекке, ағашқа түсірілген геометриялық үлгідегі ою-өрнектер келе-келе киізге, алаша, кілем, ағаштан жасалған үй жиһаздарына, зергерлік бұйымдарға салынатын болған. Отанымыздың қай қиырындағы қандай да бір тарихи-мәдени ескерткіштері мен киелі орындарын аралағанда сол жерлер жайындағы жазба деректер өз алдына, өңірдің абыз карттары мен өлкетанушы мамандарының, қолөнер шеберлерінің өз жаныңнан табылғанын қатты қалап тұрасың. Жоғарыда аталған қолөнер бұйымдары — сол қолөнершілердің жемісті жұмыстары. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттар ішінен жүннен, ағаштан жасалған бұйымдар тез бұзылатындықтан, өте аз кездеседі. Мысалы, б.э.д. I ғ. – б.э. I ғ. Ноин Ул қорғанынан табылған кілемде крест, квадрат тәрізді өрнектер түсірілген. Осы тәрізді ою-өрнектер квадрат, ромб тәрізді өрнектер жүннен жасалған бұйымның бірі сырмақта көп кездеседі. Ағаштан жасалған қолөнер бұйымдары — кебеже, сандық, киіз үйдің есігі, сықырлауық, асадал т.б. бұйымдарда геометриялық өрнектер кең қолданылған. Отырар музейінде бетіне геометриялық өрнектер түсірілген кебежелердің бірнеше түрі бар, оларға тоқталатын болсақ, кебеженің мына бір түрі алты жерден ромб тәрізді геометриялық фигуралар жонылып және ирек өрнектері сүйектен ойылған, әрбір сүйек әшекейлердің беттеріне ортасына ноқаты бар шағын шеңберлер сызылған, оның айнала шеттеріне ирек су өрнектерін сүйектен ойып жасаған. Оюлар кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген. Өлшемі: ұзындығы 47 см, ені 74 см. Сондай-ақ геометриялық өрнектер зергерлік бұйымдарда да түсірілген, олар: шолпы, шашбау, білезік, жүзік, сырға т.б.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың өзі ұсынған «Мәдени мұра» бағдарламасында 2004–2006 жж. бар мен жоғымызды түгендеп, келер ұрпаққа аманаттау керектігі айтылған. Тарихи Отырар жерін халықаралық туризм орталығына айналдыру мақсатында Үкіметіміздің 2009 жылы шешімімен «Көне Отырардың өрлеуі» атты бағдарламасы қабылданды, түптеп келгенде, осы мәдени іс-шаралардың барлығы да орта ғасырда әлемдік деңгейге жеткен Отырар өркеніетін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта өркендетуге, Отырардың мәдени ескерткіштерін сақтап, оны өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыру болатын. Ол игілік, сөз жоқ, біздің өскелең ұрпақтарымыздың парасатты, ұлттық тарихи құндылықтарымызды қастерлейтін, зиялы азамат болып өсуіне септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Өмірбекова М.Ш.* Сақ тарихы мен мәдениеті. — Алматы: ЗиятПресс, 2004. — 52-б.
- 2 *Байбосынов К.* Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер. — Алматы: Өнер, 1996. — 22-б.
- 3 *Самашев З., Жетібаев Ж.* Қазақ петроглифтері. — Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005.
- 4 *Галимжанова А.С., Глаудинова М.Б. и др.* История искусств Казахстана. — Алматы: ИздатМаркет, 2006.
- 5 *Байпақов К.* Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. — Алматы: Қазығұрт, 2007.
- 6 *Байпақов К.* Қазақстанның ежелгі қалалары. — Алматы: Аруна, 2005. — 41-б.
- 7 *Маргулан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. — Алма-Ата: Өнер, 1986. — С. 39.

А.А.Жумашова

Орнамент изделий Отрара

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся узоров на предметах, найденных на городище Отрар и прилегающих к нему городищах отрарско-каратауской культуры, а также на предметах народного прикладного искусства XIX–XX вв., сделанных из войлока, дерева, металла, кости, ювелирных изделиях. Узоры на хумах, горшках, кружках, чашах, блюдах и др. видах керамической посуды и узоры на лучших образцах этнографических изделий XIX–XX вв. дают большую информацию о городской культуре и экономике, науке и искусстве, развитии общества. На основе изучения узоров на предметах, выставленных в казахстанских музеях, автором сделаны выводы о высоком духовном развитии, серьезных научных изысканиях в кочевом обществе.

A.A.Zhumashova

Ornament products of Otrar

In this article is shown the ornaments of things belonging to Otrar-Karatau culture which found in Otrar ruins which is located near Otrar and types of ornaments in jewellers belonging to the XIX–XX cc which are made of wool, wood, bone and metal. There were found jugs, pots, mugs, bowls, hums, gold, silver, copper, coins, things which are made of glass, metal with ornaments connected Otrar-Karatau culture during the archeological excavation in Otrar oasis. Our national manual labour and many information about ornaments in ethnographical things belonging to the XIX–XX cc gives us culture of town and economics, science and art, development of society. Looking at to ornaments in things which are in display in museums of Kazakhstan was shown people named nomads had scientific mind and great soul.

Р.М.Жұмашев, А.З.Жұманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

1991–2011 жж. кезеңіндегі Қазақстан Республикасындағы жастар саясатын жүзеге асырудағы негізгі бағыттар

Мақалада қоғамдық қатынастарды модернизациялауға сәйкестендіріп, қоғамды реформалаудағы жастарды тәрбиелеу барысында оларды қайта құрудағы қоғамның белсенді мүшесі және жанашылдықтың өкілдері ретінде білім алу, мәдениет саласындағы жағдайларына талдау жасалған. Қазақстан Республикасында жастар саясатының қалыптасып, жүзеге асуының негізгі бағыттарына төмендегі факторлар жатады: рухани фактор жастар саясатын дұрыс жүргізуге тірек болады; ұрпақ сабақтастығының болашақтағы өндіріс күшін арттыруға күші жететін білім мен мәдениет саласы. Бұл орайда білім саласындағы реформалар Қазақстанды әлемдік өркениетке, мәдениетке бастайтындай жүргізілуі тиіс. Мәдени өзгерістер саласында халықтың жастар тобы тоталитарлық құрылыс кезіндегі идеологиялық қыспаққа қарағанда демократиялық қоғам идеологиясына негізделген жаңа қағидалардың тасымалдаушылары болып табылады.

Кілтті сөздер: тәуелсіз Қазақстан, мемлекет, егемендік, жастар саясаты, демократия, студенттер, ұрпақ, шетелдік білім, тәжірибе.

Тәуелсіздік тізгінін қолға алып, ел болып еңсе көтергелі халқымыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани жағдайының тұрақталып, қарышты қарқынмен дамып келе жатқанына куә болып келеміз. Әсіресе жастардың қоғам өміріндегі рөлін арттыруда мемлекет тарапынан барынша қамқорлық көрсетіліп жатқаны ақиқат. Мемлекетіміздің өзі жігерлі, қайратты жігіттей тас шайнап, мұз бүркетін кезеңін бастан кешіруде. Елдігімізді әлем танығалы 20 жылдың жүзі ғана болды. Әлбетте, 20 жыл — тарих үшін қас-қағым сәт. Десек те, бодандықтың қамытынан құтылып, ой-сананы сіңір болып кеткен ескі сүрлеуден шығарып, әлем назарын аударып, толайым табыстарға жетіп отыр. Осы ретте тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан күні бүгінге дейін жастардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени салаларда атқарған рөлі ерекше байқалды. Оған дәлел ретінде жас кадрлардың жаңа заманға икемделіп, тәуелсіздік алған жылдары тұралап қалған елді аяғынан тік тұрғызуын айтқан ләзім.

Кез келген мемлекет дамуының тарихына көз жүгіртер болсақ, білім мен ғылымсыз, мәдениетсіз сол елдің рухани ғана емес, материалдық тұрғыда да дами алмайтынын аңғарамыз. Сонау тәуелсіздік алған жылдары қиындыққа тап болған, нарық қыспағына түскен Қазақстан мен бүгінгі заманауи ғылым, білім, мәдениеттің даму үрдісін ұштастырып, дамыту мүмкіндігіне ие болған Қазақстанды салыстыру мүмкін емес. Осыдан-ақ 1991–2008 жж. аралығында халықтың, әсіресе жас буынның мемлекет, қоғам өмірінің қозғаушы күші болғанын байқаймыз. Әрине, өтпелі кезең өткелдері Қазақстан тарихының аса жарқын көрінісіне айналды, ол жастар жөнінде жаңа көзқарас қалыптастырды.

Қазақстандағы жастардың жалпы саны 2008 жылғы 1 қаңтар бойынша 4,5 млн. жуық адамды құрайды. Яғни, қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның құрылымында жас азаматтардың жастық категориясы республика халқының жалпы санының 27,8 % құрайды.

Жалпы, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы маңызы зор мәселелердің бірі жастар саясатын, оның ішінде білім, ғылым, мәдениетті жүзеге асыру болып табылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жанаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз» [1], — деп айтқан болатын. Жастарға басымдық берілуінің басты себебі — ел демократиясы мен экономикасының дамуына оң ықпалын тигізеріне сенім мол болды. Осы үрдіс тоқсаныншы жылдардың басынан жүрді. Айталық, 1990 жылдардың басында жастарды жаңа технологияларды игеру мен төл өнімдер, интеллектуалды тауар шығаруға тарту ісіне көптеп тартты. 1991 жылдың соңына қарай Қазақстанда жастардың 44 ғылыми-техникалық шығармашылық орталықтары, мыңнан аса уақытша шығармашылық ұжымдар, 40 клубтар мен 200 үйірмелер жұмыс істеп тұрды. Олар балалар тағамдарының түрлерін, арматура, еліміздің құбыр жүйесі мен қазандық-демеушілік құрылғылар жүйесі үшін форсундар, косметикалық, емдік, жуатын бұйымдар, құралдар жасап

шығарды. Жастардың ғылыми-техникалық шығармашыл орталықтары (ЖҒШО) ел экономикасының ілгерлеуіне едәуір үлес қосты. «ЖҒШО-ның кейбір орталықтары шетелдермен байланыс орнатып, өз филиалдарын ашты. Алматыда «Контакт» ЖҒШО орталығы Болгарияда филиалын ашып, есептеу мен ақпараттың техника саласында Польша, Венгрия, Вьетнаммен байланыс орнатты. Шымкенттегі «Жастар» орталығы Финляндиядағы фармацевтика фирмасымен бірлесе отырып, эфедрин шикізатын кешенді өндеуді бастады.

Әйтсе де «Қазақстанда 1990-шы жылдары білімге, ғылымға және мәдениетке бөлінген шығындардың төмендеу үрдісі жүріп жатты. Олар қазіргі кезде, түрлі бағалау бойынша, жалпы ішкі өнімнің 0,5–1 %-ын ғана құрайды, ал орташа және дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш 3–7 %-дан түспейді [2; 28]. Әлбетте, ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 7, 10-баптарында бекітілген ғылыми шығармашылыққа араласу мен рухани кемелдену, білім алу тұрғысында әлеуметтік қызмет көрсетуді алуға жастар құқығының кепілі ретінде сан түрлі білім алудың формаларын жасап, әрбір жастың рухани мүмкіндігін дамытуға септігін тигізді. Десек те, олар бірден іске асқан жоқ, жыл сайын нарық қатынастары мен уақыт талаптарын, қоғамда бекітілген халықаралық нормалар ескеріле отырып жүргізілді. Соның нәтижесінде оқу орындарының мәртебелері әкімшілік тұрғыда көтеріліп, институт, университет, академия мәртебесіне ие болды. Осы үрдіс жастардың білім, ғылым, мәдениет саласында ықпалын арттырды. Білім сапасына көңіл бөліне бастады. Біртіндеп дәстүрлі қабылдау емтихандары тестілеуге ауыстырылды, қоғамдық-саяси пәндер блогы қысқарып, оқытушылар құрамының жүктемесі ауырлай түсіп, еңбекақының уақытылы төлемеу белең алды. 1992 жылдан бастап барлық оқу орындарының студенттер саны қысқара бастады. Нарықтық кезеңге тап болған жағдайда жастардың интеллектуалдық, шығармашылық, эвристикалық қабілеттерін төмендету тенденциясы байқалды.

Қоғамда, мемлекеттік басқару органдарында жастар рөлін арттыру мақсатымен қызметке жас мамандарды тарту ісі қолға алынды, жастарға, әсіресе ауыл жастарына арнайы жеңілдіктер жасалды. Барлық жоғары мен арнайы оқу орындарында ауылдық квота қосылған. 1994 жылы ауыл квотасына бөлінген бағыттар бойынша 3160 өтініш жазылып, 1966 өтініш қабылданды. Бұл арыз бергендердің 62 % құрайды. Сонымен бірге, жалпы алғанда, ауыл жастары талапкерлер қатарында 51,4 %-ын құраған. 1995 жылы ауыл жастары үшін квота көбейіп, жоғары оқу орындарында 2570 адам, арнайы оқу орындарында 3395 адамды құрады [2; 17].

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жоғары оқу орындары және ондағы студенттер және профессор-оқытушылар құрамының саны көрсеткіштеріне қарар болсақ [3] (1-кесте):

1 - кесте

Жоғары оқу орындары және ондағы студенттер және профессор-оқытушылар құрамының саны

Оқу жылдары	Жоғары оқу орындар саны, бірлік	Студенттер саны, адам	Профессор-оқытушылар құрамының саны, адам
1	2	3	4
1990/1991	55	287367	21955
1991/1992	61	288371	23230
1992/1993	63	280737	24080
1993/1994	89	276715	25036
1994/1995	101	275347	31144
1995/1996	112	272715	31990
1996/1997	111	280783	29766
1997/1998	133	293465	24678
1998/1999	144	318755	27127
1999/2000	163	365385	26996
2000/2001	170	440715	29577
2001/2002	185	514738	34508
2002/2003	177	590982	37602
2003/2004	180	658106	40972
2004/2005	181	747104	42333

1	2	3	4
2005/2006	181	775762	43382
2006/2007	176	768442	42788
2007/2008	167	717053	41207
2008/2009	143	633814	37814
2009/2010	148	610264	39155

Бұл 1-кестеден жоғары оқу орындар мен студенттер санының жыл сайын көбейе түскендігін көреміз.

Жастар мәселесі мен саясатын зерттеуде бүгінгі таңда егеменді республика қалыптастырудың жаңа тарихын ескеру өзіндік ерекшелігі болып табылады. 1991 жылы тәуелсіздік алған кезде жаңа нарықтық қатынастарға көшкен кезде әрі мемлекеттік құрылымның жаңадан институттарға бөлінген кезде ғылым саласындағы ұғынықтылық және әдістемелік аппаратты ғылым саласында қайта қарастыруды қажет етеді. Жастар Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі азаматтары» [4] делінген. Яғни еліміздегі жастардың ролін мемлекет айқындап берді деуге толық негіз бар.

Біліммен қатар ғылымды дамытуға алғышарттар жасалды. «Үш жүзден аса дарынды студенттер мен аспиранттар конкурстық негізде шетелге оқуға жіберілді (батыс мемлекеттері мен АҚШ-қа — 2762 адам, ТМД елдеріне — 218 адам). Сонымен қатар ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық «Болашақ» стипендиясын тағайындау туралы» Жарлығына сәйкес, 1994–1995 жылдар сұрыпталып, 370 степендианттар жіберілді. Шетелдегі оқу орнына төленетін ақша көлемі 25 мың АҚШ долл. құрады [5; 24]. Осы жағдайларға қарап отырып, біз мемлекеттің жастардың білім мен ғылым, мәдениет саласына жаңа леп әкелеріне сенім артқанын аңғарамыз. Сонымен бірге «Антас» қазақ-неміс орталығы 1992 жылы Оралда жергілікті жастар үшін менеджмент курсы, компьютер техникасының негізін, бухгалтерлік іс, салықтық заңнамалар негізі бойынша курстар ұйымдастырды. Саратовтың «Сайколледж» ғылыми фирмасының мамандарының көмегімен оқушылар сирек кездесетін психотехникалық сәттілік туралы білім ала бастады. 1995 жылы АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі және «Еуразия» қоры «Антасқа» 22000 АҚШ долл. көлемінде қайырымдылық грант бөлді. Мұндай қаржыға білім беру орындарының жұмысшылары ақысыз білім бағдарламасын жасады. Жаңа оқу орнының дамуы үшін Англиядағы Шеффилд Университетінен білікті мамандар шақырылды. Мұндай істің нарық шартына сай жүзеге асуын Қазақстандық менеджмент және экономикалық болжау институтының қаржылық және басқару бағытынан көруімізге болады. Бұл институтты бітірушілер — экономиканың және іс әкімшілігінің магистрлері дәрежесі жоғары, төлемақысы жақсы төленетін жұмыс орындарына орналасады және олар шет тілін міндетті түрде меңгерген болуы керек.

Жастардың ғылымға деген көзқарасы 1990-жылдардың басында байқалды. Мұндай құбылыстың себептері ғылымның дәрежелі басқару және қаржыландырудың салаларында көрініс тапты. Яғни бюрократия ғылымнан зор күшке айналды. Мемлекетіміздегі көп салалы институттарда ғылым мәселесі маман-ұйымдастырушылар үшін өзектілігін жоймады. Көптеген ғылымдардың қорындағы монополия мынандай кейіпте болды. Зерттеу тақырыбы нәтижелерінің басылымға берілуі, қорғауға жіберілу және талқылау, аспиранттар мен кандидаттардың ғылым саласында азаюы; 1991 жылдың басында республиканың ғылым саласындағы қызметкерлерінің 38 % жастар құрады; кандидаттар — 12,3 %-ын, ғылым докторлары мүлде болған жоқ. Сол жылдары республикада кандидаттардың орташа жасы — 43, жас докторлардың орташа жасы 59 жас болды.

Ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлердің жалпы санының күрт төмендеуімен 400 адамға көбейді. Егер 1988 жылы республикада 4 мың ғалым болса, соның ішінде 800 доктор және 13 мыңнан астам ғылым кандидаттары еді. Ал 1995 жылдың соңына қарай ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды 289 ғылыми мекеме, соның ішінде 111 ғылыми-зерттеу институттары; 56 жоғары оқу орындары, 28 жеке құрылымдық бюролар жүргізді. Сонымен қатар 262 тәжірибелік өндіріс орындары, 600-ге жуық ғылыми-өндірістік бірлестіктер мен өндіріс орындары жұмыс істеді. Ғылыми жұмыстармен 30 мың адам, соның ішінде 1012 ғылым докторлары мен 7302 ғылым кандидаттары айналысты [6].

Аталмыш кезеңде ғылыммен айналысатын жастардың 3 есеге кемуі аспирантура мен ізденушілікке ешқандай байқаулардың болмауы себеп болды. Дегенмен Қазақстан ғылымы әлемдік

деңгейлік бетбұрыс жасады. 1995 жылы Президент және республика Үкіметінің шешімімен ғылыми технологиялық бағыт бойынша жұмыс істеуге негізделген 4 ұлттық орталық құрылды. Бұл орталықтар аталған республикалық ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша басты ұйымдарға айналды. Атап айтар болсақ, ядролық минералды шикізатты өндіру, радиоэлектроника және байланыс, биотехнология бағдарламалары еді. Бұлар ғылымның аталған салаларын дамытып, бәсекеге қабілетті өнім шығаруға негізделген болатын. Ғылым саласында қызмет көрсетуші компаниялармен бірге ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орнымен байланыс жасайтын кіші және орта фирмалар мен өндіріс орны құрыла бастады. 1995 жылы осындай кіші жастар фирмасы қызмет атқарып, олардың көптеген қызметкерлері Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Жастар ісі, туризм, спорт министрлігінің көмегімен «Кроскорпорейшн» (АҚШ), «Фесто» (Германия) сияқты ірі фирмалармен іс-тәжірибеден өтті. Білім берудің 50 жылдығына арналған Ғылым академиясының сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы ғылымның жас әлеуетін сақтау үшін олардың дайындығын тездетіп, оны мектептер мен институттардан бастау керектігін айтты. «Біздің мақсатымыз — қазіргі жағдайларда қолдануға келмейтін идеялар жүгін арқаланбаған ғылымның жаңа буынын дайындау. Ең алдымен бұл қоғамдық ғылымдарға қатысты. Біз жылда мемлекет қаржысымен «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елдерге жүздеген жас студенттерді, оқытушыларды, аспиранттарды жіберуіміз тегін емес» [7]. Осылайша Елбасының өзі ғылым саласында жастардың рөлін арттыруға қолдау көрсетті.

Республика жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар қатарының өсіп шығуы, олардың кәсіби шеберлігінің артуы мәселелері әрқашанда жоғары мектеп саласындағы саясаттың ажырамайтын бөлігі болып табылады. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында қызмет жасап жүрген 41 мыңнан аса педагог-ғалымдардың 2520-сы ғылым докторлары болса, 11610-ы — ғылым кандидаттары [3].

Астанадағы Еуразиялық университеттің студенттерімен кездесу кезінде Президент Н.Ә.Назарбаев білім беру жүйесін реформалау мәселесіне тоқталып, оның мақсаттылығы мен көп деңгейлігіне, мазмұнының жаңаруына және білім беру жүйесін басқаруды демократияландыру қажеттігін алға тартқан болатын. Бұл да жастардың қоғам өміріне елеулі рөл атқарып, терең білім алуына серпін берді. 1996 жылдың 9–10 қазанында өткен Қазақстан жастарының бірінші форумында ел Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Жастардың алдында тұрған негізгі міндет — өз білімдерін арттыру» [8; 2], — деп айтқан болатын. Елбасы мемлекет тегін орта білім алуды қолдайтынын айтып, мектептер заңды тұлға мәртебесін иеленуіне септігін тигізді. Демек, мектептерді бюджеттен өзге табысқа салынатын салықтардан босатып, жастар үшін жаңа буын оқулықтарын шығару, білім ордаларын компьютермен қамтамасыз ету, бағдарламалар жасау секілді көмек көрсетті. Сонымен бірге жас мамандарды шет елге тәжірибе алмасуға жіберуі — мемлекеттің жастардың білім, ғылым, мәдениет саласындағы атқарар рөлін айқындай түсті. Елбасы білім беруді дамытуды қамқорлыққа ала отырып, Қазақстандық менеджмент институтын аймақтарда құруды қолға алуды ұсынды. Осы жиында Н.Ә.Назарбаев білім саласындағы мемлекет саясаты жайлы ой қозғап: «Білімді біртіндеп жинау керек. Ал ең бастысы, жастардың білімге деген құштарлығы болуға тиіс, онсыз барлық бастаулар нәтижесіз болады» [8; 2], — деді. Расында, жастардың өмірлік маңызы зор мәселелердің бірі — білім алу, кәсіби дайындығы болып, оны мүмкіндігінше ғылыммен ұштастыру қажет.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанның мәдениет саласы да тоқырауды бастан кешірді. «Мәдениет саласына нарықтық қатынасты енгізу оның инфрақұрылымының бұзылуына әкелді, ал сонымен бірге балалар және жасөспірімдер кітапханалары, кинотеатрлары, оқушылар алаңы, жас техник, натуралистер, балалар театрлары және басқа да бірлестіктердің жойылуына әкеп соқты. Осылайша, 1991 жылы Қазақстанда 2391 балалар және жастар клубы және 10958 киноқондырғылар жұмыс істесе, 1995 жылы олардың 1139-ы және 2167-сі ғана қалған [9; 271]. Яғни мәдени инфрақұрылымның күйреуімен жастардың мәдениет саласындағы белсенділігі өздігінен әлсірей түсті. Мәдениет үйлерінің көбі Ақтөбе, Қарағанды, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жекешеленіп, әсіресе Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Көкшетау және Солтүстік Қазақстанда, 626-дан 1170-ке дейін киноқондырғылар жеке тұлғаның қолына өтті. Мәдениет үйлері, оқушылар сарайының қаржыландырылуы кәсіпорындар мен өндіріс орындары арқылы жүргендіктен, нарық қыспағына орай қысқартулар жүріп жатты. Өйткені мемлекет тарапынан кәсіпорындарды қаржыландыру қиындық тудырып, кәсіпорындар мәдени-ағарту орындарын қаржыландыруға шамасы жетпеді. Себебі мекемелерді жалға алудың қымбаттауы, оларды қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік қағаз ақшалардың қысқаруы — кітапханалар мен мәдени клуб органдары жүйесі

байланысының 1991 жылдың 1 жартысында 1287 және 1642-ге дейін қысқарып, субмәдениеттің жаппай көтерілісіне ұласты. Субмәдениеттің негізгі нышандары — жастардың дәстүрді байлықтардан бас тартып, контрқұндылықтарға, яғни сөз еркіндігі, жаңа өмірге жеке қатысы алдыңғы орынға шықты. Жастардың мәдениеттен алшақтауы, бос уақыттың көптігі қылмыстық істерге баруға итермеледі. Әйтсе де, жағдай сәл де болса түзеліп, қоғамдағы, мәдениет саласындағы жастар рөліне көңіл бөліне бастады. Дарынды жастарды қолдау мақсатымен 1992 жылы 11 наурыздағы Министрлер кабинетінің № 686 қаулысы бойынша жастарға өндіріс, ғылым, мәдениет, өнер саласындағы жетістіктері үшін берілетін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы тағайындалды. Осы жылдары 31 адам оның лауреаты атанды [9; 271]. «Тұрмыстың мәңгі проблемаларына өнер құралдары арқылы тиімді ықпал ету мақсатында синтездеуге талпыныс жасалды. 1995 жылы Алматы қаласында «Мир полярных сил» атты жастар шығармашылық топтары пайда болды. Сондай-ақ «Көксерек», «Асса» тәуелсіз көркем галерея, авангардтық бағыттағы «Жаңа академия» шығармашылық топтары құрылды. Міне, осылайша мемлекет нарықтың қатал кезінде жастарды эстетикалық жағынан тәрбиелеп, белгілі бір деңгейде ықпал етті.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымдардың объектілерін құру мен жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Республика бойынша жастарға арналған мына әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілері жұмыс жасайды: кітапханалар — 3664 бірлік, клуб түріндегі мәдениет мекемелері — 2409, мұражайлар — 187, театрлар — 51 бірлік.

Музыкалық мәдениет саласында қазақстандық шоу-бизнесі дамытуға талпыныс жасалды. 1992 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Жас қанат» атты поп-музыка байқау жастардың мәдениет саласындағы рөлінің артуына септігін тигізді. Сонымен, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен нарықтық қатынастың құрылуы қоғамдағы жастардың білім, ғылым, мәдениет саласындағы байланыс жиынтығы мен жүйесін түбегейлі өзгертті.

Жастардың білім алуының маңызды мәні бар. «Білімді дамыта білмейтін ел ХХІ ғасырда күйреуге ұшырайды» — Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2005 жылғы жолдауынан алынған бұл қағида ең алдымен жастарға қатысты.

«Инновациялар мен білім беру арқылы білімдер экономикасына» деген дәрісінде Н.Ә.Назарбаев білімді адамдарды осы ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші деп атады. «Адам білім алу үдерісінде білім алып қана қоймайды, сонымен қатар білімді қолданудың жаңа мүмкіндіктерін іздеу қабілетіне де ие болады. Міне, осы себепті де мен білімнің жоғары деңгейі дегеніміз оның иесінің жоғары қабілеттері де деген сөз деп есептеймін», — деп атап көрсетті Елбасы өзінің «Қазақстандық жол» деген еңбегінде [10].

Республиканың жоғары оқу орындарында 2001/2002 оқу жылының басында 513 324 адам, 2008/2009 оқу жылында 633 814 адам оқыды [11]. 2004 жылы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы білім берудің сапасын көтеруге бағытталған түбегейлі шаралар қолдану қажеттігінен туындады. «Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті — әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, ал біздің жетекші жоғары оқу орындарының дипломдары дүниежүзінде танылуға тиіс», — деп атап көрсетілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы сәуірде Жамбыл облысын аралаған жұмыс сапары кезінде Тараз қаласында жастар алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев республиканың болашағы білімді ұлт екенін ерекше атап көрсетті. Осыған байланысты мемлекет білім беру жүйесін сапалық жаңа деңгейге шығару үшін, алынған білім халықаралық стандарттарға сай болуы үшін өзіне байланыстының бәрін жасайтын болады. 2005 жылғы мамырда Орал және Ақтөбе қалаларында студент жастар алдында сөйлеген сөздерінде Қазақстан Республикасы Президенті жастардың алдына еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті қойылғанын атап айтты. Ал бұл үшін үздік білім, шетел тілдерін меңгеру, компьютерде жұмыс істей білу, толеранттық керек.

Президенттің 2005 жылғы жолдауында Қазақстанда барынша тапшы және кадрларды шетелден тартуға тура келіп отырған техникалық мамандықтарды бірінші кезекте дамыту қажеттігі нақты айтылған. Студенттердің білім алуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Үкіметке берілетін білім гранттарының көлемін білім беру кредиттері есебінен 50 %-ға арттыруды, осымен бір мезгілде екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерді кредиттеудің қазіргі заманғы жүйесін құруды және бұл кредиттердің қайтарылуы жөніндегі мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз етуді тапсырды. Гранттар

мен кредиттер талантты жас адамдарға олардың инженер немесе технолог боламын деген тілектерін жүзеге асыруда мемлекеттің нақты көмегі болып табылатынын атап айтып, Президент жеке меншік секторды да бұл іске белсене қосылуға шақырды.

Жолдаманың орындалып отырғанын 2005/2006 оқу жылында жоғары кәсіптік білім мамандарын даярлауға қатысты мемлекеттік тапсырыстың мәліметтері де көрсетеді. Білім беру гранттарының саны білім беру кредиттері есебінен 50 %-ға артты. Педагог кадрлар даярлауға арналған гранттардың саны 5000-ға көбейді. Президенттің болашақтың жоғары технологиялы және ғылым көп қажетсінілетін өндірістердің кадрлық әлеуетін құру жөніндегі тапсырмасына 10 660 грант бөлінді, мұның өзі алдындағы жылдағыдан 700 орынға көп. Гранттардың саны жаратылыстану ғылымдарына 11 %-дан астам, ауыл шаруашылық мамандарына 8 %-дан астам көбейді. Гранттардың едәуір үлесі медицина мамандықтарына 2245 орын келеді, ал бұдан екі жыл бұрын олар 1500-ден сәл көбірек болатын. Жастардың белгілі бір топтарына, соның ішінде ауыл жастарына арналған квоталар сақталды. Мыңнан аса студент Президент стипендиясына ие болды, 146 мемлекеттік атаулы стипендиялар белгіленді, грант бойынша оқитын студенттерге берілетін қаржы көлемі де ұлғайтылды. ҚР БҒМ жанынан мемлекеттің жүзпайыздық қатысуымен акционерлік қоғам құрылып, онда студенттік кредиттеуді қаржыландыруға арналған қаржы жинақталатын болды [12; 209].

2008 жылғы желтоқсанда ҚР Үкіметінің қаулысымен республиканың Білім және ғылым министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары бекітілді, оның міндеті бәсекеге қабілеттілік пен орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз ететін тиісті салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен дамыту деп белгіленген. Мемлекет дағдарысқа карамастан, оқу ақысын төлеуге деген қаражатсыз қалған студенттерді қолдады. Президенттің 2009 жылғы жолдауында мемлекет студенттерге арнап қосымша 11 мың грант пен 40 мың кредит бөлетіні атап айтылды [13; 6].

2009–2010 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысының шеңберінде 33 840 студент кез келген отандық университетте немесе шетелдік жоғары оқу орнының қазақстандық филиалында өндірістен қол үзіп оқу формасы бойынша оқи алады. Гранттардың едәуір бөлігі — 11 465 — техникалық мамандықтарға, 8075 — педагогикалық мамандықтарға, 5000 — медициналық және 1600 ауылшаруашылық ғылымдарына келеді. Оқудың сырттай оқу формасына түскісі келетін талапкерлерге келсек, онда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оларға тек білім беру мамандықтарына арнап, 1000 грант көзделген.

Дәстүр бойынша білім беру гранттарын алуға «Алтын белгі» иелерінің, сондай-ақ халықаралық олимпиадаларда, ғылыми жарыстарда жеңіп шыққандардың, халықаралық және республикалық орындаушылар конкурстары мен спорт жарыстары лауреаттарының басымдықтың құқығы сақталады. Оқуға түсуде мүгедек, жетім талапкерлерге, сондай-ақ қазақ ұлтының Қазақстан азаматы емес өкілдеріне белгілі бір жеңілдіктер берілген. Ауыл жастарына да 30 % пайыз қабылдау квотасы белгіленген, бірақ бұл ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға ғана қолданылады.

2008 жылғы шілдеде ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Ол экономика салалары мен жұмыс берушілерді бәсекеге қабілетті машықтары бар және білімін жалғастыруға әлеуеті жеткілікті техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету үшін техникалық және кәсіптік білімнің сапасы мен қолжетімділігін арттыруды көздейді. Бағдарламаның жүзеге асырылуы жастардың, олардың әр түрлі топтарының еңбекке қабілеттілігін арттырады. 2009 жылы, мәселен, жетім балалар еңбек нарығында талап етілетін мамандық алатын кәсіптік лицей-интернат ашылды. Бұл — ҚР Президентінің «Қазақмыс» корпорациясы жүзеге асырған идеясы. Лицейде болған кезінде Президент бұл жобаның бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жарқын мысалы екенін атап айтты [12; 210].

Дарынды жас адамдарға шетелде оқу үшін мүмкіндіктер қамтамасыз етілуде. Бұл оқудың формалары әр алуан. Мәселен, 1993 жылғы қыркүйекте Н.Ә.Назарбаев Австрияға Туризм мен менеджмент институтына оқуға бара жатқан бір топ қазақстандық жастармен кездесті. Кездесу кезінде ол қазірдің өзінде үш мыңнан аса қазақстандықтардың алыс шетелдегі қысқа мерзімді курстарда оқып келгенін, ал қазіргі топ Мемлекет басшысының арнаулы қоры есебінен оқудың толық курсына бара жатқан алғашқы топ екенін атап айтты. 1996 жылғы қыркүйекте Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің резиденциясында М.В.Ломоносов атындағы ММУ-ға оқуға бара жатқан жас қазақстандықтарды қабылдап, жылы лебіз, игі тілегін білдірді [14].

Президенттің халықаралық «Болашақ» бағдарламасы барынша танымал болып отыр. Бұл бағдарлама ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған 2005 жылғы жолдауында бейнеленген: жыл сайын оның шеңберінде үш мың таңдаулы студентке әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында оқу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлініп отырады. ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы берілетін талапкерлерді іріктеу ережелері өзгертілді. 2005 жылдан тек магистр және доктор дәрежелерін (PhD) алу үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстан үшін басымдық мамандықтар бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін де беріледі. 2008 жылғы 30 қаңтарда Астанада «Болашақтың» 15 жылдығымен байланысты осы бағдарламаның түлектері мен стипендиаттарының форумы болды. Форумға қатысушылар Мемлекет басшысымен кездесті. Елбасы сөйлеген сөзінде бағдарламаны дамытудың жаңа бағыттарын анықтап берді, бұлар: ауыл жастарына арналған стипендиялар санын көбейту, әсіресе аймақтардан келген мемлекеттік қызметкерлерге квоталар бөлу, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ негізінде Әлемдік тілдер мектебін ашу, стипендиаттардың мемлекеттік органдарда, ҒЗИ-ы мен ұлттық компанияларда машықтанудан өтуі [5; 10].

Жастардың Дельфий ойындары туралы айтқан жөн, олар өнердің төрт дәстүрлі және қазіргі заманғы екі түрі бойынша жарыс болып табылады. Олар халықаралық, сондай-ақ ұлттық ауқымда өткізіледі. ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің алғашқы Дельфий жастар ойындары 2002 жылғы қыркүйекте Брянск қаласында өтті. Олар халықтардың мәдени мұрасының сақталуы мен молайтылуына, Достастық мемлекеттері жастарының берік мәдениетаралық байланыстарын құрып, достығын дамытуға ықпал етеді. Жастарының бірінші ұлттық Дельфий ойындары 2005 жылғы қыркүйекте өткізілді [12; 212].

2009 жылы тамызда Алматыда Қазақстанның көшбасшыларының қауымдастығы ұйымдастырған халықаралық Ортаазиялық жастар лагері болды. Форумның тақырыбы — «Жастардың елдің және аймақтың дамуына қатысуы». Оған Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның жастар ұйымдарының жасы 16-дан 23-ке дейінгі 120 өкілі, сондай-ақ Орталық Азияның бес республикасынан мемлекеттік органдардың өкілдері, Ресейден, Молдовадан, Түркиядан және Македониядан келген қонақтар қатысты. Жас көшбасшылардың елдің және аймақтың дамуы үдерістеріндегі, өскелең ұрпаққа білім беру, еңбекке орналастыру, салиқалы өмір салтын дамыту мәселелерін шешудегі белсенділігін арттыру секілді көкейтесті тақырыптар талқыланды.

Жастар саясатын аймақтың, сондай-ақ ұлттық деңгейде жүзеге асыру үшін ынтымақтастықтың екіжақты бағдарламаларын жүзеге асырудың маңызды мәні бар.

2009 жылғы сәуірде ҚР Парламенті Мәжілісінде білім беру жүйесі арқылы Қазақстан жастарының патриотизмін нығайтуға арналған «дөңгелек үстел» болды. Оны «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы парламенттік фракциясының жанындағы Әлеуметтік кеңес, ХДП, парламентаризм институты және ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырды. Халық қалаулылары мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері мен ғалымдар өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмыстың жайы мен перспективаларын, сондай-ақ 2010–2014 жылдарға арналған жастар саясатының мемлекеттік бағдарламасының жобасы жөніндегі ұсыныстарды талқылады. Бағдарламаның жобасы ҚР БҒМ Дене мәдениеті ұлттық ғылыми-практикалық орталығында қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға арналған «дөңгелек үстелде» талқыланды.

Президенттің 2009 жылғы жолдауында қазақстандықтарды жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыруға ерекше назар аударылған. Еңбек нарығын дамытудың бір бағыты ретінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұлғайту және жастар практикасын ұйымдастыру белгіленген. Үкіметтің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспары болып табылатын және негізгі мақсаты халықты жұмыспен қамтамасыз етуді көздейтін «Жол картасында» бұл мәселелерге тиісінше орын бөлінген. 2009 жылдың бірінші жартыжылдығында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары бойынша 2009 жылғы шілдеде Президентте Үкімет мүшелерімен болған кеңесте жүзеге асырылып жатқан тұрақтандыру шараларының оң барысы ретінде экономиканың ұшпайыздық өсімі, инфляцияның баяулағаны және жұмыссыздықтың, әсіресе жастар арасында айтарлықтай азайғаны (6,5 %-ға дейін) атап көрсетілді [13; 8].

Ауыл жастары ерекше көңіл бөлуді талап етеді, олардың проблемаларын шешуде де жұмыспен қамту бірінші дәрежелі орын алады. Ел Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдың аумақтарын дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ауыл жастарымен жұмысты жақсартуға кең өріс ашты. Мықты шаруашылықтарда жас ұрпақты дамыту үшін қолайлы мүмкіндіктер қалыптасуда.

Қазақстан ауыл жастарының одағы (ҚАЖО) белсенді ұстанымын жалғастыруда. Бүкіл республика бойынша аймақтық өкілдіктері бар ҚАЖО ауыл жігіттері мен қыздарының қаладағы құрдастарымен білім деңгейі тең болуына, олардың әкімдіктер мен мәслихаттардың жұмысына белсене қатысуына бейіміне қарай, лайықты табыс беретін жұмыс алып, жастар үшін заңнамада көзделген әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз етілуіне күш салуда. ҚАЖО жұмысының нәтижелі формасы — облыстар басшылығымен меморандумдар жасасу. Мәселен, 2009 жылы наурызда Ақмола облысы мен ҚАЖО арасында «Ауылдағы жас мамандарды әлеуметтік қолдау және ынталандыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Заңын жүзеге асырудағы ынтымақтастық пен өзара қолдау туралы меморандум жасалды. 2009 жылы шілдеде ҚАЖО мен Павлодар облысының ауылда жастар саясатын жүзеге асырудағы ынтымақтастық пен өзара қолдау туралы меморандум жасалды. Аймақтың атқарушы билігі жастарға олардың барлық істері мен бастамаларында септесуге, жұмыспен қамтамасыз етуге тұрғын үй беріп көмектесуге, ауыл талапкерлерін гранттар төлей отырып оқуға жіберуге көмектесуге міндеттенді [12; 199].

2011 жылдың 28 қаңтарында ҚР Президенті халыққа Жолдауын арнады. Еліміз білім беру ісін дамытуда 129 елдің арасында көш-бастаушылар қатарында келеді. Өткен онжылдықта білімге бөлінетін қаражат 10 есеге көбейді. Астанада ғылым мен білім индустриясының жаңа ғасырдағы орталығы болатын университет ашылды.

Білім беруді жаңартуды жалғастыру қажет. Осыған байланысты Президент Үкіметке мынадай тапсырма берді:

- жоғары оқу орындарының инновациялық қызметке өту тетіктерін әзірлеу;
- білімнің сапасын көтеру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруді қолдаудың жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу;
- техникалық және жоғары білім беру деңгейі үшін Тұрғынүйкұрылысжинақбанкінде ипотекалық құрылысты қазір іске асырылып жатқандай, соған балама жинақтау жүйесін әзірлеу;
- бизнес қоғамдастығы мен жұмыс берушілер қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен кәсіптік-техникалық мамандар даярлау жөнінде Ұлттық кеңес құру.

Білім беру жүйесінің барлық жұмысы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Балаларды мектепке дейінгі оқыту және тәрбиені қамту үлесі 2015 жылға қарай 74 пайызды, 2020 жылға қарай 100 пайызды құрауы тиіс.

2020 жылға қарай білім берудің 12 жылдық үлгісіне толық көшу жүзеге асырылады. Бұл үшін 2015 жылға қарай республикалық бюджет қаражаты есебінен және сол мөлшерде жергілікті бюджет есебінен кем дегенде 200 мектеп салынатын болады.

2015 жылға қарай білім беру ұйымдары электронды оқытуды пайдаланатын болады, ал 2020 жылға қарай олардың саны 90 пайызға дейін артады.

2020 жылға қарай халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациядан өткен жоо-ның үлесі 30 пайызды құрайды.

Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін жоғары оқу орындарының үлесі 5 пайызға дейін ұлғаяды. Кем дегенде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде атап өтілетін болады.

Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс [15].

Жоғары білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау көрсеткіші немесе «Жоғары біліммен қамту» бойынша Қазақстан 134 орынның ішінде 36-орынға ие. Сонымен қатар «Мектеп менеджментінің сапасы» бойынша — 98; «Зерттеу және тренингтік қызмет көрсетудің жергілікті қолжетімділігі» бойынша — 82-орында.

Қазақстандық жоғары оқу орындарын басқару жүйесі еліміздің экономикасының озық дамуын қамтамасыз етуде оларға әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Мемлекеттік тапсырыс көлемінің 50 % ғана экономика салаларының қажеттілігін қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарын бітірушілердің небары 10 % мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға талаптана алады, бұл тегін жоғары білім алуға мүмкіндікті азайтады. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне және ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты халықаралық құқық, халықаралық экономика және басқа түрлі бағыттар бойынша халықаралық саладағы мамандарды даярлауды кеңейтудегі қажеттілік қанағаттандырылмаған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бойынша сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету кестесіне [16] назар аударсақ.

2 - кесте

Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету

Міндеттер	Көрсеткіштер
1	2
Экономика салаларының білікті әрі бәсекеге қабілетті техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарына қажеттілігін қанағаттандыру	Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы білім алушылардың саны 2011 жылға қарай 24 %-ға артады (2008 ж. — 6 %, 2009 ж. — 6 %, 2010 ж. — 6 %, 2011 ж. — 6 %). Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарын бітірушілердің 1-ші аяқтаған жылы алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасқандардың үлесі (2008 ж. — 70 %, 2009 ж. — 75, 2010 ж. — 80, 2011 ж. — 85 %). Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарын бітірушілердің колледждерді (2008 ж. — 15 %, 2009 ж. — 20, 2010 ж. — 25, 2011 ж. — 30 %), кәсіптік лицейлерді (2008 ж. — 96, 2009 ж. — 97, 2010 ж. — 97,5, 2011 ж. — 98 %) бітірушілер санынан үлесі
Техникалық және кәсіптік білім беруге қолжетімділікті ұлғайту	Кәсіптік лицейлерде, колледждерде және техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау мен қайта даярлаудың өңіраралық орталықтарында енгізілген оқушы орындарының олардың жалпы санынан үлесі (2008 ж. — 16 %, 2009 ж. — 45,7 %, 2010 ж. — 34,3 %, 2011 ж. — 66,2 %) Мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылданған оқушылардың колледждерде (2008 ж. — 17,5 %, 2009 ж. — 28,8 %, 2010 ж. — 26,6 %, 2011 ж. — 30 %), кәсіптік лицейлерде (2008 ж. — 95,7 %, 2009 ж. — 100 %, 2010 ж. — 100 %, 2011 ж. — 100 %) оқитын барлық білім алушылар санынан үлесі
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білікті инженер-педагог кадрлармен қамтамасыз ету	Шетелден шақыртылған ағылшын тілінің, арнайы пәндер оқытушыларының үлесі (2009 ж. — 60 адам, 2010 ж. — 60, 2011 ж. — 60 адам). Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудан өткен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженерлік-педагогикалық кадрларының үлесі (2008 ж. — 5,2 %, 2009 ж. — 7,8, 2010 ж. — 10,4, 2011 ж. — 13 %)
Мемлекеттік жеке меншік әріптестік жүйесінің дамуы	Техникалық және қызмет көрсетудің кадрлар даярлау саласында ынтымақтастық бойынша жасалған меморандумдар мен келісімдер саны (2008 ж. — 20, 2009 ж. — 25, 2010 ж. — 30, 2011 ж. — 35). Білім алушылардың жалпы санының жұмыс берушілердің қаражаты есебінен білім алатын білім алушылардың үлесі (2008 ж. — 0,5 %, 2009 ж. — 0,8, 2010 ж. — 1,0, 2011 ж. — 1,5 %)
Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасының дамуы	Инженерлік бейіндегі зертханалары бар жоғары оқу орындарының саны (2009 ж. — 15, 2010 ж. — 5, 2011 ж. — 5)
Жоғары оқу орындарының кадр әлеуетін қайта даярлау және біліктілігін арттыру арқылы күшейту	Елімізде мемлекеттік бюджет есебінен біліктілігін арттырған профессорлық оқытушылар құрамының (ПОК) үлесі жыл сайын ПОК-тың жалпы санының 6 %-ын құрайды және шетелде 0,5 %. Жыл сайын әрбір ұлттық жоғары оқу орнына шақырылатын шетелдік оқытушылар мен консультанттардың үлесі 0,5 % құрайды

1	2
Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі шеңберінде білім беру қызметінің сапасын бақылау тетіктерін жасау	Аттестатталған және тексерістен өткен жоғары оқу орындарының жалпы санының үлесі (2008 ж. — 97 %, 2009 ж. — 96, 2010 ж. — 97, 2011 ж. — 96 %). 2009–2011 жж. 5 ұлттық жоо-да бюджет қаражаты 10 білім беру бағдарламасы бойынша халықаралық аккредиттеуге қатысу рәсімі. Жоғары оқу орындарының бюджеттен тыс өз қаражаты есебінен халықаралық аккредиттеу агенттіктерінен аккредиттеуден өткен жоғары оқу орындарының саны (2008 ж. — 2, 2009 ж. — 3, 2010 ж. — 5, 2011 ж. — 5). Отандық аккредиттеу агенттіктерінде аккредиттелген жоғары оқу орындарының саны (2009 ж. — 5, 2010 ж. — 5, 2011 ж. — 5). Ғылыми дәрежелері бекітілген ізденушілердің олардың жалпы санынан үлесі (2008 ж. — 99 %, 2009 ж. — 98, 2010 ж. — 98 %). Ғылыми атақтары бекітілген ізденушілердің олардың жалпы санынан үлесі (2008 ж. — 98 %, 2009 ж. — 97, 2010 ж. — 97 %)
Жоғары білімді экспорттауды дамыту	Барлық студенттер санына шаққандағы шетелдік студенттер үлесі (2009 ж. — 1,6 %, 2010 ж. — 1,7, 2011 ж. — 2 %)
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі біліммен қамтуды ұлғайту	Мемлекеттік тапсырыс негізінде бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуға қабылданған студенттер санының артуы (2008 ж. — 26640, 2009 ж. — 27290, 2010 ж. — 27290, 2011 ж. — 27290) PhD докторантураға мемлекеттік тапсырыс арқылы қабылдауды артуы (2008 ж. — 100, 2009 ж. — 200, 2010 ж. — 200, 2011 ж. — 200). 3000 қазақстандықтың жыл сайын «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде білім алуы
Мемлекеттік жеке меншік әріптестікті дамыту	Барлық студенттер санына шаққанда жұмысқа алушылардың, шетелдік инвесторлардың қаражаты есебінен, шартты негізде техникалық мамандықтарда оқитын студенттер санының үлесі (2009 ж. — 1 %-ға, 2010 ж. — 3 %-ға, 2011 ж. — 5 %-ға) ұлғаяды. Жұмысқа алушылармен өндіріс база практикасымен қамтамасыз етуге жасалған шарттар саны (2009 ж. — 10 %-ға, 2010 ж. — 20 %-ға, 2011 ж. — 30 %-ға) ұлғаяды
Ғылым мен білімнің интеграциясын жүзеге асыру	Инновациялық құрылымдар, ғылыми зертханалар, техно-парктер, орталықтар құрылатын жоғары оқу орындардың жалпы санының үлесі: (2008 ж. — 12,5 %, 2009 ж. — 21,4, 2010 ж. — 30, 2011 ж. — 39 %). ПОҚ жалпы санының іргелі және қолданбалы бағдарламаларды қатысатын үлесі (2009 ж. — 10 %, 2010 ж. — 15, 2011 ж. — 20 %)

Қорыта айтқанда, мемлекет жастардың білім, ғылым, мәдениет салаларында алар орнын айшықтап, қаржылай қолдау көрсетіп, толыққанды азамат болып тәрбиеленуіне жағдай жасады. Сондықтан жастар саясатының қалыптасып, жүзеге асуының негізгі бағыты — ұрпақ сабақтастығының болашақтағы өндіріс күшін арттыруға күші жететін білім, ғылым, мәдениет саласы негізгі факторлар болып табылады. Өйткені ғылым саласындағы реформалар Қазақстанды әлемдік өркениетке бастайтыны есепке алынды. Яғни мемлекеттік аудандық және жергілікті жерлерде ұйымдастыру жұмыстарын шешуге баса назар аударылған жөн. Биліктің білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруды және әрбір тұлғаны рухани қажеттілігін өтей білетін реформаларды сауатты үйлестіре білгенде ғана «Қазақстан — 2030» стратегиясында көрсетілген жастар саясатын жүргізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. — Алматы: Білім, 1998. — 21-б.
- 2 Симтиков Ж.К. Особенности формирования и реализации молодежной политики в Республике Казахстан на современном этапе: Автореф. д-ра полит. наук. — Астана: Елорда, 2004. — 58 с.
- 3 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. Жоғары оқу орындары. <http://www.kaz.stat.kz/Pages/default.aspx>
- 4 Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 Заңы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы = Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года № 581 О государственной молодежной политике в Республике Казахстан: Ғыл. басылым. — Астана: Integrel+ РК, 2004. — 1-б.
- 5 Тусупбекова Л., Курятов В. «Болашақ» — инвестиции в будущее // Казахстанская правда. — 2008. — 31 янв. (№ 21).
- 6 Школьник В.С. Наука и рынок // Наука Казахстана. — 1993. — № 24. — С. 2.
- 7 Назарбаев Н.Ә. Заманның сыншысы да, тарихшысы да бүгінгі жастар: Республика білім және ғылым қызметкерлерінің құрылтайынан // Егемен Қазақстан. — 2001. — 3 ақп. — 4-б.
- 8 Назарбаев Н.Ә. 2030 Стратегиясын жүзеге асыру — жастардың еншісінде // Егемен Қазақстан, 1998. — 12 қазан. — 1–2-б.
- 9 Назарбаев Н.Ә. Пять лет независимости: Из докл., выступ. и ст. Президента РК. — Алматы: Казахстан, 1996. — 622 с.
- 10 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы: Ғыл. басылым. — Алматы: Арко, 2007. — 360-б.
- 11 Түймебаев Ж. Всегда приоритетная задача // Казахстанская правда. — 2009. — 17 февр. (№ 40–41). — С. 6.
- 12 Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. — Алматы: Дайк-Пресс, 2009. — 284 б.
- 13 Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан — дамуға: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2009. — 6 наур. (№ 91. Арнаулы шығарылым). — 1–3-б.; Казахстанская правда. — 2009. — 6 марта (№ 64. Спецвып.).
- 14 Шепель В.Н., Касымбеков М.Б. Первый Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев: Хроника деятельности 01.07.1997 — 01.01.2000. — Астана: Елорда, 2000. — С. 333.
- 15 Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. <http://www.inform.kz/kaz/article>
- 16 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1207 Қаулысы // Егемен Қазақстан. — 2009. — 24 қаңт. — N 23–25 (25422). — 12-б.

Р.М.Жумашев, А.З.Жуманова

Основные направления молодежной политики в Республике Казахстан (1991–2011 гг.)

В статье рассматривается состояние сферы образования и культуры, реформирование которых способствует модернизации общественных отношений через воспитание молодого поколения как носителя новаций и активного участника процесса преобразований. Основными направлениями процесса формирования молодежной политики в Республике Казахстан являются следующие векторы: материальные и духовные факторы как базовая основа успешности проведения новой молодежной политики; сфера образования и культура как необходимые составляющие развития молодежи, являющейся преемницей предшествующих поколений, способной обеспечить воспроизводство производительных сил общества и дальнейшее культурно-духовное развитие казахстанской нации. В этой связи реформирование сферы образования должно быть направлено на создание условий для вхождения в мировую цивилизационную культуру. В сфере культурных преобразований молодежная группа населения является носителем новых принципов, базирующихся на идеологии демократического общества, в отличие от идеологической зашоренности при тоталитарном строе.

R.M.Zhumashev, A.Z.Zhumanova

Main areas of youth policy (1991–2011 gg.)

In given article the education sphere and culture condition which reforming promotes modernization of public relations through education of young generation as the carrier of innovations and the active participant of process of transformations is considered. The basic directions of process of formation of a youth policy in Republic Kazakhstan are — following vectors: material and spiritual factors as a base basis of success of carrying out of a new youth policy; an education sphere and culture as necessary from development of the youth which is the successor of previous generations, a way th to provide reproduction of productive forces of a society and the further cultural-spiritual development of the Kazakhstan nation. Thereupon education sphere reforming should be directed on creation of conditions for occurrence in world цивилизационную to sack-round. In sphere of cultural transformations the youth group of the population is the carrier of the new principles which are based on ideology of a democratic society unlike ideo-logic зашоренности at a totalitarian system.

Ж.М.Мажитов, С.У.Жауымбаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Азамат соғысының кеңестік дәуіріндегі тарихнамасы

Мақалада 1918–1920 жылдардағы азамат соғысының отандық тарихнамасы қарастырылып, хронологиялық шеңбері кеңес дәуірге шолу жасаумен шектелді. Сонымен қатар қазақстандық тарихшылардың еңбектеріне талдау жасалып, азамат соғысының барысын сипаттаған еңбектеріне баға берілді. Азамат соғысы тақырыбына арналған еңбектер жүйеленіп, сараптама жасалып, негізгі мәселелері айқындалды. Оның ішінде Ресейдегі Ақпан және Қазан төңкерістерінің азамат соғысына әсері, Қызыл Армияның құрылуы, соғыстағы жұмысшылар мен кедейлердің қосқан үлесі, Кеңес өкіметінің құрылуы жайлы жазған тарихшылардың еңбектеріне негізделіп, бүгінгі күнгі азамат соғысы тақырыбы төңірегінде пайда болған сұрақтарға жауап ізделінді.

Кілтті сөздер: азамат соғысы, кеңес дәуірі тарихнамасы, Қазан төңкерісі, өкімет, шетелдік интервенция, әскери жорықтар, большевиктер, большевиктер партиясы, әлеуметтік дағдарыс, халық.

2010 жылы азамат соғысының аяқталғанына 90 жыл толды. Қазан төңкерісінен бастау алған азамат соғысы 1918 жылдан 1920 жылға дейін жүрді. Осы аралық билікке ұмтылған қайраткерлер мен шетелдік интервенция сайысын, саяси партиялар мен олардың жетегінде жүрген халықтың күресін қамтиды.

Біріншісі, саяси дағдарыс кезінде Ресейдегі билікті қолына ұстап қалуға тырысып, әр түрлі бағытта әскери жорықтар ұйымдастырды.

Екіншісі, әлеуметтік дағдарысты алға тартып, халықты өздеріне тартуда саяси бағдарламалар жасады.

Әрине, билікке революцияға ұзақ дайындалған және өкімет басына келерде елді билеу жөнінде толық түсінігі бар Ленин бастаған большевиктер партиясы келді.

Бүгінде осы азамат соғысының аяқталуына 90 жылдық уақыттағы жазылған еңбектерді сараптау қолға алынғаны белгілі. Әсіресе кеше ғана әдебиеттерде толық зерттеліп, нақышымен жазылған азамат соғысы мен шетелдік интервенция төңірегінде қызу пікірталас жүруде. Ондағы басты мәселе:

– Ленин мен большевиктердің билікті тезірек алып, таптық күресті ушықтырып, азамат соғысын тудыруы жөн ба еді?

– Бұл талай қателіктер мен қырғынды әкелген жоқ па?

Осындай және көптеген басқа сұрақтар бүгінгі күні отандық және ресейлік тарихнамада маңызды мәселеге айналып тұр. Оларға тарих ғылымы жауап іздеп «тербеліп тұрғанда» елімізде «отандық тарихтың ақтаңдақтары» зерттелу үстінде.

Азамат соғысының қазақстандық тарихнамасы, оның ішінде кеңестік дәуір тарихнамасы отандық тарихта өзіндік маңыздылығымен күрделі. Бұл кезеңге кеңестік дәуірде 15 мың кітап, жинақ, мақалалар арналған екен [1; 156]. Осы мәселелерді зерттеуде туысқан республикалармен қатар Қазақстан да өз үлесін қосқан.

Алғаш азамат соғысының тарихнамасын зерттеген ғалым С.Н.Покровский болып табылады. Сонау 20-жылдары большевиктік тарихтың басты идеологы С.Н.Покровский 1917 жылғы төңкерісті және одан кейін орын алған оқиғалардың тарихын тек большевиктердің көзімен қарап жазудың қажеттілігін айтқан болатын.

Бүкіл қызметі кеңес елінің тарихындағы өте маңызды, мәңгі тақырып — Қазан социалистік революциясы, оның жеңісі баянды болу үшін жүргізілген күрес, яғни азамат соғысының мәселесін зерттеуге бағытталған Истпарт қазақ өлкесінде де кең қанат жаяды. Истпарттың Қазақ Бюросы РК(б)П Киробкомның 1922 жыл 20 желтоқсандағы қаулысымен ұйымдастырылады.

Түркістан Истпарты шығарған алғашқы еңбек кеңес партия мектептері мен насихат курстарының тыңдаушыларына арналады. Мұндағы еңбектердің арасынан Түркістан Коммунистік университетінің алғашқы ректоры С.Д.Муравейскийдің мақаласы назар аудартады. Онда Қазан төңкерісі мен одан кейін Орта Азияда орын алған оқиғалар большевиктер жүргізіп отырған саяси бағыттың рухымен баяндалған. Дегенмен мақалада шындық та бар. Автор аталған кезеңдегі ұлттық интеллигенцияның рөлін түсініп, оларды «прогрессист-демократтар» деп атайды [2; 39]. Еңбекте

1917 жылғы төңкеріс пен одан кейінгі азамат соғысы жылдары біртұтас ағым ретінде көрсетіледі. «Бұл оқиғалардың кезінде халықтың жетекшісі жергілікті ұлттық буржуазия мен діни өкілдер болды» деп жазды ол. Муравейскиймен келісе отырып, басқа да алғашқы авторлар И.Сольц, Н.Борисов, А.Позднышев жергілікті халықтың орыс пролетариаты жағында күреспегендігін тілге тиек етеді. «Ұйымдаспаған қараңғы түземдік бұқара бұл оқиғаларға белсенді қатыспады. Октябрь оларды құлдықтан босатқан жоқ» деп жазады Н.Борисов [2; 41].

Бұл естеліктердің басты ерекшелігі — авторлардың өткен оқиғаны барынша толық, шынайы беруге ұмтылулары.

Мұндай бірен-саран дұрыс пікірлер болғандығына қарамастан, алғашқы естеліктер шалалығымен ерекшеленеді. Мемуаршылар көбіне өзі көрген оқиғаны басқа деректерден алған фактілермен салыстырмай, өз түсінігінше жазумен ғана шектелген. Азамат соғысын зерттеуші А.Л.Литвинов куәгерлер (естелік айтушылар), әсіресе 20-жылдардың басында тиісті құжаттарға жүгінбей, қандай да бір фактінің шынайылығын өз беттерінше растаумен ғана шектелгенін жазады.

Естеліктерді жинап, жариялаған газет, журналдардың редакциялары да мәселені шешу жолдарын дұрыс ұғынбаған. Олар авторлардың биографиялық мәліметтері баяндалған фактінің шынайылығын көрсете алады деп санады. Бұл біржақты түсінікті олардың идеяға адалдығы, большевиктер партиясына мүшелігі, партиялық ұйымдардың жұмысына қатысу деңгейі және тағы басқалары баяндалады.

Қазан оқиғалары мен азамат соғысын баяндауда большевиктер партиясы қайраткерлерінің естеліктерінен мәселеге ғылыми жолмен келу көріністері байқалады. Ә.Жангелдин, Н.Нұрмақов, П.Варламов, Т.Рысқұлов мақалалары авторлардың баяндалып отырған оқиғаның тікелей куәгерлері болғандығымен ғана емес, сонымен бірге өз жұмыстарының басты мақсаттарының бірі — большевиктік төңкерістің ролі мен түпкі мақсатын халыққа түсіндіру болып табылатындығымен ерекшеленеді. Оларда Ресейдің езілген халықтарының тағдырын шешуде тарихи дамудың большевиктер ұсынған бағыты ғана дұрыс екендігі туралы пікір айтылады. Мақалаларда таптық күрестің орын алуы — жергілікті халық пен орыс пролетариаты достығына апаратын жол деп көрсетіліп, ұлттық интеллигенцияның мәселеге қатысты тезистері жоққа шығарылады. Оларда сондай-ақ зерттеудің басты мұраты ұмытылып, ол шеткері аймақтарда большевиктік партияның ролі мен маңызын насихаттаудың тасасында қалады. Авторлар жергілікті халықтың большевиктер жағында белсенді күрескендігін дәлелдеуге тырысады. Ресейде коммунистік партияның диктатурасы заңдылық екендігі баса айтылады. «Қазан жарылысы, — деп жазды Ә.Жангелдин, — халықты сілкінтті, барлық жер дүмпуді сезінді, ол біздің артта қалған... Қырғыз жеріне де жетті: орыс жұмысшыларының, Қызыл Армияның, Қырғызстан еңбекшілерінің белсенділігімен, мұнда патшаның отаршыл империясының қираған орнында, ұсақ буржуазиялық қырғыз ұлттық интеллигенциясының батыл қарсылығына тойтарыс бере отырып, өзіміздің Кеңес үкіметін құруға тура келді» [2; 42].

20-жылдардағы тарихи зерттеулер мен естеліктердің арасынан большевик Г.Сафаровтың «Колониальная революция. Опыт Туркестана» деп аталатын еңбегі басты орын алады. Ғалымның тұжырымының басты желісі ресей жұмысшы табының «ұлттық-отаршылдық» революциядағы гегемондық ролін жоққа шығаруға тіреледі. Оның пікірінше, Түркістандағы орыс жұмысшы табы «көсемсіз, жетекшісіз, бағдарламасыз» болды. Төңкеріс мұнда «телеграф» арқылы келді. Барлық орыс төңкерісі Түркістанда отаршылдық сипат алды. «Мұнда пролетариат диктатурасы, — деп жазды Г.Сафаров, — алғашқы сәттен-ақ отаршылдық сипатқа ие болды». Кейін бұл пікір батыс тарихшысы А.Парктің жұмысында ғылыми негізге арқау болған еді. Ресей империясының ұлт аймақтарының тарихын зерттей келе, автор Жетісуда большевиктік идеялар нақты іске асқаннан кейін, мұнда «құлдықты еске түсіретін жүйе» орнады деген қорытындыға келді. Г.Сафаровтың өлкеде таптық жіктелу жоқ және революциялық қайта құруларға алғышарттар болмады деген көзқарасы өлкедегі автономиялық қозғалыс жетекшілерінің еңбектерінде де айтылғаны мәлім. Ахмет Байтұрсынов Қазан төңкерісі «қазақтарға түсініксіз, қазақ халқы социалистік құрылысқа мұқтаждықты соншалықты әлі сезінген жоқ» деп санады. Г.Сафаровтың кейбір пікірлері жоғарыда көрсетілген Н.Борисовтың мақаласында да кездеседі. Ол «Октябрь в Туркестане» мақаласында «... империялық отаршылдық кезең кеңестік отаршылдық кезеңге жалғасты» деп жазды.

Сонымен, Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдығында жазылған естеліктерге еркіндік тән, қалыпқа салған күштеу жоқ екендігі байқалады. Әркім есінде қалғанын өз түсінігінше, өз қабылдауынша баяндаған. Негізгі мәселемен қатар, соның аясында туындайтын сұрақтарға қатысты жауаптар да кездеседі. Естеліктерді тарихи дерек ретінде пайдалану, оларға сыни тұрғыдан талдау

жасау, оның сол мәселені зерттеудегі өзіндік орны, жалпы болашақ мемуаршыларға практикалық кеңестер тек 20–30-жылдардың жол айрығында ғана жарық көре бастады. Көп кешікпей-ақ ол үкіметтік құрылымдардың түрлі жарлықтары және қаулылары астында қалды.

Қазақ даласын дүр сілкіндіріп, қазақ халқының өмірін мүлдем өзгерткен 1917–1920-жылдардың оқиғалары туралы маңызды дерек болып табылатын естеліктердің алқашқы жазылу тарихы осындай еді.

Қазан төңкерісі мен азамат соғысының тарихнамасындағы Қазақстанға қатысты қайғылы беттерді Ф.И.Голощекиннің жазғаны белгілі. Оның ойынша, «Октябрь қазақ ауылдарына соқпай өткен». «Кіші Октябрді ауылда» барынша тез арада орнатқысы келген ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеттің Бюросы елдің тіпті дамыған аймақтарына да кереғар партиялық бағытты іске асыруға көрсоқырлықпен ден қояды. Практикадан теорияның алшақтығы, даму сатылары ескерілмей, аттап өту елеулі қиындықтарға ұшыратады.

Қазақ өлкесін дамыту жолындағы Ф.И.Голощекиннің теориялық ой-пікірлері, Қазақстан тарихнамасында Т.Елеуов жазғандай, «ғылымға мүлде қарсы» тұжырым болып қалған еді. Ф.И.Голощекиннің қателіктері сол кезеңдегі Қазақ өлкелік комитетінің басшылығы «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктерінде» жан-жақты сараланып беріледі. Онда, ең алдымен, Сталиннің ұстанған бағыт-бағдарынан жаңылыспаған Ф.И.Голощекиннің ұлттық аймақтарда әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың лениндік принциптерінен тартуы, бұрмалануы, тайға таңба басқандай, көрсетіледі.

Сталиндік қайта құру бағытын ұстанған Ф.И.Голощекин өлкенің әлеуметтік-экономикалық даму күрделілігін ескермейді. Миына «ауылдарда жаңа және кіші Октябрь революциясын жасау» кіріп кеткен, ол тек ультрасолғын ұрандармен ғылыми негізделмеген тактикалық әдіс-тәсілдерге көшеді. Ол теориялық терең субъективизмнен ұсақ буржуазиялық, жартылай анархиялық революциялық жолға түседі. Бұған өлке коммунистерінің идеялық тұрғыдан пісіп-жетілмеуі ғана емес, сонымен қатар басшылық құрамының өзегіндегі өткір таптық және идеологиялық күрес, халық арасындағы пролетариаттың қалыптаспауы және тағы басқалары себеп болған еді. Ақыр аяғында Ф.И.Голощекиннің волюнтаризмі, социализмді құрудың лениндік принциптері мен әдістерінен бас тартуы қазақ даласы үшін аса қымбатқа түседі.

Зерттеліп отырған кезеңге барынша объективті талдау жасау үшін большевиктердің 1917 жылғы ақпан мен қазан айы аралығында жұмысшылар мен шаруалардың ұлттық-азаттық күресін өрістете алу тәжірибесіне назар аударған жөн. Ғалымдар Ресейдегі жұмысшы табын қарулы көтеріліске бастау — Ақпан төңкерісінің алғашқы күндерінен-ақ Қызыл гвардияны құру ісін зерттеп шығады.

Қазақстандық зерттеушілер еңбектерінде жұмысшыларды қаруландыру және оларды әскери іске үйрету, Қызыл гвардияны құру, оған қазақ шаруаларын, кедейлерін, маусымдық жұмысшыларды тарту, яғни революцияның қарулы күшін қалыптастыру мәселелері солғын зерттелген. Қазақстандағы Қазан төңкерісінің тарихы жөніндегі еңбектерде Қызыл гвардия туралы үзінділер, оның Кеңес өкіметін құру жолындағы еңбегі үзіп-жұлып айтылған. Тек К.Нұрпейісов пен А.С.Елагиннің еңбектерінде [1; 168] бұл мәселе барынша тереңірек мәлімет береді. Ең алдымен К.Нұрпейісов Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстары Кеңестерінің Қызыл гвардия отрядтарын құру және Қызыл Армияның алғашқы бөлімдерін құрудағы рөлін зерттеп шығады. Автор маңызды бірқатар мәселелерге: Қазақстанның Солтүстік-шығыс аумағында қашан Қызыл гвардия отрядтарының құрылғанына, кеңестердің, коммунистердің, жұмысшы табының оны құрудағы рөліне, қазақ жұмысшы табы өкілдерінің Қызыл гвардиядағы орнына назар аударуға тырысқан. Аталған зерттеушіні қызылгвардияшыларды қаруландыру, үйрету және тәрбиелеу мәселелері қызықтырады. Алайда Семей, Павлодар, Петропавл, Қарқаралы, Өскемен, Атбасар және басқа да Қазақстанның Солтүстік-шығысындағы қалаларда құрылған Қызыл гвардия отрядтары осы аудандарда Қазан революциясының жеңісіне орасан зор үлес қосқаны дәлелденбей қалған.

А.С.Елагин өзінің мақаласында өтіп жатқан тарихи процесті революциялық күштердің топтасуын бүкіл елдің масштабында қарастырады. Ол барлық аймақты толық қамтып, қызылгвардияшылар қатарының 1917 жылдың желтоқсан айының соңында 14 елді мекеннен 2000 адамға жеткенін, ал 1918 жылдың көктеміне қарай 6 мыңнан асқанын айтады. Мақалада толығырақ емес болса да Қазақстанда құрылған Қызыл гвардияның ұлттық және әлеуметтік құрамынан да фактілер келтіріледі. Перовск партия ұйымы большевиктерінің кедей шаруаларды қатарларына тарту үшін ауылдарға, уездік селоларға, теміржол станцияларына және разъездерге арнайы үгітшілер жіберіледі. Тек Жосалы поселкесінде ғана Қызыл гвардия қатарына 82 ерікті жазылған. Сонымен

қатар Қызыл Армия қатарына теміржолшылар ғана емес, майданнан қайтқан солдаттар, Жоғарғы-Ертіс кеме өнеркәсіп кәсіпорнының жұмысшылары, жергілікті гарнизон солдаттары, қала және ауыл кедей-кепшіктері де жазылады. Жұмысшылар арасынан, соғыстан қайтқандар мен большевиктер партиясының мүшелерінен командирлер тағайындалады. Автор Батыс Сібір облыстық жұмысшылар мен солдат депутаттарының Семейде, Павлодарда, Көкшетауда, Өскеменде, Атбасарда Қызыл Армияның құру ісіне ерекше тоқталады.

Дегенмен Қазақстанда Қызыл гвардияның құрылуы мен оның нығайып, күшею жолдары әлі де көп зерделеуді қажет етеді. Ең алдымен Қызыл гвардияның Қазақстанда құрудың дәл қашан басталғанын анықтаған жөн. А.С.Елагин «жұмысшылардың қарулы отрядтары 1917 жылдың тамыз-қыркүйек айларында құрылды» дейді [1; 169]. Ал 1917 жылдың күзіне Перовскіде, Петропавлда, Ақтөбеде және Қазақстанның басқа қалалары мен теміржол станцияларында Қызыл гвардияның құрылуын жатқызады. С.Н.Покровский, П.Пахмурный мен В.Григорьев 1917 жылдың 8 тамызында Семейде кәсіподақ мүшелерінен Қызыл гвардия дружиналарының және сол жылдың 29 тамызында Перовскіде әскери дружинаның құрылғанын еске салады [3; 107]. Көп томдық «Қазақ КСР тарихының» авторлары Қызыл гвардия отрядтары Петроградтағы қарулы көтеріліске дейін-ақ пайда болды деп есептейді. Олар «Петроградтағы қарулы көтерілістің алдында Қызыл гвардия отрядтарын құру ісі Орынборда, Петропавлда, Перовскіде, Ақтөбеде, Павлодарда және басқа да қалаларда басталды деп есептейміз», — деп қорытындылайды [4]. Ал Костиннің айтуынша, алғашқы Қызыл гвардия отрядтары Қазақстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда Түркістан өлкесі Кеңес үкіметінің 1917 жылғы 28 қарашада қабылданған Қызыл гвардия құру туралы Қаулысынан кейін пайда болған.

Академик М.Қозыбаевтың пайымдауынша, Қазақстанда Қызыл гвардияның құрылуы бірнеше кезеңдерге бөлінеді: I — революциялық қарулы отрядтарды ұйымдастыру үшін үгіт-насихат кезеңі. Мысалы, 1917 жылы Қызыл гвардияны ұйымдастыруға кепілдік беретін партия мандаты бойынша Омбыда Тарасов пен Родионов сөз сөйлеген; II — революция жеңістерін қорғау үшін әскери дружиналар құру кезеңі. Бастапқыда олар Орынбор-Ташкент теміржолы бойында — Түркістанда, Шымкентте, Әулиеатада және Петропавлда құрылады; III — Қызыл гвардияны жұмысшылардан әскери дружиналар құру кезеңі (1917 жылдың қазан-қараша); IV — (1917 жылдың желтоқсаны — 1919 жылдың сәуірі) — бүкіл Қазақстан бойынша Кеңес өкіметінің билігін нығайту және оны интервенттер мен ақгвардияшылардан қорғау үшін Қызыл гвардия отрядтарын құру кезеңі.

Қазақстанда құрылған Қызыл гвардия отрядтарындағы адам санын нақтылау қажет. Мысалы, А.С.Елагиннің пікірінше, Қызыл гвардия отрядтарындағы адам саны 1918 жылы: Әулиеатада — 280–300 адам, Ақтөбеде — 200–250, Петропавлда — 100–154, Семейде 250 адам болған. Жоғарыда аталған мақалада ол: «Сол жылдардың басылымдар деректерінде, кейбір Кеңестердің есептеуінше, Қызыл гвардиялықтардың естеліктерінде, мұражайлар мен мұрағат материалдарына қарасақ, жекелеген Қызыл гвардия отрядтарының адам саны туралы мағлұмат аламыз: Әулиеатада — 200–220, Ақтөбеде — 185–200, Петропавлда — 100, Семейде 250 адам», — деп келтіреді. Егер осы айтылған деректерге сенсек, Қызыл гвардияның адам саны 1917 жылдың желтоқсанынан 1918 жылдың көктеміне дейін өсе қоймағанын көрсетеді. Автор бұл жерде Қызыл гвардияның жекелеген отрядтарының бастапқы кезеңдегі цифрын ғана алған. Біз мұны А.С.Елагиннің Қазалы отрядында 1918 жылдың көктемінде 500 адам деп көрсеткен, ал И.Костовтың 100 адам деп көрсеткенін көреміз.

Т.Елеуов, С.Н.Покровский, А.С.Елагин, К.Нұрпейісовтің еңбектерінде партияның, жеке В.И.Ленин тарапынан большевиктік ұйымдар мен Батыс Сібір Кеңесінде көрсетілген көлемі жағынан аз, түрлі фактілер баяндалған. 1917 жылдың ақпан-қазан айлары аралығында революциялық қозғалыстар жайлы еңбегінде К.Нұрпейісов жергілікті жерлерде Қызыл гвардия шешімін қабылдаған Өскемен комитетіне басшылық жасаған Омбы өлкелік большевиктер комитеті мен III Батыс-Сібір Кеңестер съезінің ролі бөлек көрсетілді. Гвардия басшыларының ұлттық өлкедегі революциялық процестерге қатысты Л.Григорьевтің монографиясында кеңінен келтірілген [5].

Қызыл гвардия қатарына қазақ еңбекшілерінің тартылуы маңызды саясаттың бірі болып табылады. Тұңғыш рет Қызыл гвардияшыл қазақтардың 1917 жылдың күзінде Астрахан жұмысшы және солдат депутаттарының нұсқауымен Бөкей Ордасына жіберілгені В.И.Ворлаковтың естеліктерінде кездеседі. К.Нұрпейісов осындай отрядтардың Атбасар уезінде, Заречный және Семейде қазақ жұмысшы отрядтарының 1918 жылдың басында құрылғанын айтады. Бірақ бұл жерде толығырақ зерттеу жұмысы тоқтап қалған [6; 40].

1917 жылға қатысты көптеген құбылыстар мен естеліктерде ірі бай-феодалдардан шабындықтар мен жайылымдардың қару күшімен тартып алынғаны жайлы баяндалады. Мысалы, 1917 жылдың 4-

ші тамызында «Известия Петроградского Совета рабочих и солдатских депутатов» газеті: «Қырғыздардағы толқулар. Қырғыз даласындағы жағдай алаңдатарлықтай», — деп жазды [6; 147].

Осы аграрлық «тәртіпсіздіктерге» қатысушылар, топтың күрес мектебінен өткен қазақ кедейлері Қызыл гвардияның, кейінгі Қызыл Армияның резервіне айналды.

Зерттеушілердің міндеті ізденіс жұмыстарының аясын кеңейту, тыл оқиғаларының қамтитын мұрағат құжаттарын табу және қазақ жұмысшыларының революция жолындағы қарулы күресін сараптау болып табылады.

Бұл Қазан тарихын зерттеген барлығында дерлік Қостанайда 1917 жылдың 25 желтоқсанында большевиктер бастаған жұмысшылар мен солдаттар Балтық теңізшілерінің көмегімен Уақытша үкіметтің жергілікті органдарын құлатып, Кеңес өкіметін орнатады да Қызыл гвардияны құру ісіне кірісті. Мұнда Қызыл гвардияны құруды В.И.Лениннің қолы қойылған мандат алған В.М.Чекмарев бастаған Балтық теңізшілерінің азық-түлік отрядтары қолға алады. Ал басқа жерлерде Қызыл гвардия Кеңес өкіметін құрумен бірге жүргізілгенін көреміз. Мысалы, Әулиеатада, Шымкентте және тағы басқа.

С.Н.Покровский, Т.Елеуов, К.Нұрпейісов, А.С.Елагиннің және тағы басқалардың еңбектерінде жергілікті жерлерде Қызыл гвардия отрядтарының контрреволюциялық күштерін басу оқиғалары тосын баяндалады. Өкінішке орай, республиканың тыс жерлерінде басылған мұндай еңбектерде бүлікшілерді басу жөнінде ештеңе айтылмаған. Мысалы, Ю.И.Корабаевтің 18 желтоқсандағы қатысымен Халық Комиссарлар Кеңесі И.П.Подвойскийге күн сайын үкіметке жазбаша түрде Самара мен Орынборға әскери көмек шаралары жөнінде хабарлап тұру тапсырылды. Бұдан соң Петроградтан Оңтүстік Оралдағы жергілікті революциялық күштерге мичман С.Д.Павловтың басқаруымен құрамында 1500 солдат пен матрос бар «Северный летучий отряд» жіберілді.

Қазақтарға қарсы большевиктердің Челябинск әскери-революциялық Комитетінің төрағасы В.Н.Блюхердің бастауындағы отрядтар мен ағайынды Кадомцевтер мен А.М.Чеверов бастаған Оңтүстік Оралдың Қызыл гвардияшылары көмекке жіберілді. Орынбор бағытындағы Кеңес отрядтарының жалпы саны 3500 адамға жетіп, бронепоездар мен артиллерияның көмегіне сенді. Дутовтың әскерлері толық талқындалады. 18–31 қаңтарда Орынбор азат етіледі» [7; 131].

Сонымен, бір мезгілде оңтүстік-шығыстан, Ақтөбе жақтан, теміржол желісінің бойынан, ақ гвардияшыларға Ташкент, Перовск, Түркістан мен Қазалы Қызыл отрядтары бет алып, сокқы береді. Ал Орынбордағы жұмысшылар көтерілісін де ескерусіз қалдыруға болмайды. Бұл үлкен отрядтардың қозғалысына аса мән бермей-ақ та қоюға болар еді. Бірақ, шындығында, методологиялық жағынан келер болсақ, Кеңес өкіметін орнату ісін «жоғарғы» емес, «төменгі» халықтардың жүзеге асырғаны ақиқат. Сонымен, ақыр аяғында большевиктер партиясы ел ішіндегі барлық революциялық күштердің іс-әрекеттерін үйлестіруші күшке айналды. Алайда «Азамат соғысы және КСРО-дағы әскери интервенция» энциклопедиясында ақтарды талқандауға үлес қосқан Ә.Т.Жангелдиннің Уфа отрядымен Ташкент, Перовск, Қазалы, Әулиеата, Түркістан, Ақтөбе, Шалқар, Жосалы, Арал станциясының Қызыл гвардия отрядтарының әрекеттеріне толық талдау жасалмаған. Қазақстандағы Қызыл гвардия тарихын зерттеу ісі әзірге 1918 жылдың мәліметімен хроникалық негізде ғана шектелген. Бірақ Қызыл гвардия құру ісі Түркістанда бәрінен ұзағырақ жүргізіледі. 1919 жылдың 7-қазанында Түркістан басшылығының әскери Кеңесі Қызыл гвардияны тарату жөнінде шешім қабылдайды. Көпшілік отрядтар Қызыл Армия қатарына өтеді.

Қазақстандағы социалистік революцияның саяси армиясын зерттеуде солдаттар тақырыбы ерекше орындалады. Солдаттар мен тылдағы қазақтардың армияны большевиктендіру тарихы аз зерттелген. Бұл туралы барлық еңбектерде көрініс тапса да, әлі ешкім оның тарихи процестегі орнын кең көлемде баяндап бере алмаған.

Тұңғыш рет Қазақстан тарихнамасында солдаттардың өлкесінде Кеңес өкіметін құру ісіне тартылуына А.Оспанов өзінің жеке зерттеулерінде қалам тартты. Ол Қазақстандағы большевиктердің 13 полк, 26 жергілікті команда, 10 жеке қазақ жүздігі, 36,5 мың адамнан құралған жасақты әскери-ұйымдастырушылық жұмыстарын алға тартқан. Автор Қазан оқиғалары барысында Әулиеата, Перовск, Черняев, Қазалы, Орал, Гурьев, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Верный, Ақмола гарнизондарының революция жайлы шындығын атап өтеді.

А.Оспанов 1918 жылдың қаңтарында Ақтөбеде большевиктердің майданнан қайтқан солдаттар съезінің өткенін алғаш рет хабарлайды. Майданнан қайтқан 800 солдаттан тұратын «Орыс-мұсылман солдаттар ұйымы» мен Сергиопольге тыл жұмыстарына жіберілгендер туралы мәліметтер береді. Мысалы, 1905 жылы қазақ даласында пролетарлық интернационализм туын көтерген «Орыс-қырғыз

одағының» дәстүрі жалғасып жатқан еді. Зерттеуші верныйлық большевиктер мен әскери үкімет арасындағы қазақтарды өз жастарына тарту үшін күресінің мәнін ашуға ұмтылды.

Алайда А.Оспанов өзінің зерттеуінде гарнизондық солдаттардың Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуын бақылаумен ғана шектелген. Енбекте большевиктердің солдаттар арасында жүргізген үгіт-насихат жұмыстары тыс қалған. Автор тарапынан жұмысшылар мен солдат ұйымдарының байланыстарына мән берілмеген. Тылдағы гарнизон бөлімдеріндегі партия ұяшықтарының құрылуы жөнінде айтылмайды, солдаттар арасында жүргізілген революциялық жұмыстардың формалары мен әдістері, олардың аграрлық қозғалыстарға қатысуларының мәні ашылмаған. А.Оспанов солдат комитеттері жөнінде мәліметтер келтірмеген [1; 174].

Әрине, адам күшін мобилизациялау өлкелерде социалистік революцияның саяси армиясын құру проблемасына қатысты. Алайда зерттеушілер әлі де болжамды цифрларға иек артады. Олар далалық аймақтарда Түркістандағы мобилизациялаудың нақты масштабын, солдаттарды революция жағына тартудағы большевиктердің әскери-ұйымдастырушылық формасы мен әдістерін ашып бере алмайды. Бұл үшін Қазақстанның зерттеушілері патшалық Ресейдің, ең алдымен, Қазан, Омбы (Сібір) мен Түркістан әскери округтерінің мұрағаттарын алғандары жөн. Майданда (14 армияда) 1917 жылы 7185446 адам болған, оның 7 миллионы — солдаттар. Тыл округтерінің қосалқы бөліктерінде, Ставканың есебінше, 2265 мың адам болған. Далалық өлкеге қараған елдің еуропалық бөлігіндегі төрт губернияда (Орынбор, Уфа, Самара, Астрахан) әскерге (мобилизация) тұрғындардың 10,9 % алынған, ал Батыс Сібірдің екі губерниясы (Тобыл мен Томск) — 11,8 %. Далалық өлкелерде әскери-мобилизациялық — 5,6 %, яғни село тұрғындарымен салыстарғанда екі есеге кем жүргізілген. Соғысқа қарамастан, 1914–1916 жж. мобилизацияланғандар Далалық өлкелерде — 269,3 мың, Түркістанда 402,1 мың адамға жеткен. Оның ішінде Далалық өлке бойынша селолық жерлерден 213,9 мың адам болған. Соңғы цифрлар негізінен тұрғындардың тыл жұмыстарында мобилизациялық санын көрсетеді.

Империалистік соғыс патша саясатымен бірге тылдағы гарнизондар саны арта түсті. Оны мына көрсеткіштерден көруге болады [1; 176].

К е с т е

Тылдағы гарнизондардың көрсеткіші

Жылдар	1914	1915	1916	1917
Далалық өлке	14	25,3	31,4	36,2
Түркістан	20,2	36,6	45,3	62,1

Қазақстан мен Түркістан аумағында майдан даласына уақытша жіберілген әскери бөлімдер мен жазалау үшін жіберілген әскери күштер орналасады. Мысалы, 1916 жылдың 1-шілдесіне дейінгі санақ бойынша, яғни патшаның бұратана халықтарды тыл жұмыстарына тартуға дейін, Далалық өлкеде 198,3 мың адамдық армия бөлімдері болған екен, ал бір жылдан соң 286,5 мыңға жеткен. Түркістанда тиісінше 269,5 және 402,1 мың адам болған.

Ұлт-азаттық көтерілісті басу үшін патша қаруланған техникасы жақсы жабдықталған майдандағы әскери бөлімдерін жібереді. М.А.Фольбаумның атына 1916 жылдың 21 тамызында салған жеделхатында Н.А.Куропаткин: «Екі қазақтар полкі мен атты батальоны аттанды. Сіздің қарамағыңызға 35 рота, 24 жүздік, 240 атты барлаушылар, 16 зеңбірек, 47 пулемет болады», — деп жазады. Торғай облысы көтерілісшілерін басу үшін генерал Лаврентьев бастаған құрамында 10 жаяу әскер ротасы, 14 зеңбірек, 11 жүздік атты әскер эскадроны бар жазалау экспедициясы жіберілген. Қарашаның басында оған тағы 4 жаяу әскер ротасы, 2 атты әскер жүздігі, 4 зеңбірек пен 4 пулемет қосылды. 1916 жылғы қарашаның ортасына қарай тағы да қосымша 7 рота, 5 атты әскер жүздігі, 3 атты әскер эскадроны беріледі.

Бастапқыда бірінші тыл жұмыстарына 381065 адам тарту керек болатын. Қарудың күшімен үкімет ауылдардан 150 мың адам алып, тыл жұмыстарына жіберді.

Сонымен Қазақстанда революция армиясын мобилизациялау үшін 75 мың жұмысшы және майданнан қайтқан сарбаздар, офицерлер мен кіші офицерлер резерві (100–150 мыңнан астам) пайда болады, 36,2 мың гарнизон солдаттары, 150 мың жұмысшысынан қайтқан қазақтар мен 284,4 мың қосалқы полктар мен батальондар солдаттары, революциялық армияның маңызды бір резервін қазақ шаруалары мен крестьян-қоныс аударушылар құрайды.

П.Пахмурный мен В.Григорьев «өлкелердің әр түрлі аудандарында революциялық күрестің негізгі күшін, дегенмен, аз болса да және жеткілікті ұйымдастырылмаса да жұмысшы табы құрайды», — деп есептейді [3; 31].

Әскери ведомствоның пікірінше, бұратана халықтарда «Отанға деген орыстардай берілгендік жоқ» [3; 13]. Бұдан шығатын қорытынды біреу-ақ: оларды әскер қатарына алу қауіпті, қолына қару беріп, әскер ісіне үйрету өзімізге қарсы қарулы жауды қалыптастыру болып табылады. «Біздің міндетіміз, — дейді автор, — шеткі аймақтардағы халықтарды біздің құрылымда жан-жақты тарту болып табылады. Олардың өмір сүру дағдарысындағы айырмашылықтарды біртіндеп жою қажет. Одан аттап өтуге еш болмайды. Бұл-әскери құрылыс үшін де аса қажет».

Түркістандағы әскери құрылыс үлкен қиындықтармен іске асырылды. Ұлттық командалық құрамның кадрларының халық саны жөніндегі деректердің жоқтығы, жергілікті тұрғындардың ұлттық, тұрмыстық ерекшеліктерінің есепке алынбауы, жастардың білім деңгейінің төмендігі — осының бәрі кері әсер етеді.

Сонымен қатар М.Захаровтың Түркістанның басқа кеңес елдерінен кесіліп қалғаны, 1919 жылдың екінші жартысына дейін аз күштерімен ғана Кеңес өкіметін қорғағаны жөніндегі тезисімен де келісуге болмайды [3; 189].

Сыртқы әлемнен алыстап қалған алыстағы Түркістан Республикасында азамат соғысының оқшауланған ошағы жөнінде екі түрлі себептен ой қозғауға болады. Біріншіден, бұл проблеманы толық зерттеуден, материалдарды толық зерттеуден туып отыр. В.И.Лениннің өзі бастап Кеңес өкіметі Түркістанды интервенттер мен ішкі контрреволюциядан қорғаудың барлық шарасын қарастырған болатын. Екіншіден, Ресейдің бүкіл түпкір-түпкірлерінен өріс алған азамат соғысының оқиғаларына терең үңілмеу болып табылады.

Қолда бар әдебиеттерде Кеңес өкіметінің Қызыл гвардия отрядтарында ұлттық әскери құрамалар құрудың, оның ұлттық мәселелер жөніндегі шығарған декреттерімен сабақтастығы көрсетілмейді. Мысалы, 1917 жылдың 2 қарашасында шыққан «Ресей халықтарының қарулық декларациясында» Кеңес өкіметі барлық ұлттарға Қызыл Армияда қызмет ету құқығы мен мүмкіндігін береді.

Нақ осы ереженің негізінде социализмді қорғау ісін ұйымдастыруда ұлттар теңдігін сақтау үшін ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариаты 1917 жылдың 17 қарашасында демократияланған армияның әскери құрылымдары негізінде еркін ұлттық бөлімдер құруға рұқсат береді.

Ұлттық аудандарда Қызыл Армия бөлімдерінің құрылу тарихын зерттеу еңбектерінде ұлттық әскери құрылымдарды құру мақсаты мен оған деген Кеңес өкіметінің пролетариат диктатурасының мүддесі тарапынан көзқарасы туралы мәселелер қаралмайды.

Партияның Бүкілресейлік әскери ұйымдар конференциясында Ресей халықтарының ұлттық полктер құру мәселесі жөнінде қарар қабылдайды. Бірақ сонымен бір мезгілде ұлттық құрылымдардың буржуазиялық-ұлттық контрреволюцияның немесе буржуазиялық-ұлттық үкіметтің ұлыдержавалық саясатының қаруына айналып кету қауіпі де туындайды.

1918 жылдың 7 мамырында Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында ұлттық әскери бөлімдердің жекелеген ұлттар тұратын аумақтарда құрылуы мүмкін екендігі айтылады (Украина, Башкирия, Армения және т.б.). Әскери құрылымдар, оның ішінде ұлттық құрылымдар азамат соғысы жылдарында да, Ұлы Отан соғысы жылдарында да директивалық органдардың қатысуымен және рұқсатымен ғана құрылады [7; 189].

Зерттеушілер арасында ұлттық құрылымдарды құру сатылары жөнінде ортақ көзқарас жоқ. Қазақ ұлттық құрылымдардың және олардың жеке құрамдарының жалпы саны жөніндегі мәселе шешілмеген. 1949 жылы А.Нүсіпбеков 1920-жылдың аяқ кезіндегі Қазақстанда құрылған әскери бөлімдер жөніндегі деректер келтіреді, бұрынғы Жетісу мен Сырдария облыстарын есептегенде, 36 әскери бөлім болған екен (оның ішінде атты әскер — 17, артиллерия — 3, пулемет — 2, қосалқы атты әскер — 1, байланыс — 1).

Ю.Романов бұған елеулі түзетулер енгізді. Ол 1920-жылдың аяғында Кир әскери комиссариаты Бөкей, Орал, Торғай облыстарында 37 әскери және бөлімшелер құрған екен, оның ішінде 4 атты әскер, 2 атқыштар полкі, 9 жеке атты эскадрон, 2 атқыштар батальоны болған дейді.

С.Н.Покровский Жетісу мен Ақтөбеде майдан аймағында еңбекшілерді мобилизациялау ісін тұнғыш рет жинақтап көрсетті. Алайда автор бұл майданда әрекет еткен әскерлердің сапалық құрамын аша алмаған. Бұдан гөрі тереңірек талдау жұмысы А.Елагин жүргізе алған. Оның ойынша, 1918 жылдың мамырына дейін Қазақстан аумағында құрылған Қызыл Армия бөлімшелерінің жалпы саны 7 мың найза мен қылыштан санайды.

1920 жылдың мамыр айында большевиктердің Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің шешімімен армия қатары 19 бен 35 жас аралығындағы адамға толықтырылды. Бұл шақыру Түркістанның өзінде ғана 25 мың адамға толықтырылды.

Зерттеушілер бірауыздан бұл шақыруды табысты өткенін айтады. Негізінде, М.Захаровтың пікірінше, ол күткен нәтижеге қол жеткізбеді. Тұрғындардың комиссия құрамына алынбауы, әскери комиссариат аппаратының әлсіздігі, жергілікті жердегі Кеңес өкіметі органдарының бұл ісіне жеткілікті көңіл аудармауы, байлар мен жартылай феодалдардың үстемдігі, Түркістан майданының күш-қуатына кері әсер еткен басмашылар қозғалысы және басқа да жағдайлар, ол кездегі әскер қатарына шақырушылардың әскери қабілеті жоғары қаруға мүмкіндік бермеген.

Зерттеушілер С.Н.Покровский, К.Нұрпейісов, А.С.Елагин, Ю.И.Романов, П.М.Пахмурный, В.Н.Григорьев, М.Қ.Қозыбаев және басқалар жалпы алғанда Қазақстан халқының азамат соғысына нақты баға бере алды деп есептейміз.

Алайда жоғарыда алғашқылармен бірге мынадай Қазақ Әскери Комиссариатының тарихы, Қазақстанда өріс алған азамат соғысы майдандарда кеңестік қарулы күштерді нығайтудағы елдің пролетарлық орталығының рөлі, Қызыл Армия бөлімдерінде жұмысшы-шаруалар арасында жүргізілген саяси-көпшілік жұмыстары азамат соғысы жылдары өлкелер аумағында ағылшын-американ, француз, герман империалистерінің жаңа отарлау саясатының мәні; Қазан, Уфа, Омбы, Челябині, Новосібір, Ташкент мұрағаттарнан жаңа деректер тарту; зерттелетін проблемалар аясын кеңейту; азамат соғысы мен әскери интервенция жылдары Отанды, революция жеңістерін қорғаудағы халықтар күресінің интернационалдық сипат алуы секілді аса маңызды мәселелер әлі де терең зерттеу жұмыстарын күтіп тұр [1; 188]. Осыған байланысты азамат соғысының тарихнамасының ашылмай жатқан қырларының әлі де көп екені күмән туғызбайды. Өткен тарихқа кеңестік идеология көзқарасымен емес, нақты бүгінгі күн тұрғысынан шынайы баға беру жұмысы енді қолға алынғаны белгілі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қозыбаев М.К.* История и современность. — Алматы: Ғылым, 1991. — 235 б.
- 2 *Әлімғазин Қ.* Испарт және азамат соғысы // Қазақ тарихы. — 1997. — № 2.
- 3 *Пахмурный П.М., Григорьев В.* Октябрь в Казахстане. — Алма-Ата: Казахстан, 1978. — 308 с.
- 4 История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней: В 5 т. — Алма-Ата: Наука, 1979. — С. 32.
- 5 *Григорьев Л.* Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. — Алма-Ата: Ғылым, 1979. — С. 63.
- 6 *Оспанов А.* Участие солдатских масс в установлении Советской власти в Казахстане (февраль 1917 – март 1918). — Алма-Ата: Наука, 1963. — 160 с.
- 7 *Кораблев Ф.В.* В.И.Ленин и защита завоеваний Великого Октября. — Алма-Ата: Ғылым, 1979. — 196 с.

Ж.М.Мажитов, С.У.Жауымбаев

Историография гражданской войны в эпоху Советской власти

В статье рассматривается отечественная историография гражданской войны 1918–1920 гг., хронологические рамки ограничиваются советским периодом. Даются анализ и систематизация исторической литературы по обозначенной теме, выявляются основные проблемы. Авторы анализируют ключевые работы казахстанских историков и дают им оценку. В статье показаны также влияние февральской и Октябрьской революций в России на гражданскую войну, создание Красной Армии, вклад в годы войны рабочих и крестьян. На основании анализа трудов историков авторами собраны материалы о создании Советской власти и на сегодняшний день ведется поиск ответов на вопросы по теме гражданской войны.

J.M.Mazhitov, S.U.Zhauymbaev

Historiography of civil war in the Soviet power

The domestic historiography of the Civil war of 1918–1920 s is considered in this article, chronological frame is limited to the soviet period. On this the me author gives analysis and structure of bibliography and main problems. There is given analysis and systematization of historical literature of the marked theme, analysis and estimation of key works of Kazakhstan historians. There is also considered the affection of the February and October revolutions to the Civil war in Russia, formation of the Red Army, contribution of workers and peasants in the war time. Materials about the formation of the Soviet power were gathered on the base of works of historians, nowadays there is conducting research works to the problems of the civil war.

ӘОЖ 316.47: 28 (574)

А.Б.Сатанов, Қ.С.Өскембаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Халықаралық қатынастар шеңберіндегі Ислам және Қазақстан (2011 жылы Қазақстанның Ислам Конференциясы ұйымында төрағалық етуіне орай)

Мақалада халықаралық қатынастар шеңберіндегі Қазақстан Республикасының мұсылман елдерімен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және саяси байланыстары қарастырылды. Сонымен қатар бүгінгі таңда бүкіл әлем жағдайындағы, Орта Азия және мұсылман елдерін қамтыған әр түрлі келеңсіз және прогрессивті процестер жөнінде айтылды. Ислам дінінің Қазақстанның сыртқы саясатына, ішкі жағдайына ықпалы анықталды. Бұған қоса қазіргі таңдағы ислам дінінің өзекті мәселелері, мемлекет пен дін арасындағы өзара қатынастары қарастырылған. Мақалада зерттелінген мәселелерге қатысты шетелдік және отандық қайраткерлердің көзқарастары мен ойлары берілген.

Кілтті сөздер: Ислам Конференциясы ұйымы, ислам, конфессия, ұлтаралық келісім, конфессияаралық келісім, халықаралық қауіпсіздік бағдарламалары, секулярлы саясат, көпбағытты саясат, көпполүсті сыртқы саясат, көпвекторлы саясат.

Көп конфессиялы, көп ұлтты болғанына қарамастан, қазіргі ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен бейбітшілікті сақтап келе жатқан Қазақстанда ұлт мәселесі, ұлтаралық қатынастар, діни бірлестіктераралық төзімділік мәселелері мемлекеттік қана емес, халықаралық қауіпсіздік мәселесіне тікелей қатысты. Сонымен бірге қазіргі таңда діни бірлестіктердің конфессиялараралық жауапкершілігі мәселесі халықаралық қауіпсіздік бағдарламаларының сапынан елеулі орын алуда.

Қазақстанның діни саласы бойынша жүргізіп жатқан секулярлы саясат мемлекеттің сыртқы саясатында да көрініс тапты. Қазақстан әр түрлі халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады. Оның ішінде еуропалық (ЕҚЫҰ) және азиялық (ОЭС) ұйымдардың толыққұқылы мүшесі болып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бастап, республиканың көпбағытты, көпполүсті сыртқы саясаты бекітіліп, «Батыс пен Шығысқа бағдар алыну керек» деп жарияланды. Соның ішінде Елбасы

Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқына жолдауында: «Біз үшін мұсылман әлемі елдерімен халықаралық ынтымақтастық пен мәдени алмасулар құрылымдарына белсене қатысу мейлінше табиғи нәрсе. Біз сондай-ақ Ислам және Араб Шығысы елдерінің көпшілігімен өзара тиімді және өзара байытатын екі жақты қарым-қатынастарды белсене дамытып келеміз», — деп атап көрсеткен болатын [1; 200].

Халықаралық қатынастарда көпвекторлы саясатты ұстанған Қазақстан 1995 жылы Біріккен Ислам Конференциясының (БИК) мүшесі болып аталынды [2; 1]. Сыртқы саясаттағы бұл қадам идеологиялық емес, прагматикалық ұмтылыстарға байланысты жасалынды. Жалпы Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) 1969 жылы құрылды [3; 1]. Мақсаты — әлеуметтік, экономикалық, саяси салаларда ислам елдерінің ынтымақтастығын қамтамасыз ету, отарлау мен нәсілшілдікке қарсы күрес, Палестинаны азат ету ұйымына қолдау көрсету болып табылады. Бүгінде ИКҰ-ға 57 мемлекет мүше. Ұйымның қысқаша қағидалары: тұтастай теңдік, әр халықтың өзін-өзі айқындай құқығына құрметпен қарау, ішкі ісіне араласпау, мемлекеттердің егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын құрметтеу, ИКҰ-ға мүше елдер арасында туындаған проблемалық мәселелерді келіссөздер арқылы бейбіт жолмен шешу т.б. Бұл ұйыммен арадағы қарым-қатынас БИК-ның құрамында қызмет атқарып жүрген Ислам даму банкының қаржылай көмек көрсетудің шеңберінде экономикалық сипат алды. Ислам конференциясы ұйымының Бас хатшысы Абдулвахид Белкезиз Қазақстанның осы мұсылман қауымдастығының беделді ұйымына мүше болып қабылдануына орай: «Қазақстан өзінің табиғи, экономикалық, мәдени және интеллектуалдық әлеуетімен, салиқалы ішкі және сыртқы саясатымен мұсылман халықтарының, ислам қауымдастығының қазынасына енген аса бағалы үлес болып табылады», — деген еді [2; 1]. Қазақстан мұсылман қоғамдастығында серпінді экономикасы және әлемдік аренадағы мықты ұстанымы бар күшті де тұрақты өңірлік держава ретінде қабылданады. Мұсылман елдері Қазақстан басшылығының барлық ішкі және сыртқы саяси акцияларына қолдау білдіріп келеді. Мәселен, 2000 жылғы Дохадағы ИКҰ-ның IX саммитінде және 2002 жылғы Хартумдағы ИКҰ СІМК-нің 29-Кеңесінде Қазақстанның Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөнінде Кеңес шақыру туралы бастамасын қолдау тұрғысында қарар қабылданды. ИКҰ СІМК-тің 34-сессиясында (Пәкістан, 2007 ж. мамыр) Қазақстанның Мұсылман әлемі мен Батыстың арасындағы үндестік орнату және осы тұрғыда 2008 жылы Қазақстан министрлер деңгейіндегі форум шақыру жөніндегі ұсынысы қабыл болды.

ИКҰ-ға мүше елдер Сыртқы істер министрлері Кеңесінің 2006 жылы Бакуде өткен 33-сессиясында қатысушылар өркениеттердің үнқатысуы жөнінде Бүкіләлемдік декларация туралы қарар мақұлдады. Онда Қазақстан Президентінің Әлемдік және дәстүрлі лидерлер съезін шақыру жөніндегі бастамасын қолдау туралы жеке тармақ болып енгізілген. Қазақстанның ИКҰ жұмысына толыққанды қатысуы мен еліміздің мұсылман қоғамдастығындағы оң имиджі қарым-қатынастарды одан әрі нығайта тусуде маңызды алғышарт. Бүгінгі күні Қазақстан 1,5 миллиардтық мұсылман әлемінде үлкен беделге ие бола бастады. Бұл орайда ИКҰ Бас Хатшысы, Түркия өкілі Э.Ихсаноглының 2007 жылдың қыркүйегінде Қазақстанға ресми сапармен келіп қайтқаны дәлел. Сол сапарында ол: «Қазақстанның ИКҰ жұмысына қатысуы ұйымның әлемдегі рөлінің одан әрі нығайуына және мұсылман әлемі мемлекеттерінің арасындағы көпқырлы байланыстардың дамуына оң ықпал етеді», — деген сөздерді айтқан болатын [3; 1].

Ал Э.Ихсаноглының Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа жолдаған ризашылық хатында: «Сіздің шебер басшылығыңыздың арқасындағы Қазақстанның даму деңгейі мен серпіні мені үлкен әсерге бөледі. Қазақстанның мұсылман әлемі мен Батыс арасындағы үнқатысуды дамытуға бағытталған көзқарас деңгейі мен ұстанымы да тек мадақтауға лайық», — деді [3; 1].

ИКҰ-ның шеңберінде Қазақстан Мысыр, Малайзия, Оман, Сенегал, Филиппин, Иран, Ирак, Түркия, Палестина, Марокко, Катар, Сауд Арабиясы, Индонезия, Иордания сияқты т.б. да мұсылман елдерімен халықаралық қарым-қатынастар жүргізіп жатыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз өзіміздің сыртқы саясатымызда барлық мемлекеттермен, оның ішінде мұсылман әлемі, түркі дүниесімен де белсенді ынтымақтастықты қамтамасыз етуді көздейміз. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң мұсылман әлемі Қазақстан мемлекетінің нығайып өркендеуіне саяси жағынан болсын, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан болсын елеулі көмек көрсетті. Қазақстанның сыртқы саяси бастамалары мұсылман әлемі және түркі дүниесі тарапынан әрдайым қолдау тауып келеді. 1995 жылдан бастап Ислам Конференциясы Ұйымының мүшесі ретінде Қазақстан мұсылман мемлекеттері мен ұйымдары ұсынған жәрдемді, еліміздің стратегиялық

маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларын, Астана қаласының дамуын қаржыландыруға жаратты», — деп атап көрсетті [1; 198].

Дегенмен, діни фактор республиканың жүргізіп жатқан сыртқы саясатында өзіндік жанама ықпалын тигізіп жатыр. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның «ислам әлеміне» жататын шетелдік елдермен қарым-қатынаста көрініс тапты. Ислам мен оның символикасы сол елдердің әр түрлі әлеуметтік-саяси салалары мен халықаралық қатынастарда дәстүрлі көрініске ие болып келеді. Бұл Қазақстанның мұсылман елдерімен байланыстарда өз ықпалын тигізді. Қоғам ішіндегі діни өмірге тікелей қатысты құбылыстар ресми мемлекетаралық келіссөздер мен келісімдердің талқыланған мәселелеріне айналды. Мәселен, 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Мысыр еліне алғашқы ресми сапары кезінде Мысыр жағы бір топ қазақ студенттерін Әл-Азхар университетіне оқуға жіберілуін және Алматы қаласында Ислам діни орталығының салынуына 10 млн. долл. көлемінде қаржылай көмек көрсетуге ұсыныс жасады [4]. Бұл тұрғыда кейбір зерттеушілер бір конфессияға ғана қатысты діни кешенді салғанша, бірнеше мәдениеттер, оның ішінде ежелгі мысыр, христиан (копттық), ислам, тағы басқа мәдениеттер үшін өркениет негізі болып табылатын Араб мәдениетіне байланысты орталықтың салынуы — Қазақстанның көпконфессиялы саясаты үшін өте тиімді қадам болушы еді деген пікірлер білдіріп жатыр.

Біздің уақытымыз қарама-қайшылықтарға толы заманның ықпалында болып отырғаны анық. Бір жағынан, орталықтандырылған әрекеттерге сай күштердің жүйеленуі белсенді түрде — діни, мәдени, интеллектуалдық, экономикалық, саяси бірлестіктер, халықаралық конгрестер, форумдар, кездесулер кеңеюде. Әлемді мекендеген халықтардың басым көпшілігінің өзара түсіністікке ұмтылыстары арта түсуде. Екінші жағынан, өз бетінше жекешеленген тұрпаттағы ыдыратушы күштер — фанатизмдік, сепаратистік, экстремистік, террористік, шектелушілік белсенділіктерін жетілдіре түсуде.

«Терроризм» термині ғасырлар тереңіне кететін түсінік болғанмен, бұл сөздің ұғымдық тұрпаты өткен ғасырдың 90-жылдары ғана біздің тілімізге енді. Шешен жауынгерлерінің Ресей территориясында жүргізген бірнеше террористік актілерінен кейін, оған экстремизм деген тіркес қосылды. Терроризм мен экстремизм Орта Азия халықтарының арасында, біріншіден, сыртқы ақпараттық әрекеттердің әсерінен, екіншіден, діни біліктіліктің төмендігінің салдарынан оған діни өң беру түпкілікті түрде қалыптасып үлгерді. Соған орай, көптеген жағдайларда терроризм мен экстремизм мұсылмандық қозғалыстардың мүшелеріне қатысты жиі қолданылады. Мәселен, Өзбекстанның мұсылмандық қозғалысы мүшелерін «діни экстремистер» деп атау дағдыға айналған. Кашмирлік, филиппиндік, палестиналық, шешендік террористер мен экстремистер, сонымен бірге ұйғыр сепаратистерінің іс-әрекеттерін исламдық фактор анықтайды деген ұғым саналық қалыптасып үлгерді. АҚШ-та 11-қыркүйекте болған террористік актілерді ұйымдастырушылары мен орындаушыларын да көпшілік ислам террористері деп тікелей атай бастаған.

Бірақ терроризм мен экстремизмнің ислам дініне ешқандай қатысы жоқ. Мәселен, терроризм — жеке тұлғалардың немесе ұйымдасқан топтардың, тұрғындардың нақтылы топтарына немесе мемлекеттік органдарға заңды түрде шешілуге мүмкіндік болмаған жағдайда қысым көрсету арқылы өз мақсаттарына жету үшін саналы түрде қолданылатын, бірақ ешқандай әскери мақсатсыз күш көрсету. Экстремизм өз алдына анықтамалық нұсқауларда қалыптасқан қоғамдық нормалар мен мемлекеттік ережелерге қатысты радикалды түрде терістеу арқылы әрекет жасайтын топтар мен немесе жеке тұлғалар ісі ретінде қарастырылады [5]. Жоғарыда түсінік берілген екі ұғым — терроризм мен экстремизмнің исламға ешқандай қатысы жоқ. Өйткені «Ислам» сөзінің өзі араб тіліндегі «салам», «тыныштық», «бейбітшілік» деген ұғымдарды білдіреді. Алланың 99 атының бірі ас-Салам (бейбітшілік) болып табылады. Мұсылмандар бір-бірімен жүздескен кезде «ас-саләму-ғалайкум» (сізге тыныштық, амандық, бейбітшілік тілеймін) дейді. Сонымен қатар Құранда «дінде ешқандай зорлық жоқ» деп жарияланды [6]. Ислам дінінде терроризм, экстремизм немесе қысым көрсету, зорлық жасау, тағы басқа адам өміріне қарсы, қоғамға қауіп төндіретін әрекеттер мен түсініктер кездеспейді. Әрі мұсылман діні басқа да дәстүрлі әлемдік діндер сияқты адамдарды тек жақсылық жасауға шақыратын дін болып табылады. Көптеген тілдерге аударылып, айтулы ғалымдар мен мамандар тарапынан жоғары баға алған Елбасымыздың «Сындарлы он жыл» атты кітабында «әлемдегі лаңкестіктің түпкі себебі дамудың теңсіздігінде жатыр» деп атап көрсетілген. Н.Ә.Назарбаев діннің бөлуші, іріткі салушы емес, керісінше, елдің етегін жабар ұйытқы, мемлекетті дағдарыстардан құтқарар, халықты рухани бірлікке шақыратын фактор екенін алға тартады. Соның ішінде, әсіресе, халқымыздың құндылықтарының бастауы болған ислам діні туралы Президентіміз: «Бәрінен бұрын, біз үшін Ислам — өзімізді-өзіміз таныта алудың мүмкіндігі. Қазақ халқының басқа

діни тәубе етушілікке құрметпен қарауы, олар үшін діни экстремизмді жүзеге асыру былай тұрсын, ол туралы жұрт көзінше сөз етудің өзіне тыйым салатын тиімді тосқауыл болып табылады», — деп атап көрсетті [7; 100]. Расында, ислам діни басқа да дәстүрлі діндер сияқты ізгіліктің өзегі болғандықтан, имандылық адамзат баласына парасат пен пайымды, кешірім мен келісімді, шапағат пен мейірімді, қанағат пен рахымды, білім алу мен еңбек етуді насихаттайды. 2003 жылы қыркүйек айында Астана қаласында өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I Құрылтайының Декларациясында және Қазақстан Президенті құрылтайдың жабылу рәсімінде сөйлеген сөзінде бас қосудың мақсатын айқындай отырып, былай деген еді: «Біз экстремизмнің, сепаратизмнің, лаңкестіктің және дін үшін деп күш қолданудың басқа да формаларының діннің шынайы ұғымымен ешқандай ортақтығы жоқ деген және олар адамзат үшін қатер болып табылады деген пікірге келдік»[8].

Алайда бүкіл діндердің негізінде сенім мен сүйіспеншілік, мейірім мен махаббат жатыр деп белгілеу жеткілікті емес, қазіргі заманда діндерарасы деп атап жүрген соғыстар және дін атын жамылып төзімсіздік, қысым көрсету, әділетсіздік, қақтығыстарға немесе келіспеушіліктерге үгіттейтін жат пиғыл құбылыстар мен миссионерлерді байқамай жүруге болмайды. Бұны Н.Ә.Назарбаев та айтады: «Қазірдің өзінде Орталық-Азия аймаққа халықаралық экстремистік және террористік топтар ықпалының тарай бастауы біздің аймақ үшін де айқын қауіп-қатер болып отыр», — деп бүгінгі күні Қазақстанның конфессияаралық, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық үшін қауіп төндіретін мейлінше өзекті мәселені көтереді [7; 90]. Шынында да, Қазақстан рухани дәстүр мен ата-бабалардың қалдырған рухани мұраларды жаңғырту жолында игілікті процесс туралы сөз қозғағанда, қалай дегенмен, экстремизмге, радикализмге, терроризмге негіз беретін, шетел діни ағымдардың пайда болуы сияқты жағымсыз процестер туралы да айту керек. Алайда Н.Ә.Назарбаевтың ойын жалғастыра отырып: «Біздің елдің мұсылман қауымы мен дін басылары мемлекет ұстанымдарын жоғары бағалайды және жұртшылықтың басым көпшілігі дәстүрлі исламдағы суннит жолын ұстанушылар», — деп айтады [7; 103]. Сол себептен діннің атын жамылған жағымсыз құбылыстарға қарсы күрес ету тетіктерін қалыптастыру керек. Президенттің мәлімдеуінше бұл бітімгершілікке саяды. Яғни, экстремистер, радикалистер, террористер белсенділігін басу үшін белгілі бір іс-шаралар ұйымдастыру керек. Бітімгершілік дегеніміз — шиеленісті мүлде болдыртпайтын немесе болу мүмкіндігін сейілтетін алдын алу шараларының тұтас жүйесі. Сонымен қатар Елбасымыз республикамызға қауіп төндіретін жағымсыз құбылыстарға қарсы күресудің бірқатар жолдарын атап өтеді: «Ең алдымен, ақпараттық саясат әлемдік діндерді бейбітшілік пен адалдықтың бастау ретінде ұғым қалыптастыратын діни тәрбие элементтерін өз мазмұнына енгізуі тиіс» [7; 103]. Екіншіден, «жағымсыз құбылыстарға қарсы континентаралық, мемлекетаралық бірлестік құрудың қажеттілігі мен мүмкіндігін атап өткен жөн» [7; 108]. Үшіншіден, «Құранда жазылған ислам ілімі мен негізгі қағидаларының шынайы мәніне бойлау және оны дінге сенушілердің жан-жүрегіне тиімді де әсерлі жеткізу исламның өзі және оның тарихы туралы айқын түсінігі бар, шығармашыл зиялылар мен дінбасылар жүзеге асыруға тиіс» [7; 104]. Ең соңында, «діни ұйымдар мен қайырымдылық қорлардың қызметін тексеріп отыруға және экстремистік топтардың бой көрсетуінің алдын алуға бағытталған, полицейлік бақылау шараларын қолдану арқылы жүргізілетін «дәстүрлі профилактика» одан әрі жалғасын табуы керек. Әрине, негізгі назар экстремистердің аймақтық және халықаралық қозғалысымен күреске аударылуы тиіс» деп белгіледі [7; 107].

Еліміздің белгілі ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Құралай Байзақованың ойынша, терроризммен күресте диалог өте маңызды. Өйткені терроризмді тек қана соғыс алаңында ғана емес, үстел үстінде дипломатия жолымен шешуге де болады [9]. Бұл тұрғыда экстремизмге, терроризмге, радикализмге қарсы мемлекетаралық, халықаралық, тіпті континентаралық деңгейлерде бірлесе күресудің маңызы ерекше.

Бүгінгі күні Қазақстан антитеррористік, антиэкстремистік қызметін аймақтық деңгейде Орталық Азияда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ұжымдық қауіпсіздік келісім сияқты саяси құрылымдармен бірлесе, ал Оңтүстік Азия мен Таяу Шығыс дағдарысты өңірлерде АӨСШК негізінде іс-әрекет атқарылып жатыр.

Адамдардың дінді дұрыс түсініп, бағалай алмауы, әсіресе Азия мемлекеттерінде білімді адамдар үлесінің аз болуы әр түрлі қарама-қайшылықтарға алып келеді. Соның қатарында діни терроризм де бар. Жоғарыда атап өткендей, терроризмді қажет етіп немесе талап етіп жатқан діннің өзі емес, оны шығарып жатқан адамдар болып табылады. Адамдар діннің атын жамылып, әр түрлі террористік,

экстремистік әрекеттерді жүзеге асырып жатыр. Сондай діни террористік топтардың арасында «әл-Каида», Ливанның шиит топтарын ұйымдастырған «Хез болла», «Хамас», «әл-Джихад-әл-Ислами», тағы басқалар бар.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының сегізінші сессиясында (2001) сөйлеген сөзінде ислам дінін терроризмнен айыра білудің қажеттігін атап көрсетті [1; 124]. АҚШ Президенті болған Дж.Буш 2001 жылы 11 қыркүйектегі оқиға кезінде, терроризмнің ислам дініне еш қатысы жоқ екендігін мойындады [1; 124].

2001 жылы қазан айында Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан қалаларында (Түркістан мен Кентауда) «Хизб-ут-Тахрир» атынан үндеу хаттар таратылды, сол жылы қараша айында Алматыда аталған ұйымның үш мүшесі ұсталды. Аталған партия мүшелері тарапынан 2001 жылы қазан-қараша айларында және 2002 жылдың сәуірінде антиамерикалық және антисемиттік мазмұндағы парақшалар тарату фактілері байқалынды [1; 126]. Сонымен қатар тергеу барысында олардан қару-жарақ, жарылғыш құрылғылар және антиконституциялық мазмұндағы парақшалар тәркелінді.

«Хизб-ут-Тахрир» ұйымы өз қызметін идеологиялық күрес, идеологиялық төңкеріс, билікті өз қолдарына алу сынды үш бағытта жүргізеді. Кейінгі жылдары мұсылмандар арасында жік салатын пікірлер мен ұстанымдар көрініс беруде. Алайда діни фанатизм, лаңкестік, пікір төзімсіздігі шын мәнінде ислам дініне өте жат құбылыстар.

Мемлекетімізде «әл-Каида», «Мұсылман бауырлары», «Талибан», «Лашкар», «Тайба», «Бозқұрт», «Өзбекстан ислам қозғалысы» және т.б. лаңкестік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған.

Қазір дінді өз пайдасына қарай бұрмалап, ислами нанымдарды шатастырушылар көптеп кездеседі. Тәуелсіз Қазақстанның елдік-имандылық тұтастығына іріткі салуын жалғастырып келе жатқан жат ағымдар пайда болды. Исламның атын жамылып, «Таблиғи жамағат», «зікірші-исматуллашылар», уахабистер, сүлейменшілер ұлттық біртұтастығымызға іріткі салуда.

Бүгінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарамайтын 232 мешіт пен 97 мұсылман діни бірлестіктері жеке жұмыс істейді [10]. Олардың кейбіреулерінің жеке меншігіндегі мешіттері мен медреселері бар. Сонда не болып, қандай уағыздар мен насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр? Бұл мәселені тез арада қолға алу керек. Еліміздегі діни бірлікті өте мықты ұстау қажет. Өйткені діни бірліктің негізінде ұлттық бірлік қалыптасады.

Қазіргі таңда үлкен мәселенің бірі — діни радикализм. Оған қарсы күрестің бірден бір пәрменді құралы — діни ағартушылық жұмыстарын көтеру, діни үгіт-насихатты пәрменді жүргізу. Өз дінің және басқа халықтардың дінін жетік білген адам ешқашан да экстремистердің қолшоқпары болып, олардың қатарына ілікпейтіні белгілі. Әрине, діни радикализм, экстремизм мен фундаментализмге қарсы күрес жүргізген кезде Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын, ар-ождан бостандығын бұзуға, дінге сенушілердің сезімдерін қорлауға жол берілмеуі тиіс және мемлекетіміздің шет елдерімен қарым-қатынастарына, сыртқы саясат сахнасындағы абыройы мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуі жөн. Қазақстан Республикасы Конституциясында: «Республиканың конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», — деп көрсетілген [11]. Адамның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған радикализм, экстремизм мен фундаментализм деген ұғымдар тек демократияға қарсы құбылыстар ғана емес, олар шынайы ислам дініне де жат болып келеді. Өйткені ислам — гуманистік дін, оның басты құндылықтарының бірі — адамның өмірі деп танылады.

Бұл заңдылықтар мен үйлесімділіктердің негізінде, Шәкәрімнің ойынша, жаратушы жатыр. Осыдан келіп ол XIX–XX ғасырларда дүниенің түпкі бастамасы туралы сұрақта адамзат баласының санасына үстемдік еткен Дарвин ілімін сынға алады. Адам маймылдан жаратылды деп, дүниенің бастамасын меңіреу табиғатқа апарып телитін Дарвиннің ілімін Шәкәрім қабыл алған жоқ. Осы жерде бір назар аударарлық жағдай, Шәкәрімнің Дарвиннің ілімін терең зерттегендігі. Ол Дарвиннің көзқарастарының бастауының қайдан шыққандығы туралы бұрын-соңды көп айтылып келмеген ойға барады. Шәкәрімнің ойынша, Дарвин ешқандай жаңалықтың иесі емес, ол көне грек ойшылы Маиен деген адамның «таяғын ұстап жүр». Яғни дарвинизмнің бастауы сонау көне грек ойшылдарында жатқандығын ғылыми тұрғыдан зерттеп білу Шәкәрімнің қаншалықты терең ізденгендігін аңғартса керек. Шәкәрім Дарвиннің эволюциялық теориясын сынап келе, «егер Дарвин мен Маиеннің сөзі дұрыс болса, ол өсімдіктер де бірінен-бірі туып өзгерген болып табылады. Меніңше, жылқы мен есектен қашар туса да, екі жылқыдан қашар тумайды. Бұл сөзімнің қорытындысы тәмам барлықтың ата-анасы бір екені рас. Сонан туып өзгеріп жатқаны да рас. Бірақ ұқсасы, бәрі бірінен-бірі туып өзгергені жоқ. Жаратылған себептердің ыңғайына қарай біріне-бірі ұқсас, не ұқсаңқырап, не тіпті ұқсамай жаралып жатыр. Бұл сөзді маймылдан туғанға арланып айтып отырғаным жоқ, қайта жаманнан жақсы туғанға қуанатын орным бар. Бұл кезде бүкіл Еуропа мойындап отырған сияқты Дарвин сөзіне қарсы дау айтқаным арысша ғылым оқыған жастар тексермей, үстірт қарап, мені сөгуі мүмкін. Оларға айтатыным: Дарвиннің нәсіл туралы, сайлап жоғарылау туралы айтқан сөздеріне сын жазған Германия ғалымы Дидвар Дортманның дарвинизм туралы жазған кітабын оқып, Дарвин мен Дидварды салыстырып салмақтап, сонан соң мені сөгулерің қашпас деймін», — деп өзінің дарвинизмге қатысты әдебиеттерді меңгеріп, олардан дәйек тапқанын да білдіріп өтеді [2; 42, 43]. Шәкәрім дарвинизм және оған қатысты сыни әдебиеттерді де салмақтағандығын айқын аңғартады.

«Үш анықтағы» қай қорытындысы болса да, Еуропа ғалымдарының таласты сөздерімен қатысты екендігін Шәкәрім өз трактатында айта кетуді ұмытпаған.

Дүниенің себептілік заңына аса назар аударған ойшыл «Үш анықта» мәшиненің жасаған нәрселерін айтып, оған себеп болған адамның қолы екендігін, адамның қолын мәшинеге жүргізген оның ақылы екендігін, ал ақылдың себебі жаратушы екенін айта келе, өзінің себептілік туралы идеясын осындай мысалдармен сабақтайды. Шәкәрім жаратылыстану ғылымдарындағы заттардың қатты, сұйық және газдар деп үш түрлі күйі жайындағы қағидалармен таныс болып, ол турасында мысал келтіріп, «Үш анықтың» «Жану мен шіру» деген бөлімінде осы көзқарасқа баса назар аударып, дүниедегі бар заттар ешқашан жоғалмайды, тек түрін өзгертіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді дейді. Бұл әлемнің зат алмасуының заңдылығы турасында:

*Шымды жерде көресіз қара топырақ,
Шіріген шөп, тозаңнан болған құрақ.
Егер оған дым тиіп, күн жылытса,
Жан кіріп, шөп шығады гүл-жапырақ.
Өлген шөптің күлі еді тозған тозаң
Онан тағы не шықты, байқа бірақ.
Әлемде жоғалатын ешбір зат жоқ,
Өзгеріп, түрленеді, ойла, шырақ [1; 200], —*

деп ой түйген.

Барлық заттар, Шәкәрімнің ойынша, осы қайта айналыс жолымен түр ауыстырып, бір күйден екіншіге өтеді. Яғни, ойшылдың тілімен айтсақ, «барлықтың ішінде бар болып жүреді». Жоғалатын зат жоқ дейді. Жану мен шірудің мақсаты бір. Екеуі де заттардың құрауын шешеді. Бірақ жануда бұл тезірек іске асады дейді Шәкәрім. Шәкәрімнің «Үш анықтағы» көтерген мәселелері оның өлеңдерінде де жауап ретінде айтылып отырады. «Үш анықтың» қара сөзбен жазылса, Шәкәрім жырлары оның өлеңмен жазылған нұсқасы сияқты ма деп кейде ойға қаласың. Ол «Үш анықтағы» көзқарастарын үнемі өлеңмен де жазып қалдырған ғой.

*Ей жастар, қалай дейсің бұл дүние?
Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?
Білімсіз мақсұтсыздан шыққан болса,
Мақсұт, білім, ой шықты мұнан неге?
Керексіз жаратылған бір тозаңы жоқ,
Тәртіпті, таң қаларлық зор мәшине.
Алыстан іздемей-ақ, ойласаңыз,
Көру үшін жаралған көзіңіз де.
Себебі толымдының ісі толық
Ең түпкі жаратушы — мінсіз ие.
Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,
Есті, мінсіз — шебердің ісі емес пе? [1; 201].*

Міне, осылайша түпкі жаратушыны анық деп Шәкәрім оған ғылым арқылы, сау ақылмен көз жеткізген. «Біз естінің ақлын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі бізді осындай болмақ салған түп жаратушының білім, құдірет шеберлігінде», — дейді Шәкәрім [2; 37]. Осылайша түпкі жаратушыны анық деп таныған Шәкәрімнің тапқан анықтары бұнымен шектелмейді.

«Үш анықтағы» Шәкәрім көтерген ең басты келесі сұрақтардың бірі — ол жан туралы. Жан өледі ме, денеден шыққаннан кейін жан әрі қарай өмір сүреді ме? деген мәселе Шәкәрімнің шығармашылығындағы ең көп айтылатын, тіпті оның дүниетанымын құрайтын түсініктердің бірі болып саналады. Шәкәрім жан туралы өте көп айтқан. Шәкәрімнің «Үш анықтағы» екінші анық деп отырғаны осы жанмен байланысты. Жанның ажалсыздығы, оның дене деп аталатын киімін тастаған соң да өмір сүретіндігі, мәңгілігі Шәкәрім көрсеткен анықтардың бірі болып саналды.

Шәкәрімнің ойынша, адамның барлық рухани қасиеттері жаннан шығады. Сондықтан адамның жаны өледі ме, жоқ па соны анықтау — «Үш анықтағы» басты мәселе. Барлық заттардың «қайта айналыс жолымен» «барлықтың ішінде бар болып жүретіндігі» тәрізді Шәкәрім жанның да өлетіндігіне еш дәлел жоқ дейді. Бұған байланысты ойшыл «Үш анықта» төмендегідей ой білдіреді: «Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса, бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді. Мен бұл араға шейін жанның бірінен-бірі артылатын қасиеттерін бөліп анықтап айтпай, бәрін де жан деп келдім. Жан әр түрге түседі. Мәселен, инстинкт — сезімді жан, сознание — аңғарлық жан, мысль — ойлайтын жан, ум — ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады. Бұлай әр түрлі болуы, менің ойымша, дене бітіміне, себептеріне қарай болады. Дене әр түрге түскен сияқты жан да өсіп, өніп, жоғарылайды» [2; 39]. Осылайша Шәкәрім жанның әр түрлі болатындығына да тоқталған.

Жанның ажалсыздығы бұл Шәкәрімге дейін басқа ежелгі мәдениеттерден талай айтылып келгендігін біз білеміз. Шәкәрім жанның ажалсыздығы туралы ой қозғағанда ол ежелгі мәдениеттер мен діндердегі пікірлерге сүйенбейді, оны дәлел ретінде алға тартпайды, олардың онсызда белгілі және баршаға аян екенін жақсы түсінген тәрізді. Шәкәрім жанның ажалсыздығы туралы мәселеде

XIX ғасыр, Еуропадағы спиритизм, магнетизм, телепатия ілімдерінің көзқарасын алға тартып, бұл мәселеде жаңа дерек көздерін іздегенін байқатады. Яғни бұл мәселеге өз заманы тұрғысынан қарайды. «Жан жоқ деушілерге қарсы дәлел қылынып тұрған магнетизм, спиритизм, телепатия, фахризм, лунатизм, түс сияқтыны көбірек жаздым. Оны көп жазғаным қызықты ертегі айту емес, әр түрінен біреуін көрсетпекпін», — деп Шәкәрім «Үш анықта» ол жайында да айтып өткен [2; 39]. Сонымен, жанның мәңгілік өмірі жайындағы идеялар Шәкәрімді айтарлықтай дәрежеде өте қатты қызықтырған.

*Келдім қайдан, нетсем пайдам?
Өлгеннен соң не болам?
Мен деген жан — ақыл, айнама,
Жоғалам ма сол шын-ақ? —*

деп Шәкәрім бұл сұрақтардың айналасында өмір бойы ізденіс жасаған.

Шәкәрім ойының өзіне дейінгі жан туралы көзқарастардан ерекшеленген тұсы ол жанның бір денеден екінші денеге көшіп жүретіндігін қабыл алмауы болды. Бұл жайында ол: «Жан туралы тағы бір ой бар. Ол су суға, топырақ топыраққа қосылып кеткендей жан-жануарларға қосылып, араласып, әбден былжыр сияқтанған соң ол жан өзге жандардан қайтып айырылып шыға алады, дегенмен мұны саяз ойлағандық деймін. Себебі жанның бар екеніне жаннан шыққан ерік, талап, ой, мақсат, сезім, білім арқылы көзіміз жетсе де. Оның денелерге қосылып кетуіне ешбір дәлелім жоқ», — деп жазды [2; 40]. Шәкәрімнің ойынша, жан дене тәрізді бір бұзылып, бір түзелмей, бірте-бірте жоғарылап, келесі айналыста мұнан да зор қасиетке ие болады.

XX ғасыр басында Шәкәрімнің бұл сұрақтарды ғылыми тұрғыдан көтеруі ерекше құбылыс болды дер едік. XX ғасыр батыс ғылымы мен өркениетінің затшылдық ғылым жолында шарықтап дамып, шырқау шегіне жеткен кезеңінде, қазақ ойшылы Шәкәрімнің жан туралы сұрақты ең негізгі философиялық мәселе деңгейіне көтеруінде мән бар. Өйткені батыс ғылымы дүниенің болмысы жайында онтологиялық пікірлерде көбінесе дарвинизмге сүйеніп, біржақтылық танытқан еді. Біз де кешегі кеңес дәуірінде ата-бабамыз, шыққан тегіміз маймыл деп сол ілімдерге санамызды құл қылып келмедік пе. Бұл әлі де бар құбылыс. Дүниені затшылдық тұрғыдан түсіндіру руханилықтың тұралап қалуына жол ашқанын енді айқын байқап отырған жайымыз бар. Шәкәрім Еуропаны білімді жұрт, бірақ айуандықтан шыққан жоқ, ол да мүлде деп тектен-тек сынға алмаған ғой. Айуандықтың негізгі көрінісі XX ғасыр әлем халықтарының, әсіресе Еуропа халықтарында қоғамдық қатынастардың қозғаушы күші, рухани емес материалдық құндылықтар болуында жатыр емес пе? Тіптен әлі күнге дейін әлем халықтарын жаһандастыруға, белгілі бір іс-қимылға баруға итермелейтін күш осы материалдық құндылықтар болып отыр. XX ғасырда да әлемде болған қанқұйлы соғыстардың түп негізінде материалдық байлық жатқан болатын. Жанын ойламай, тәнін ойлаудан шыққан қақтығыстар, зұлымдықтар қаншама адамдардың өміріне бақытсыздық, қауіп-қатер әкелді. Жанды кім ойлайды? Жан үшін қажет қоғамды кім құрады? Бұл туралы ойланғанда Шәкәрімнің сол қауіпті ертерек аңғарғандығына көз жеткіземіз.

Мысалы, көне грек мәдениетінде тәрбиенің екі түрі: бірі — гимнастикалық, екіншісі — мусикалық болған. Гимнастика бұл тәнге арналған тәрбие, ал мусика — бұл жанды тәрбиелеу. Немесе қазақ халқының бесік жыры, балаға ертегі айту дәстүрінің адамның жас күнінен жанын тәрбиелеуге бағытталғандығын көреміз. Ал өркениетті қоғамда бұл іске асып отыр ма? Мәселе сонда болып тұр. Сондықтан Шәкәрімнің XX ғасыр басында жан мәселесін аса маңызды мәселе ретінде көтеруі айтулы маңызға ие емес пе?

Жоғарыда айтқан жан мәселесіне затшылдық тұрғыдан қарауды Шәкәрім дұрыс деп танымаған. Оларды Шәкәрім пәншілдер дейді.

*Қасыңа қылыш қайтарқан,
Досыңа гүлдей жайнатқан,
Ерік пен талап, ой беріп,
Ойыңды сөзбен сайратқан
Жан емес дейді «білгіштер».
Осыған нанған есерлер,
Ойы кем, сөзге шешендер,
Ақылмен жанды тексермей,
Денешіл, пәншіл кеселдер
Дәлелсіз сөзбен ілгіштер [1; 226].*

Жан бұл адамға ғана тән емес, ол дүниедегі барлық заттарға тән. Оларды жаратып тұрған жан дейді Шәкәрім. Оның ойынша, «Жел мен су, тас, топырақ, шөп пен ағаш, ғаламда не бар болса бәрі жанды» [1; 98]. Бірақ осы дүниедегілердің бәрінің жаны бірдей емес. Олар әр түрлі. Жанның әлдісі, әлсізі бар, ең күшті жан адамда. Жан туралы сұрақтың затшылдық ғылымда ескерусіз қалуы дүниеге дене көзімен қараудан деп білді Шәкәрім.

*Жан жолдан қосылды деп, пән де дін де,
Ақылды байлап қойған соған мүлде.
Ең басты зат жаны бар ақылды зат,
Оны ойлаған адам жоқ осы күнде.
Бар нәрсе жоғалмайды, өзгереді,
Жан жоғалмас деп ойла, соны біл де.
Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас,
Терең ойлап, сөзімді құлаққа іл де [1; 139].*

Бұнда Шәкәрім жанның жоғалмастығын, жанның тәнге ие екендігін, тәннің алдында жанның басымдылығын айтып, өз ұстанымын анық аңғартып отыр емес пе.

*Жан — қожса, тән дегенің — жанның құлы,
Нәпсі неге білмеген бұрын мұны.
Ойлашы жан тапты ма, тән тапты ма
Жоғарғы кереметті неше қилы?
Тән — терезе, қарайтын жан — иесі,
Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыны.
«Жолдан шыққан жан жолда жоғалар», — деп,
Сандырақтап айтқанмен, жоқ дәлелі,
Дәлелсіз сөз — соққан жел, ұшқан тозаң,
Таза ақылдың алдында жоқ қой құны [1; 139].*

Жан жоқ деушілерге қаратып айтқан Шәкәрім сөзі осындай. Дәлелінді айт деп отыр. Шәкәрім пәндер жүйесіндегі жанды зерттейтін ғылым психологияны да бұл мәселеде сынға алып өткен.

*Тіршілік — жоғалатын жан сипаты,
Жаным жоқ деп болады масқара адам.
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,
Не демес ойы жетпей сасқан адам.
Жанының бастан барын байқамапты,
Психология ғылымын ашқан адам [1; 138, 139].*

Жанды дене түйсіктері арқылы зерттеуге тырысқан психология ғылымының әдісін Шәкәрім дәрменсіз деп таныған. Бірақ психологияның қазіргі парапсихология деген тармағына бұл пікірдің қатысы жоқ дер едік. Жан мәселесі туралы сұрақта Шәкәрім француз ойшылы Огюст Конттің позитивизмін де сынға алады. Себебі Конт адамның жан дүниесі туралы сұрақты сырып қойып затшылдық жолындағы жаратылыстану ғылымын асыра дәріптеген болатын. Шынымен Еуропадағы позитивизм затшылдық ғылымға сүйеніп, олардың танымдық ізденісі адамды тануға емес, табиғатты тануға бағытталған еді.

*...Ойменен тапқан бұлдыр деп,
Дене мен пәнге байлаған
Баяғы Конттың сөзі еді.
Жаңаны көрсе жүгірген,
Ақылдан мүлде түңілген,
Осыдан дұрыс жол жоқ деп,
Бұл улы судай сімірген
Дененің соқыр көзі еді, —*

деп, Шәкәрім Конттың ілімінің сыңаржақтығын сынға алады. Ондағы басты ой жан туралы ойламаған затшылдық ғылымның алға шығуын сынға алу болатын. Шәкәрімнің позитивизмге сыни көзқарастары туралы мәселеге келесі бөлімдерде арнайы тоқталатын боламыз.

Сонымен, Шәкәрімнің ойынша, жан өлмейді, ол да тән тәрізді өзіне азық қажет етеді. Жан — тәннің қожайыны, тән өлсе, шіріп басқа түрге ауысады, ал жанның заты — ғарыштан. Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы Шәкәрім көрсеткен екінші анық.

Дүниенің түпкі мақсаттылығы, ондағы жанның жаратылысы туралы біршама қорытындыға келген Шәкәрім үшін адам туралы ендігі айтылар ой өзі анықталған тәрізді. Дүние мақсатсыз емес, өмір мен тіршілік те мақсатсыз емес, барлығының барар жері, мақсатты шешімі бар. Бұндай тұжырымдарға жоғарыдағы анықтар арқылы көз жеткізген Шәкәрім үшін «жан» өте нәзік ұғым. Ол — барлық тіршілік атаулының көзі. Ол — дененің иесі. Денені жаратушы осы — жан. Жан денеге келеді, денеден кетеді. Жанның пәни кеңістігі мен бақилық уақытты жалғастыратындығын алдыңғы бөлімдерде айтып өткенбіз. Осы екі жақта да жанға керек азық, Шәкәрімнің ойынша, ол — ұждан. «Ұжданның неге екі дүние де қатысы бар?» деген сұраққа жауапты Шәкәрімнің өзінен іздеп көрсек, «Мен ұждан қайдан шығып тұр десем, оған жауап жоқ сияқты. Меніңше, совесть — жанның тілегі. Неге десеңіз, жан жоғалмайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, толық мінез, ой істер керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть — ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Мәселен, атым қалсын, пәленше мені сондай кісі деп халық мені жақсы көрсін деген болады. Онан басқа жоруы жоқ. Себебі, ол совестің иесі жан жоқ, артқы өмір жоқ деп отырса, соқыр табиғаттың жансыз жаратқан бір машинасы совесімен іс қылды не, қылмады не?» — деп жазды [2; 41].

Шәкәрім ұжданды үш қасиет құрайды деп санаған. Ол — әділет, мейірім, ынсап. Шәкәрім жан туралы өзінің концептуалды идеясына, анығына көз жеткізгеннен кейін жанға екі дүниеге де керек азық — ұждан деген қорытындыға келген. Бұл «Үш анықтағы» қорытынды ой. Шәкәрімнің үшінші анығының да шешуі осы — ұждан деген дұрыс. Шәкәрімнің ұсынған концептуалды идеясы — үш анық арқылы оның ар білімі турасындағы көзқарастары қалыптасты. Ар білімінің қажеттілігін, маңызын түсіну үшін осы үш анықтың бір-бірімен байланысты екендігіне көз жеткізіп, оны терең ұғынып алған жөн. Ар білімі туралы көзқарас Шәкәрімнің концептуалды жүйесі — үш анық арқылы қол жеткізген қорытынды, адам туралы тоқтамы дер едік. Үш анық имани білімге, ар біліміне жол ашты. Ар білімі, имани білім илләхи махаббатқа апаратын жол іспетті. Ол — тіршілікте таза болу, адам баласына қылдай қиянат жасамай, баратын шын үйдің қамын ойлау.

*Жаныңа қызық жалғанда,
Неменең қалды арманда.
Бұл жалғанда не серік,
Тәңірі алдына барғанда*

немесе

*Несін сүй, несін сүйме ерік өзіңде,
Нәпсің де ақылың да тұр көзіңде.
Сынау үшін жаратқан бір Иең бар,
Тексерілмей қалмайсың бір кезінде, —*

деп Шәкәрім бабамыз Тәңір алдындағы дұрыс жол ар-ұждан деп ашық айтқан. «Ұждан-совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай ұждан-совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек» деп ұждан жайындағы ойын Шәкәрім осылайша түйіндейді [2; 43]. Шәкәрімнің ар біліміне байланысты концептуалды көзқарастарының бірі «өлген жан өміріне нана алмай ұждан, жанға екі өміргеде бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды» деген ойында жатыр. Шынымен де адамның жүрегін тазартуда кез келген ғылым саласының, өнердің, заңның дәрменсіз екендігін ойласақ, оған қол жеткізуде Шәкәрім көрсеткен ар білімінің маңызының қаншалықты екендігін аңғарар едік. Сондықтан да ұждан Шәкәрім үшін ғылымнан да, өнерден де, білімнен де жоғары тұратын, адамшылыққа тән бірден-бір болмыстық қасиет, үшінші анық болып саналады.

*Сыртқы сөзің шын болса,
Ішің толған жың болса,
Жүрегіңде мін болса,
Айтқан сөзің ем емес.
Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар,
Қиянатсыз надандар,
Әулиеден кем емес, —*

дейді данышпан Шәкәрім.

Ұждансыз адам басқа қасиеттердің барлығын зұлымдыққа пайдалануы мүмкін. Ұждан тек адамдарға бұл тіршілік кеңістігінде ғана қажет емес, адам ұжданға сай өмір сүру арқылы бақидың алдында да өзінің таза болмысын ақтап ала алады. Шәкәрімнің ұжданды екі дүниеге бірдей қажет азық дейтіндігі осыдан.

*...Есің барда елің тап,
Барғанда кірер жерің тап.
Жаратқанның құлысың,
Жағатұғын ебін тап.
...Жалаңдамай сөне қал,
Алла ісіне көне қал.
Бәрінің дәмін таттың зой,
У ішкендей өле қал! [1; 84].*

Адамға ең пайдалы іс — дүниеге салқынқандылық таныту. Олай болмаса нәпсінің қызуы жанды күйдіріп, одан шығу қиын болмақ. «У ішкендей өле қалдың» мәні осында жатса керек. Шәкәрім дүниеге деген құмарлығыңды сөндіріп, баратын жағыңды ойла, жаратқан иеңе жағатұғын ебін тап, ол үшін ардың жолында бол деп отыр.

*...Жоқ, шырағым! Жанымыз жоғалмайды,
Екі өмірдің азығы — осы ұждан!
Әйтпес оған бұл өмір төлеу емес,
Төлеуі: түпсіз рахат, тозбас заман.
Ар, ынсаптың пайдасын жан сезеді,
Өлген соң бәйге аларын біліп тұрған.
Ақ жүрек, адал ниетті бола алмайды,
Ұжданның бұл сырына шын нанбаған [1; 203].*

Адамшылықтың ең басты белгісі ретінде ұжданды атаған Шәкәрім ұжданға осылай баға берген. Алдыңғы жақты ойлау адамға өз жаны үшін керек. Әйтпесе дін үшін немесе өзінді әдепті көрсету үшін емес. Ұжданның мақсаты шын, жарқын болашақты қамтиды. Шәкәрімнің ар білімінің мақсаты — ішкі тазалыққа жету арқылы хақтықты тануға жол ашу. «Үш анықты» зерделеу арқылы біз осындай ойларға көз жеткіздік. Үш анық дегеніміз — осы болса керек. Шәкәрім өзі көтерген сұрақтарды зерделеуде ғылымның зор қиын жолынан өту қажеттігін аңғарта отырып, «кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық», — дей келе, «әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы — ұждан, совесть, деумен еш кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі, үш анық дегенім осы», — деп «Үш анық» трактатын қорытындылайды [2; 44]. Шәкәрім үш аныққа аз уақыттың ішінде қол жеткізбеген. «Үш анық» оның ғұмыр бойғы ізденісінің, қасықпен жылым ашыған еңбегінің, сау ақылының қол жеткізген дүниетанымдық көкжиегі дер едік. Жоғары да біз атап көрсеткендей, Шәкәрімнің өзі де жаратушы бар, жанда өлген соң бір түрлі тіршілік бар, екі өмірдің керекті азығы — осы ұждан, үш анық дегенім осы деп ой қорытып отыр. Бұл біздің үш анық деп атап көрсеткен анықтарға нақты дәйек боларлық түйіндер емес пе. Шәкәрімнің «Үш анықта» айтар ойы осы. Бұл қазақ философиясындағы Шәкәрім қалыптастырған концептуалды идея дер едік. «Үш анық» тұтастай алғанда Шәкәрімнің ойшыл ретіндегі даналық дүниетанымының философиялық жүйесі іспетті десе де болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер). — Алматы: Жазушы, 1988. — 339 б.
- 2 *Құдайбердіұлы Ш.* Үш анық // Әлем. — № 1. — Алматы, 1991.

Б.К.Рақымжанов

Философская система Шакарима

В статье рассматриваются проблемы, поднятые казахским мыслителем Шакаримом Кудайбердиевым в его произведении «Три истины». Через призму взаимосвязи разрешенных проблем в данном произведении автор статьи отмечает систематичность некоторых из них в мировоззрении мыслителя. И именно через эту взаимосвязь автор осмысляет мировоззрение Шакарима как целостную структуру, систему. Также через обсуждение философской системы мыслителя автор привлекает внимание к некоторым положениям религии в современном мире. Обсуждается мнение об истинной вере, о субстанции в философском творчестве Шакарима; осмысливаются особенность и содержание данной проблемы в современном мире.

B.K.Rakymzhanov

Philosophical system of Shakarim

The author pays great attention to considered problems by kazakh scholar Shakarym Kudaiberdiev in his work which is called «Three truths» in given article which is named «Philosophical system of Shakarym». The author of this article is indicated to systematic some questions in scholar's world outlook through prism's interconnection of solved problems in given work. The author is comprehended scholar's world outlook as whole structure, system through only this interconnection. Also the author pays attention to some positions of religion in modern world through discussion of scholar's philosophical system. Opinion about veritable belief is discussed in philosophical creative work's Shakarym. Pecularity and content of given problem is comprehended in modern world.

УДК 159.9:316.356.2

О.Н.Пенчук, Г.Б.Капбасова

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

О проблеме рефлексии родительского отношения

В статье рассмотрена поливариативность понятия детско-родительских отношений, дана характеристика современному состоянию проблемы детско-родительских отношений и степени её разработанности в психологии. Предложен новый взгляд на проблему успешного родительства и эффективности детско-родительских отношений через призму их рефлексии как способа и средства развития личности. Рассмотрены основные методологические подходы к исследованию детско-родительских отношений в контексте их рефлексии родителем. Рефлексия показана авторами как важная детерминанта качества детско-родительских отношений. Авторами очерчены дальнейшие перспективы исследования рефлексии родительского отношения.

Ключевые слова: детско-родительские отношения, психология, человеческие отношения, семейные отношения, подструктуры семейных отношений, ребенок, родитель, мать, отец, семейная жизнь.

Детско-родительским отношениям в психологической литературе уделяется значительное внимание. Несмотря на достаточно длительный срок исследования этой сферы человеческих отношений (со времён З.Фрейда), интерес к ней не утихает и в наши дни, и будет являться предметом повышенного интереса, по всей видимости, пока будут существовать сами эти отношения, а значит, и само человечество.

Само понятие «детско-родительские отношения», на наш взгляд, не имеет однозначного определения. Наиболее широкий и часто употребляемый вариант — как подструктуры семейных отношений, включающей в себя взаимосвязанные, но неравнозначные отношения родителей к ребенку — родительское (материнское и отцовское) отношение и ребенка — к родителям. Зачастую термин «детско-родительские отношения» является синонимом «родительских отношений». К примеру, одна из наиболее популярных в этой сфере методик — PARI (parental attitude research instrument) амери-

канских авторов Е.С.Шеффер и Р.К.Белла, предназначенная для изучения отношения родителей к разным сторонам семейной жизни, чаще всего встречается под названием «Диагностика детско-родительских отношений». Тем не менее в большинстве исследований, посвящённых изучению отношений родителей и детей с позиции родителя, используется понятие «родительские отношения». Также следует отметить, что большее количество исследований, как и большее число диагностического инструментария, направлено на изучение детско-родительских отношений именно с позиции родителя, т.е. «родительских отношений». Другая же сторона (ребенок-родитель) в детско-родительских отношениях находит недостаточно полное освещение в психологии. Можно найти в психологической литературе и понимание детско-родительских отношений как избирательной в эмоциональном и оценочном плане психологической связи ребенка с каждым из родителей, выражающейся в переживаниях, действиях, реакциях, обусловленной возрастными психологическими особенностями детей, культурными моделями поведения и собственной жизненной историей и определяющей особенности восприятия ребенком родителей и способ общения с ними. Как мы видим, под понятием «детско-родительские отношения» могут подразумеваться как отношения в системе «ребёнок-родитель», так и отношения в этой системе с позиции родителя и с позиции ребёнка.

Актуальность исследования детско-родительских отношений подкрепляется на сегодняшний день существующей статистикой: более чем в 50 % семей отмечается нарушение детско-родительских взаимоотношений [1]. Причиной таких негативных тенденций можно считать изменения, происходящие в общественных отношениях. На сегодняшний день ценность материнства уменьшается на фоне роста ценностей карьеры, улучшения материального благосостояния. Кроме того, происходит разрыв межпоколенных связей, теряются традиции передачи опыта детско-родительского взаимодействия, а также уменьшается количество детей в семье, что также негативно сказывается на формировании родительской компетентности. В целом можно отметить, что современные детско-родительские отношения характеризуются сложностью и общей тенденцией на уровне социума к пренебрежению родительскими обязанностями, что подчёркивает актуальность исследования проблемы взаимоотношений взрослых и детей в семье.

Несмотря на то, что мимо проблемы детско-родительских отношений не прошло ни одно из крупных психологических направлений — психоанализ (З.Фрейд, Э.Эриксон, Э.Фромм, Д.Винникот, Э.Берн и др.), бихевиоризм (Дж. Уотсон, Б.Скиннер, Р.Сирс, А.Бандура и др.), гуманистическая психология (Т.Гордон, К.Роджерс, Дж. Байярд, В.Сатир и др.), которые рассматривали эти взаимоотношения как основополагающие для развития личности ребёнка, — на сегодняшний день можно отметить значительное преобладание практики над теоретическими исследованиями в этой области. Существует огромный практический клинический опыт, наработанный психотерапевтами и психологами — Э.Г.Эйдемиллером, А.В.Захаровым, А.Я.Варгой, А.С.Спиваковской и другими. Большинство исследователей отмечают также несопоставимо большую разработанность проблемы детско-родительских отношений в западной психологии, нежели на территории постсоветского пространства. К настоящему моменту опубликовано более 800 исследований на тему детско-родительских отношений в зарубежной психологии [2]. В отечественных же исследованиях, коих в разы меньше, используются в основном термины западной психологии. И уж тем более не существует теории, которая могла бы претендовать на всеобъемлющее системное видение данной категории отношений, что, так же как и отрыв от практики, отражает состояние психологической науки в целом.

Интересна ещё одна тенденция в исследовании детско-родительских отношений: значительная часть работ ориентирована в большей степени на фиксацию различных форм отклонений в родительском отношении, чем на определение нормальных, здоровых отношений родителя и ребёнка. То же самое можно сказать и о наиболее популярных в изучении этой проблемы методиках (методики PARI Е.Шеффер и Р.Белла, ОРО — А.Я.Варги, В.В.Столина, АСВ Э.Г.Эйдемиллера, В.Юстикис, «Рисунок семьи»). Это и неудивительно, так как авторы методик диагностики детско-родительских отношений по большей части клинические психологи и психотерапевты.

В целом можно отметить, что на сегодняшний день не существует отвечающей современным требованиям концепции детско-родительских отношений, использующей терминологический аппарат, понятия которого характеризовали бы детско-родительскую систему в целом, а не с точки зрения отдельных позиций. Теоретические положения такой теории должны опираться на принцип системной детерминации, вскрывать саму сущность данных отношений, их качественную специфику, т.е. необходимо осмысление детско-родительских отношений с более высокой ступени научного зна-

ния — с позиции философского обобщения. В современной психологии, переживающей глобальное отставание теории от практики, необходимость такой теории просто очевидна.

Современные исследователи, стремясь избежать недоработки, ощутимые в этой области психологического познания, работают над созданием системного, интегративного подхода к пониманию детско-родительских отношений. Интерес представляет теоретическое обобщение наиболее известных подходов к исследованию данной темы, выполненных Е.О.Смирновой, М.В.Быковой. Они отмечают двойственную и противоречивую позицию родителя по отношению к ребёнку — безусловная любовь и оценка личности ребёнка в соответствии с требованиями, предъявляемыми жизнью в социуме. Авторы обозначили эти два вида отношений, свойственных межличностным отношениям вообще, как безусловный компонент (личностно-целостный, где другой является самооценной, целостной личностью) и условный (предметно-частичный, где ребёнок выступает как предмет сравнения и оценки) [3]. Г.Г.Семенова-Полях в своей диссертационной работе решает задачу выделения и научного обоснования таких обобщенных параметров детско-родительских отношений, которые, являясь основанием для систематизации уже существующих типологий детско-родительских отношений, могли бы стать универсальными для его анализа в разные возрастные периоды развития ребенка и для субъектов, включенных в эти отношения [4].

На настоящий момент достаточно разработанными в психологической литературе аспектами детско-родительских отношений являются: родительские представления и установки, родительские позиции, эмоциональное отношение родителей к ребёнку, родительские забота, контроль и требования, стили воспитания и установки на воспитание у родителей, стратегии родительства, родительские чувства, родительская ответственность, семейные роли и др. Показано, что родительские отношения зависят от культурного контекста, социально-экономического статуса, собственного детского опыта родителей, складываются во многом под влиянием модели прародительской семьи, испытывают на себе значительное влияние личностных особенностей родителей и качества супружеских отношений и удовлетворённостью браком. Кроме того, отмечается, что родительские отношения носят достаточно устойчивый характер и базируются на представлениях, сформированных в первые годы жизни ребёнка. Е.О.Смирновой выделены специфические особенности детско-родительских отношений: непрерывность и длительность отношений во времени; сильная эмоциональная значимость как для родителя, так и для ребёнка; амбивалентность в отношениях родителя и ребенка — например, забота о ребёнке и предоставление ему самостоятельности; изменение детско-родительских отношений с возрастом ребенка и неизбежном отделении ребенка от родителей [3].

Несмотря на то, что не существует, как подчёркивает А.С.Спиваковская, абсолютного идеала, нормы в воспитательной деятельности, так как отношения в системе ребёнок–родитель всегда неповторимы и индивидуальны, основные «правила» для родителей — это любовь и независимость. Родительская любовь, являясь гарантом эмоционального благополучия, и предоставление ребёнку самостоятельности в границах, соответствующих возрасту, создают ребёнку базисные условия для благополучной самореализации [5]. Рисуя портрет успешного родителя, можно заметить, что не существует каких-то специфических качеств, являющихся залогом эффективности именно в сфере детско-родительских отношений. Успешный родитель — это, прежде всего, зрелая личность (имеется в виду личностная зрелость), вступая во взаимодействие с которой и «присваивая» её себе, ребёнок получает прекрасную возможность стать, в свою очередь, также личностно-зрелым человеком. Развитая форма родительства характеризуется относительной устойчивостью, стабильностью и реализуется в согласованности представлений супругов о родительстве, комплиментарности динамических проявлений родительства [6].

Важной детерминантой качества детско-родительских отношений, на наш взгляд, является такая характеристика личностной зрелости, как рефлексия на свой духовный облик. Эталон сформировавшейся личности, существующий в общественном сознании, предполагает определенный уровень развития сознания человека, его оценок и суждений, регулирования им своих актов и действий, отношения к различным сторонам действительности (природной и социальной) [7].

Многие авторы подчёркивали роль рефлексии детско-родительских отношений для их эффективности. Так, А.С.Спиваковская, изучающая родительские позиции, подчёркивала, что то, какая именно родительская позиция реализуется во взаимодействии с ребенком, зависит прежде всего от соотношений между осознаваемыми и неосознаваемыми мотивационными тенденциями. Родительская позиция может быть осознаваемой, когда отношения и взаимодействие с ребенком оторефлексированы родителем, или неосознаваемой, когда взаимодействие родителя с ребенком подчинено влия-

нию неосознаваемой мотивации родителя. Низкий уровень родительской рефлексии, как полагает Е.А.Савина, не позволяет родителю адекватно оценить ситуацию и действовать с учётом возрастных и личностных черт ребёнка, что оказывает патогенное влияние на развитие личности ребёнка [2].

Рассматривая основные методологические подходы к исследованию детско-родительских отношений, можно отметить, что в большинстве выделяемых подходов (функциональном, структурном и феноменологическом) так или иначе затрагивалась проблема рефлексии родительского отношения, пусть даже и не являясь предметом исследования. Так, в структурном подходе к исследованию детско-родительских отношений (В.Д.Шадриков, В.И.Степанский, А.К.Осницкий), рассматривающем их как совокупность устойчивых семейных связей, обеспечивающих их целостность при различных внешних и внутренних изменениях, признаётся, что качество семейного взаимодействия и детского воспитания зависит, прежде всего, от осознанности родителями своих педагогических воздействий на ребенка (В.Н.Дружинин, В.В.Бойко, А.И.Антонов, Р.В.Овчарова и др.). Основное направление исследования в рамках данного подхода сконцентрировано на поиске таких индивидуально-личностных особенностей родителей, которые будут способствовать сознательному выстраиванию гармоничных детско-родительских отношений и собственного стиля воспитания ребёнка в семье.

Феноменологический подход, направленный на раскрытие сущности детско-родительских отношений и осмысление их роли в жизни человека, на наш взгляд, позволяет проникнуть в самую сущность этих отношений. В исследованиях, выполненных в рамках этого подхода, обнаружено, что формирование родительства является результатом индивидуального осмысления того влияния, которое оказывает выполнение данной роли на жизнедеятельность человека, его развитие и отношения с другими людьми, что вынуждает его искать или конструировать собственные ценностно-смысловые ориентации в семейной, репродуктивной и родительской деятельности. Здесь постулируется, что истинно родителем человек становится в момент понимания смысла собственного существования в данном качестве [8].

Как мы видим, процессы рефлексии, осознания, осмысления слиты, их невозможно отделить друг от друга. Отрефлексировать что-то — это значит «пережить», «пропустить через свой внутренний мир» или «оценить». Следовательно, способность к рефлексии позволяет человеку формировать образы и смыслы действий, отбирая эффективные и отсеивая неэффективные. С помощью рефлексии человек управляет собственной активностью в соответствии с личностными смыслами и ценностями, осмысляет прошлое и предвосхищает будущее.

Анализируя понятие рефлексии в различных подходах к её пониманию в психологии (Д.Холмс, Т.Ньюком и Ч.Кули, С.Л.Рубинштейна, Г.М.Андреева, Л.Д.Демина, И.С.Ладенко, В.А.Лефевр, Г.П.Щедровицкий, А.В.Карпов и др.), можно сделать обобщение: рефлексия — это способность человека взглянуть на себя со стороны, проанализировать и осмыслить свои действия и поступки, а при необходимости реорганизовать их. В.В.Знаков рассматривает способность и склонность субъекта к рефлексии, сознательному самоанализу в качестве когнитивной составляющей самопонимания. Другой составляющей самопонимания является, согласно автору, экзистенциальная, не являющаяся рациональной и воплощающаяся в смыслах и приобщении к разнообразным ценностям [9]. В.В.Знаков подчёркивает, что рост рефлексии ценностных и смысловых аспектов мира человека отражает современное постнеклассическое понимание человеческого бытия. По А.В.Карпову, «рефлексия является такой синтетической психической реальностью, которая может выступать (и реально выступает) и как психический процесс, и как психическое свойство, и как психическое состояние одновременно, но не сводится ни к одному из них» [10]. По С.Л.Рубинштейну, рефлексия — это способ бытия, существования человека в мире. Рефлексия — это способность человека занять позицию вне, т.е. выйти за пределы собственной системы. Рефлексия — это механизм, благодаря которому система обретает способность к самоорганизации. Можно ли рассматривать рефлексиию как исключительно положительное качество? В западной психологии обсуждается вопрос о том, не отражает ли рефлексия отрицательные личностные характеристики — склонность к самокопанию, застревание на собственных проблемах, основанное на недоверии к себе. Но большинство психологов всё же полагают, что осознание своего внутреннего мира, внимание к своим мыслям и чувствам у нормальных людей способствуют адекватной адаптации к социальной действительности [11]. В психотерапевтической практике также распространено мнение, что клиенты, характеризующиеся как рефлексивные и стремящиеся к самосовершенствованию, в общении с психотерапевтом обнаруживают более глубокий уровень самопонимания паттернов межличностных отношений. Таким образом, можно заключить, что чем бо-

лее развиты рефлексивные способности, тем больше рефлексивных моделей, тем больше возможностей для развития и саморазвития обретает личность [12].

В работах современных российских психологов подчёркивается многозначность проявления рефлексии, описываются её разновидности. По временному критерию выделяют ситуативную, или текущую, рефлексию (способность сознавать себя по мере совершения своего бытия), ретроспективную, или историческую (осознание своего прошлого), и перспективную, или проспективную (обращённость рефлексии к ещё не наступившему событию) рефлексию [10, 13]. По содержательному критерию (тому, на что конкретно направлена рефлексия) выделяют два вида рефлексии: интеллектуальная (интеллектуальные акты, познавательные стратегии, предметные действия); личностная (эмоциональные состояния, ценности, моральные нормы, убеждения, мотивы, намерения, образ «Я» и т.д.). В психологической литературе также встречается выделение личностного (исследование субъектом самого себя) и социального (проявляющегося в коммуникации и совместной деятельности) видов рефлексии. У А.В.Карпова эти виды рефлексии рассматриваются как типы рефлексии по критерию направленности — интрапсихическая и интерпсихическая.

